2 «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ», «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗҒАНАСЫН АНЫҚТАУ

Бұл бөлімде үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспары негізінде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерін оқу кезінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар берілген.

Педагогтерді білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін құралдар мен әдістермен қамтамасыз ету үшін білім берудің әртүрлі деңгейлерінде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих», «Құқық негіздері» пәндерін зерделеу кезінде осы сауаттылықты дамыту үшін практикалық ұсынымдар ұсынылады. Бұл ұсыныстарға рухани-адамгершілік қасиеттерді, жеке өзін-өзі дамыту дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту кіреді. Сонымен қатар, мұғалімдерге оқу процесіне тиімді әсер

етуге, білім алушылардың белсенді қатысуына және олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негізделген құралдар мен әдістемелерді ұсынады.

5-6-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін оқу кезінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

5-сынып білім алушылары алғаш рет «тарих» пәнін оқи бастайды, сондықтан өткен тарихқа деген қызығушылықты тәрбиелеу маңызды.

Оқыту кезінде білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескеру, олардың ақпаратты қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін ескеру маңызды.

5-6-сыныптарда негізгі тарихи ұғымдар туралы түсінік қалыптасады. Тұжырымдамалық аппарат негізінде тарихи мәтіндердің, деректердің мағынасын түсіну қалыптасады. Әр түрлі мәтіндерді, дереккөздерді және тапсырмалардың түрлерін қолдана отырып, білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру қажет. 5,6 сыныптарда білім алушыларды тиімді оқуға, мәтіннің негізгі идеясын анықтауға үйрету маңызды.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың және 5-6 сыныптарда пәнді оқуға ынталандырудың маңызды факторы тәжірибеге бағытталған тапсырмалар болып табылады.

Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар білім алушылардың келесі жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

– оқулықпен тарихи дереккөз мәтінімен жұмыс істеу, тарихи материалды салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау, диаграммалар мен кестелерді толтыру кезінде алған білімдерін қолдану; ауызша сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс жасау;

- тарихи ақпаратты іздеу, жүйелеу және талдау дағдыларын меңгеру,
- тарихи ойлаудың қалыптасуы – оқиғалар мен құбылыстарды олардың тарихи шарттылығы тұрғысынан қарау қабілеті,
- тарихи дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау,
- оқиғалар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтау,
- қорытынды жасау.

Сонымен, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған тарихи білімнің болашақта оларға пайдалы болуымен маңызды.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 5-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім	Үйсіндер мен қаңлылар
Тақырыбы	Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?
Оқу мақсаты	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру;
Тарихи концепт	Дәлел, интерпретация
Әдіс-тәсілдер	Тірек-конспект, деректік мәтінмен жұмыс

Ұсыным: «Үйсіндер туралы жазба деректер» тақырыбында интерпретация концептісі бойынша тірек-конспект, дерекпен жұмыс тапсырмалары алынған. Мәдени-тарихи жағдай аясында әдеби шығарманы түсіну, тарихи фотосуреттермен жұмыс жасау арқылы білім алушылар ұсыныстар мен гипотезалар жасай алады. Өз көзқарасы мен ұстанымын жан-жақты тұрғыдан қалыптастыра алады.

Тапсырма -1

Үйсіндер туралы жазба дерекпен танысып және төмендегі суретке қарап, бұл жыр үйсіндердің өмірі мен тұрмысы туралы қандай ақпарат беретінін жазыңдар



Қытай тарихшысы
Сыма Цянь

«Шицзи» («Тарихи жазбалар») еңбегі

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8643>

«Аққу әні» жырынан үзінді
«Мені ұзатты әлемнің бір жағына,
Алыстағы жат елге – үйсін ханына.
Дөңгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына,
Туған жерді сағынып, сарғаямын,
Аққу құс боп қайтсам деп ауылыма».

Тапсырма -2

Оқулықты пайдаланып, «Үйсіндер » жайлы тірек-сызба құрыңдар.

1.	Өмір сүрген уақыты	
2.	Қоныстанған жерлері	
3.	Орталығы (Астанасы)	
4.	Билеушілердің лауазымы	

	5.	Тұрғындар саны		
	6.	Кәсібі		
	7.	Қоғамдық құрылысы		

Бөлім	Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі
Тақырыбы	Ботай мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?
Оқу мақсаты	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
Тарихи концепті	Интерпретация
Әдіс-тәсілдер	Сәйкестендіру, сұрақ-жауап

Ұсыным: Функционалды сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар қайталауды ғана қажет ететін сұрақтар арқылы өрбімейді. Оқушыға төмендегі тапсырмада көрсетілгендей, ойлануға итермелейтін сұрақтар қою қажет. Сұраққа жауап беру үшін оқушы тек еске түсіріп қана қоймай, жан-жақты өзіндік пікір қалыптастырып, екіден кем емес дәлел келтіре алады. Фотосуретпен жұмыс жасау арқылы негізгі ойды анықтап және оларды өзара бір-бірімен байланыстыра алады.


Тапсырма -1

Төмендегі деректер нені білдіреді? Сипаттама беріңдер

- Ботай қорымдарының айналасында жылқы қаңқасының көптеген қалдықтары шашылып жатқан.
- Ботайлықтар жылқылар өздеріне о дүниедегі өмірде керек болады деп сенген.
- Ботайлықтар тұрағынан 70 мыңнан аса жылқының қаңқалары табылған.

Сурет бойынша Ботай қонысына сипаттама беріп, сұрақтарға жауап беріңдер

1. Ботайлықтар баспанасы қалай жасалған?
2. Оны тұрғызуға қандай материалдар пайдаланған?
3. Ботайлықтар қандай мал түрін өсірген?
4. Қандай еңбек құралдарын пайдаланған?



<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8598>

Сәйкестендіру. Төмендегі оқиғаларды хронологиясымен сәйкестендір.

№	Хронология		Оқиға
1	Б.з.б 3-2 м.ж		Ботай қонысы Солтүстік Қазақстанда қай жылы табылды?
2	1980 жыл		Қоныстан табылған жылқы сүйегінің саны
3	158		Ботай қонысын археолог В.Ф Зайберт қанша жыл зерттеді?
4	70 000		Ботай мәдениетінің тұрағынан қазу барысында табылған тұрғын үй саны.
5	20 жыл		Ботай қонысының хронологиялық мерзімі

Бөлім	Сақтар
Тақырыбы	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?
Оқу мақсаты	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық
Әдіс-тәсілдер	Кестемен жұмыс, картамен жұмыс
Ұсыным: Шілікті және Бесшатыр патша қорғандарын ұқсастық пен айырмашылық концепті арқылы қорғандардың орналасқан жерін, құрылыс көлемі мен обалар санын, табылған олжаларды сипаттай алады. Тапсырманы орындау арқылы жеке жұмыс жасау дағдысы, тарихи ақпараттарды салыстырып, дұрыс тұжырым шығара алады. Картамен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Тапсырма -1	

Берілген мәтінді пайдаланып, Шілікті және Бесшатыр қорғандарын салыстырындар

Бесшатыр қорғаны		Шілікті қорғаны
Бесшатыр қорымы Жетісуда, Іле өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Қорым 31 обадан тұрады. Бесшатыр - «Патша қорғаны» құрылысының қандай болатынын көрсететін, жақсы сақталған ескерткіштерінің бірі. Осындай обаларда даңқты адамдар жерленген. Жерлеу орнылақат ағаштан құрастырылған күрделі құрылыс. Барлық бөренелер жақсы өңделіп теп-тегіс етіп жонылған. Пышақ, қашау іздері сақталған. Обадағы жерасты дромос (дәліз) жолының қабырғалары тастан қаланған. Алып үйіндінің жан-жағы меңгір тастармен қоршалған. Мыңдаған алып тастар 3 шақырым жердегі таудан тасып әкелінген.		2003 жылдан бастап профессор Ә.Төлеубаев бастаған ғалымдар тобы Шығыс Қазақстанда орналасқан Шілікті жазығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Ондағы обалар саны-51. Көлемі жағынан ең ірісі – Бәйгетөбе қорғаны. Ол б.з.д.VIII ғасырға жатады. Обаның диаметрі – 100 метр, биіктігі 8 метрге жетеді, яғни 3-4 қабатты үйдің биіктігіндей. Ағаш өренелерден лақат және жерасты дромос жолы жасалған. Осындай алып құрылыс ішінде киімі алтыннан құйылған қаптырма, әшекей түймешектермен безендірілген ер адам жерленген. Жалпы, осы қорғанда 4303 алтын бұйым табылған. Оның көпшілігі аң стилінде жасалған.
	Шілікті	Бесшатыр
Орналасқан жері		
Құрылыс көлемі		
Обалар саны		
Табылған олжалар		
Зерттеген ғалымдар		

2-тапсырма.Картадан Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары табылған аймақтарды белгілеңіз.



<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan>

Сақтар обалар көлемінің әртүрлі болуының кемінде 3 себебін анықтаңыз .

--

Бөлім	Сақтар
Тақырыбы	Сақтар туралы тарихи мәліметтер. Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?
Оқу мақсаты	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;
Тарихи концепті	Интерпретация
Әдіс-тәсілдер	Картамен жұмыс, сәйкестендіру

Ұсыным: Оқушылар Грек және Рим тарихшылары Ктесий, Помпей Трог, Полиэн, Арриан, Ксенофонт ғылыми жазған шығармалары мен зерттеу мәселелері төңірегіндегі мәліметтермен танысып, берілген тапсырмаларды орындайды. Тарихи деректермен жұмыс жасау қалыптасады. Картадан сақтардың мекендеген жерлері мен ерекшеліктерін анықтайды. Бұл оқушының картамен жұмыс жасау дағдысын дамытады.

Тапсырма -1

Картаны пайдаланып, сақтардың мекендеген жерлері мен ерекшеліктерін анықтаңыз.



Парадарайа сақтары-----

Тиграхауда сақтары-----

Хаумаварга сақтары-----

Массagetтер-----

Исседондар-----

Аримаспылар-----

Аргиппейлер-----

Тапсырма -2

Әрбір деректің тұсына авторларын сәйкестігінше орналастырындар

1.	Ктесий Грек тарихшысы		Томирис туралы «Әйел болса да қорыққан жоқ» деп жазған.-«Азияны бағындырып және барлық Шығысты өзіне қаратқан Кир скифтерге соғысқа аттанды. Скифтердің ол уақыттағы патшайымы Томирис еді. Ол жау шабуылынан қорыққан жоқ. Томирисінің жауды Окстен бері өтуіне тосқауыл қоюға мүмкіндігі болғанмен, олай етпеді, себебі өз патшалығының жерінде шайқасу жеңіл болады деп есептеді, ал жаудың кейін шегініп қашуына өзен мүмкіндік бермейтін. Кир әскерімен Сырдариядан өтіп скифтер жеріне ішкерілей кіріп, шатыр тіге орналасты. Ол жерде тамақ-шарапты мол етіп қалдырып кетті. Бұл хабарды патшайым естіген соң, өзінің жас баласына әскердің үштен бір бөлігін беріп, жаудың ізіне түсуді тапсырды.
2.	Помпей Трог Б.з. I ғасырында өмір сүрген		Сақ әйелдері туралы «ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмектеседі» деп жазған-«Патшайым Заринаның мәйітінің үстіне алып пирамида тұрғызып, оның үстіне алтын мүсін орнатты».
	Полиэн Б.з. II ғ. Грек тарихшысы		Сақтардың тәрбиелілігін сипаттайтын оқиғаларды жазған. «Парсы патшасының ұйымдастырған ат жарысында бірінші келген сақ жігітінің атын айырбастайық деген ұсынысына, атын ер жүрек адамның батасына беретінін мәлімдеді».
	Арриан Б.з.90-175 Грек тарихшысы		«I Дарийдің соғыс әрекеттерінен түк шықпады. Парсылар сақ жасақтарының соңына түсіп, даланы кезумен болды. Сақтар малдарын өздерімен бірге айдап әкетіп, жауға шөп те қалдырмай, шегініп отырған». «Шырақ есімді бір сақ өзінің денесін пышақпен өзі жаралап, парсыларға қашып барып, өзін сақ көсемдерінен жәбір көрген етіп көрсетеді. Парсы әскерлерін сақтарға бастап барамын деп алдап, адастырып, сусыз шөлге апарады. Парсының шапқыншы әскерлері шөлден қырылады.
	Ксенофонт Б.з.б.430-356 жж Грек тарихшысы		Рим азаматы. «Александр жорығы» еңбегінде «Сырдария өзені жағасынан сақтар кетпеді. Олар Александрға бағыттап, өзеннің арғы жағасынан садақ

			атып, мазақ қылып, оның сақтармен соғыса алмайтынын айтты», - деп жазады
--	--	--	--

Бөлім	Ғұндар
Тақырыбы	Ғұн тайпаларының бірігуі. Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер - мемлекеттің негізі» деді?
Оқу мақсаты	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
Тарихи концепті	Дәлел
Әдіс-тәсілдер	Картамен жұмыс

Ұсыным: Тақырып бойынша екі оқу мақсаты алынып отыр. 5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету» 5.3.1.2 «ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру» деген мақсатқа қол жеткізу үшін оқушылар берілген тарихи дерекпен оқушыларды сыни ойлауын қалыптастырады. Яғни, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған. Талқылау үшін сұраққа ғұн мемлекетінің шапқыншылық жорықтарына талдау жасап, дәлел келтіре алады. Екінші тапсырма бойынша кескін картада ғұндардың бастапқы аумағын жазып, қандай елдермен көрші орналасқанын анықтайды. Картамен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Тапсырма -1

Қытай жазба деректері үзінділерінен ғұндардың айналысқан шаруашылығын анықтаңдар.

А дерегі «Ғұндар қытайдың солтүстігін мекендейді. Су мен шөптің жағдайына байланысты бір жайылымнан екінші жайылымға көшеді. Үй малынан жылқы, ірі қара, қой-ешкі, кейбірі түйе, есек өсіреді... Олар малдың етімен тамақтанып, терісі мен жүнін киім қылады, аң терісін жамылады...».	Ә дерегі «Олар бейбіт кезде мал бағып, аң-құс аулайды. Балалар қойға мініп, садақ тарта алады және құстар мен тышқандарды ата біледі. Ал біраз өскен соң түлкілер мен қояндарды атады...»
Б дерегі Жылқы ғұндардың тұрмыс-тіршілігінде ерекше рөл атқарды.	В дерегі «Солтүстік жерлерде суық ерте түсіп, тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары егілді...»

Тапсырма -2

Өз пікірлеріңді ия немесе жоқ деп жауап беріңіз. Жауабыңызды дәлелмен нақтылаңыз.

«Иә»	Талқылау үшін сұрақтар	«Жоқ»
	«Ең жабайы халық ғұндар әлемдегі барлық бақытсыздық пен қайғы-қасіреттің себебі болып отыр» деген рим тарихшысы А.Марцелиннің пікірімен келісесіңдер ме?	

Тапсырма -3

Кескін картада ғұндардың бастапқы аумағын көрсетіңдер. Қандай елдермен көрші орналасқанын анықтаңдар.



<https://e-history.kz/kz/news/show/32811>

Бөлім	Ғұндар
Тақырыбы	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары. Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?
Оқу мақсаты	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Тарихи концепт	Интерпретация
Әдіс-тәсілдер	ПТМС әдісі, картамен жұмыс

Ұсыным:

Сабақ барысында оқушының талдау дағдысын қалыптастыруға, яғни баланың мәтінмен, картамен жұмыс жасай отырып, оқу сауаттылығымен қатар айтылым дағдысын дамытуға бағытталған.

Тапсырмада тақырыпқа қатысты Аттила туралы деректер беріледі. Деректе көрсетілген мәліметтерден берілген сұрақтарға қатысты қажетті ақпараттарды анықтайды. Яғни, бұл тапсырма оқу сауаттылығымен қатар талдау дағдысын қалыптастырады, дамытады.

Мәтіннен ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға беруге болатынын және жаугершілік соғыстарын анықтауға болады. Кескін картамен жұмыс жасау арқылы Аттила империясының аумағы және оның жорықтарының бағыттарын белгілеп, көрші мемлекеттерге жорықтарын анықтауға болады.

Тапсырма -1

ПТМС әдісі бойынша жұмыс. Аттила туралы пікірлермен танысып және оқулықты пайдалана отырып, Аттила және оның жаулаушылық жорықтарына баға беріңіз.

1. **Ромул (Рим патшасы).** «Басқа елдерді жаулап алғандардың ішінде Аттила сияқты ұлы істер жасаған ешкім жоқ».
2. **В.Иордан (гот тарихшысы)** «Ғұндар жеңімпаз қолбасшыларын жартылай құдай ретінде мойындады... оның даңқы таң қалдыруға лайық».
3. **Приск (византиялық тарихшы).** «Ол халықтарды сілкіндіру үшін жаратылды. Бәрін қалтыратып жіберді, ол туралы хабардың өзі қорқынышты еді. Көзқарасы мен қимыл-қозғалысы тектілікті көрсетеді. Соғысты жақсы көргенімен тонаушылығы аз, ойлау қабілеті жоғары, сұраушыға қайырымды, сенген адамына мейірімді болды».
4. **А.Тьери (француз тарихшысы).** «Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар Александр Македонский мен Юлий Цезарьдің қатарынан орын алады.»

П- Менің ойымша	
Т- Себебі	
М- Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын	
С- Осыған байланысты мынандай қорытынды шешімге келдім.	

Кескін картаға Атилла империясының аумағы және оның жорықтарының бағыттарын белгілеңдер



<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan>

6-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім	Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы
Тақырыбы	Қазақ хандығының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?
Оқу мақсаты	6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру;
Концепті	Интерпретация, маңыздылық
Әдіс-тәсілдер	Мәтінмен жұмыс, кесте толтыру
Ұсыным: Оқушылардың функционалды оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыстың маңызы зор. Оқылым дағдысы қалыптасқан оқушы жасырын ақпараты бар үзінділерден мәтіннен ақпаратты алу, өңдеу, зерттеу, болжау, қорытынды шығару, сөздік қорын молайтуға, әдеби және тарихи деректерді түсіне алады. Оқушылардың өз бетімен жұмыс	

істеуіне, жоғары ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. «Көп таңдауы» бар тапсырмалардың дұрыс бір жауабын табу, «ақиқат, жалған» тапсырмалары білім мен түсінік деңгейіндегі тапсырмалар өзіндік білім деңгейін бағалауда жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

Тапсырма -1

Мәтінді оқып , төмендегі тапсырманы орындаңыз.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та’рих-и Рашиди»

атты еңбегіндегі Қазақ хандығының құрылуы туралы деректер

«Та’рихи Рашиди» парсы тілінде жазылған. Бұл - Моғолстан мен Қашғарияның Шағатай ұрпағынан тарайтын хандарының тарихы, доғлат тайпасы мен оның Шығыс Түркістандағы иеліктері әміршілерінің тарихы, моғолдардың тарихы...

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегі – қазақ халқының тарихы жөніндегі алғашқы және маңызды деректемелердің бірі. Мұнда қазақтардың өз атауын неліктен алғаны туралы, қазақ хандары Керей мен Жәнібектің Жетісуға қалай көшіп кеткені туралы, қазақ өзбек және қазақ-моғол қатынастарының тарихы туралы, Моғолстанды қаратып алу жолындағы күрес туралы хабарлар бар. «Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға көп әбігер келтірді. Жәнібек хан мен Керейхан одан Моғолстанға қашып кетті, Иса Бұқа хан оларды ықыласпен қарсы алып, Шу және Қозыбасы өңірін берді, ол Моғолстанның батыс жақ шетіндегі өңір еді. Олар сол жерде рақат өмір сүріп жатқан кезде Әбілқайыр хан өлгеннен кейін өзбек ұлысы бүліне бастады; (онда) көп ұрыс керіс басталды. (Оның бодандығының) көпшілік бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың маңына (жиналған адамдар) саны екі жүз мың адамға жетті.

....Тоғыз жүз қырқыншы жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көпшілік бөлігінде билік жүргізді. Керей ханнан кейін хан Бұрындық болды. (Сонан соң) Жәнібек ханның ұлы Қасым хан болды; ол өз билігін Дешті Қыпшаққа таратты. Оның армиясында (лашқарында) миллионнан астам адам болды. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан күдіретті (хан) болған емес...».

Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде қазақ хандығы туралы деректерге екі дәлел келтіріңіз.

Дұрыс бір жауабын табыңыз.

Мәтіндегі шығармада сипатталған кезең және аймақ

- A) XVI-XVII ғғ. Оңтүстік Қазақстан
- B) XVII-XVIII ғғ. Алтай, Тарбағатай, Шу
- C) XIV-XV ғғ. Орталық Қазақстан, Тарбағатай
- D) XVI-XVII ғғ. Солтүстік-Батыс Қазақстан
- E) XV-XVI ғғ. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан

Тапсырма 2

Мәтінді пайдалана отырып, кестені алынған ақпараттар бойынша толтырыңыз.

Тарихи дерек	Ақиқат	Жалған
Есім хан мен Тұрсын ханның қарым-қатынасының шиеленісуі баяндалады;		
Керей мен Жәнібектің Жетісуға көшіп кеткені туралы жазылған;		
Араб тілінде жазылған алғашқы шығарма		
Қазақ хандығының құрылуы туралы тарихи дерек береді;		
Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік еткені туралы дерек келтірілген.		

Бөлім	VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
Тақырыбы	Қимақ қағанаты. Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?
Оқу мақсаты	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау;
Тарихи концепті	Дәлел
Әдіс-тәсілдер	ПТМС әдісі, картамен жұмыс

Ұсыным: Оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу негізгі дағды мен іскерліктерін жүйелеу, қарапайым зерттеу, фактімен жұмыс істеп, нақты дәлел келтіру, сыни тұрғыдан талдау жасауға үйретеді. Дерекпен жұмыс жасауда шығармашылық деңгейлерін саралай отырып, картамен жұмыс, мәтінді оқу арқылы сұрақтарға жауап беру білімдерін толық жетілдіруге мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс істеудің негізгі элементтерінің ішінде келесілер ерекшеленеді:

- мәтіндегі сөйлемдер арасындағы байланысты таба білу;
- мәтіннің құрылымына талдау жасай білу;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты оқшаулау мүмкіндігі;
- анық емес ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі;

1-тапсырма

Гардизи қимақтар туралы

«.....Осыдан кейін Ертіс өзеніне келеді, сол жерден қимақтар елі басталады. Өзеннің екі жағында жабайы жылқылар жайылып жүреді. Кейде олардың бір жерде мыңын немесе екі мыңын көруге болады. Олар жабайыланып кеткен патша жылқысынан шыққан. Олар өсіп-өніп жатыр. Бұл жылқыны арқанмен болмаса ұстай алмайсың. Оларды ұстап алғаннан кейін оған мініп, бас үйретеді. Олар бас үйретуге көніп, адамдарға үйренісіп кетеді.

Ертіс үлкен өзен, егер өзеннің бергі бетінде біреу-міреу тұра қалса, оны арғы бетінен тани алмайсың...өзеннің суы қарауытып жатады. Оларда аласа құрылыс жоқ. Жұрттың бәрі ормандарда, сай-салаларда және далада өмір сүреді, бәрінің де сиырлары мен қой отарлары бар. Оларда түйе жоқ. Егер қайсыбір көпес мұнда түйе әкелсе, ол мұнда бір жыл да өмір сүрмейді. Түйе осы шөпті жесе болғаны, ол өліп қалады. Оларда тұз жоқ. Егер әлдебіреу мұнда бір түйір тұз әкелсе, оны қымбат аң терісіне айырбастап алады. Олар биенің сүтін ішеді, мұны олар қымыз деп атайды. Қысқа арнап олардың әрқайсысы өз шама-шарқына қарай қойдың, жылқының немесе сиырдың кептірілген етін дайындап алады. Бұл елде қар қалың түседі. Далаға жауған қарға найза бойламайтын кездер болды. Қыстыгүні олар жылқыны алыстағы елге, Оқтау деген жерге айдап апарады. Олардың жер астында қыс кезіне арнап ағаштан жасаған астауы бар. Қар қалың түскен кезде олардың жылқысы қыс айларында осы суды ішеді, өйткені олар суатқа бара алмайды. Қимақтардың аулайтын аңдары – бұлғын мен ақ тышқан. Олардың бастықтарының атағы – Бамал-Пәйгу (немесе Ямал-Пейгу).

ПТМС әдісі бойынша жұмыс. Гардизидің деректерін және оқулықты пайдалана отырып, қимақтардың шаруашылығы туралы жаз.

П- Менің ойымша	
Т- Себебі	

М- Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын	
С- Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім.	

Тапсырма -2

1. Мәтін бойынша қимақтардың шаруашылығына қатысты дұрыс емес дәйектерді анықтаңыз

- I. Қимақтар қысқа етті сүрлеп алды
- II. Қимақтарда малсыздарды жатақтар деп атады
- III. Қимақтар қыста жылқыларға арнап жер асты астауын қойды
- IV. Қимақтар түйені көп өсірді
- V. Қимақтар негізінен күріш өсірді
- A) I; II; III
- B) III; IV
- C) II; IV; V
- D) IV; V
- E) I; V

2. Қимақтардың негізгі шаруашылық түрі

- A) бау-бақша шаруашылығы
- B) көшпелі мал шаруашылығы
- C) омарта шаруашылығы
- D) балық шаруашылығы
- E) отырықшы мал шаруашылығы

3. IX ғасырдың соңындағы қимақ билеушісінің лауазымы

- A) Гуньмо
- B) Қаған
- C) Шаньюй
- D) Сюбашы
- E) Күлеркін

4. Деректі пайдаланып, дұрыс жауапты белгілеңіз

Деректерде қимақтарда жергілікті жер билеушілері билікті мұагерлік жолмен өз балаларына қалдырды. Алайда олардың билігін қаған бекітетін еді. Мұндай билік жүйесі бөлінуге әкелді. Бұл көсемдердің неғұрлым күштері тәуелсіз басқаруға ұмтылып, өздерін «патшаларға» айналдырды. «Патшалары қала-бекіністерде тұрады, әрқайсысында көп әскер мен мол байлығы болды» деп жазған тарихшы.

- A) М.Қашқари
- B) Ибн Хаукал
- C) Ж.Баласағұн
- D) Әл-Идриси
- E) Әл-Марвази

Тапсырма 3

«Қимақ қағанатының аумағы» картасынан қимақтардың қандай аймақта орналасқанын, көрші елдермен қарым-қатынасы туралы жазыңдар



Жауабы: -----

Бөлім	Х ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан
Тақырыбы	Наймандар, керейіттер және жалайырлар. Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?
Оқу мақсаты	6.3.1.3 Х ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық
Әдіс-тәсілдер	Кестемен жұмыс

Ұсыным: Бір жүйелі құрылған тапсырма шеңберінде функционалдық сауаттылықтың құрылымын құрайтын жекелеген элементтерді қалыптастыруға болады. Бұл ұқсастық пен айырмашылық концепт тапсырмасы, белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде немесе әртүрлі қоғамда тарихи оқиғаларды салыстыруға мүмкіндік береді..

Тапсырма 1

<https://youtu.be/BMqi0TfjIEw?si=pYXegt2Nuo9XMlPk>

Видео сабақ және оқулықтағы мәтінмен танысып найман, керейіттер және жалайырлардың ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырмалы кесте арқылы анықта

	Наймандар	Керейіттер	Жалайырлар
Мекені			
Орталығы			
Билеушісі			
Әлеуметтік жағдайы			
Саяси жағдайы			
Тарихи маңызы			


--	--

Бөлім	XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан
Тақырыбы	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?
Оқу мақсаты	6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
Концепт	Интерпретация
Әдіс-тәсілдер	Картамен жұмыс

Ұсыным: «Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы» тақырыбында интерпретация концептісі бойынша картамен жұмыс тапсырмасы алынған. Картада көрсетілген Жошы ұлысында құрылған Алтын Орданың саяси жағдайына әсер еткен 3 фактіні анықтау оқушының өзіндік ойының нақты қалыптасуына, ұстанған көзқарасын дәлелдеу, картада берілген тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын, саяси жағдайын сипаттай алу сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырады.

Тапсырма -1

Картаны пайдаланып төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:



<https://e-history.kz/kz/projects/show/23019>

1. Картада көрсетілген Жошы ұлысында құрылған Алтын Орданың саяси жағдайына әсер еткен 3 фактіні анықтаңыз

2. Картада берілген 1391жылы және 1395 жылы болған оқиғалардың салдары саяси жағдайға қалай әсер етті?

Бөлім	X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан
--------------	--

Тақырыбы	Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?
Оқу мақсаты	6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру
Тарихи концепті	Маңыздылық
Әдіс-тәсілдер	Мәтінмен жұмыс, сәйкестендіру тапсырмасы

Ұсыным: Оқушылардың мәтіндегі фактілік ақпараттарды ала білу және оның мазмұнын түсініп, сонымен қатар оларды жинақтап қорытынды жасауды қалыптастырады. Алдыңғы білімдерін жаңа ақпаратпен толтырады. Мәтіннің құрылымына жоспар құру және әр бөліктеріндегі тарихи деректердің маңыздылығын түсінеді. «Сәйкестендіру» тапсырмасы арқылы өздіктерінен жұмыс жасауына мүмкіндік алады.

Тапсырма -1

Мәтін

«Қазақстанның оңтүстігінде қолөнершілер тұрақтары біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың аяғынан-ақ пайда бола бастағандығы мәлім.

Ол кезде қала жайлы араб саяхатшысы әл-Макдиси «Тараз – ірі бекіністі қала, бақтары көп, халқы тығыз, қала сыртында терең орқазылған, төрт қақпасы және төңірегінде елді мекендері бар. Қаланың орталық бөлігіне кірер қақпа алдында үлкен өзен ағады, өзеннің арғы бетінде де тұрғын үйлер, өзеннен өтер өткелдері бар. Мешіт базарлар арасына салынған» деп жазған.

Тараздың ең өркендеп өскен кезеңі Қарахан әулеті билік жүргізген X–XII ғасырлармен тұстас. Бұл кезде қала қайтадан салынып, өзінің зәулім үйлерімен, қыш төселген көшелерімен, керуен сарайымен, теңге соққан ұстаханасымен, сауда-саттығымен, қолөнерімен әлемге әйгілі болған. Қала ішінде су құбыры жүргізіледі, моншалар салынады. Сәулет өнерінің тамаша туындылары бой түзейді. Бұлардың ішіндегі аса көрнектілері – ежелгі Тараз рабадына (қолөнершілер тұрағы) орналасқан Қарахан, қала сыртындағы Бабаджа-қатын, қазақ ұлттық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып табылатын Айша-бibi күмбезі.

1938 жылы археолог-ғалым А. Н. Бернштам ашқан сарай моншасы -Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орындарының бірі. ...Қаланың құлдырауы – XV ғасырдан, яғни ежелгі Қазақстанның қалалары арқылы салынған көне Жібек жолының ұлы географиялық жаңа жерлер ашылуына байланысты өз маңызын жойған кезеңнен басталады. Кезінде әлемге әйгілі үлкен қала орнында XV–XVII ғасырларда шағын ғана елді мекен қалған. Ол XVIII ғасырдан бастап Әулиеата деп атала бастайды.

Қазір мұнда ежелгі Тараз орнының, X–XIII ғасырлардың сәулет ескерткіштері – Бабаджа-қатын, Айша-бibi, Қарахан, Шаһ Мансұр күмбездерінің, соңғы дәуірлерде салынған тұрғын үйлер, медресе, мешіт, монша тағы да басқа ғимараттардың негізінде мемлекеттік қорық-мұражайы ұйымдастырылған».

Орта ғасырлық қала - Тараз туралы деректермен таныса отырып, мазмұны мен құрылымына жоспар құрыңыз

Тапсырма -2

Ортағасыр сәулет өнері ескерткіштерін ерекшеліктерімен сәйкестендеріңіз

№	Кесене		Ерекшеліктері
1	Айша-бибі кесенесі	А	Қарахан дәуіріндегі (X-XII ғ.) сәулет өнерінің айқын бір үлгісін сипаттайтын ескерткіш. Жезқазған қаласынан 45 км жерде, Кеңгір өзенінің сол жақ жағасында орналасқан.
2	Алаша хан кесенесі	Ә	XI-XII ғасырларда ірге көтерген сәулет өнері ескерткіші. Кесененің күмбезі құлаған. Қабырғаларының бұрыштары төрт ширектік бағандармен безендірілген. Кесененің сыртқы қабырғалары түгелдей оюлы терракота кірпіштерімен қапталған. Кесенің ішінде күйдірілген кірпіштен сатыланып қаланған шағын құлыптас сақталған. Бүгінде бұл кесене қалпына келтірілген.
3	Ахмет Йасауи кесенесі	Б	Қарахан немесе оғыз-қыпшақ заманында XIV-XV ғасырларда сахаралық сәулет өнерінің үлгісінде салынған ескерткіш. Қарағанды обылысы, Қаракеңгір өзенінің оң жағасында орналасқан. Оның іргесі текшеленіп қаланып, төбесі күмбезделген. Кіреберіс маңдай алды киіз үйдің қос қанатты сықырлауық есігі тәрізді. Күмбездің екі жақтауы мен маңдайшасы өрнекті кірпіштермен қос сызықша етіп қатар өрілген. Қабырғалары сыртқы жағынан кереге көзді кілем тәрізді өрнектеліп қаланған.
4	Бабаджа қатын кесенесі	С	X-XI ғасырлардағы сәулет өнері ескерткіші. Күйдірілген кірпіштен шаршылап салынған порталдары бар, әсем күмбезді ғимарат. Есігі шығыс жағында. Кесене шатырлы күмбезбен жабылған. Кесене шамамен X-XI ғасырларда салынған.
5	Жошы хан кесенесі	Д	Қарахан дәуірінде (XII ғ.), кейін оның қираған іргесіне Әмір Темірдің бұйрығымен XIV ғасырдың аяғы-XV ғасырдың басында тұрғызылған сәулет өнері ескерткіші. Орта Азия мен Қазақстанда теңдесі жоқ зәулім күмбезді кешенді ғимарат. Оның төңірегіндегі қосалқы құрылыстар (мешіт, монша т.б.) біртұтас архитектуралық ансамбль құрайды.

Бөлім	XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан
Тақырыбы	Оғыз мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?

Оқу мақсаты	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық
Әдіс-тәсілдер	Венн диаграммасы


Ұсыным: Ұқсастық пен айырмашылық концептін сабақта венн диаграммасы арқылы қолдану тарихи фактілердің ерекшеліктерін ажырата білу, танымдық қабілеттерін жаттықтыру, бейнежазба арқылы тыңдалым дағдысын және есте сақтау қабілетін жақсы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дәлелді ақпараттарды жазуға, өз ойларын салыстырмалы түрде талдау жасауға қалыптастырады. Оғыз мемлекетінің ел басқару қоғамдық құрылыс ерекшеліктерін салыстыра отырып, терминдерге анықтама беру тақырып бойынша жаңа тақырыптағы негізгі тірек сөздерді есте сақтауға ықпалын тигізеді.

Тапсырма

1

<https://www.youtube.com/watch?v=xSkABx8qljk>
<https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/ohyz-memleketi>

Видео сабақты және оқулықтағы мәтінмен танысып Оғыз және Қарлұқ мемлекеттерінің деректерін салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңыз.



Оғыз мемлекетінің ел басқару қоғамдық құрылыс ерекшеліктерін салыстыра отырып жауап беру.

№	Глоссарий	Анықтама
1	Жабғу	
2	Инал	
3	Атабек	
4	Сюбашы	
5	Күл-еркін	
6	Халық жиналысы	
7	Қаңқаш	

--

Бөлім	Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы
Тақырып:	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы. Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай?
Оқу мақсаты:	6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау
Тарихи концепті	Себеп-салдар, маңыздылық
Әдіс-тәсілдер	«Блум таксономиясы», кесте толтыру

Ұсыным: «Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы» тақырыбын ашуда себеп-салдар концептін қолдану тиімді. Себеп-салдар – бір немесе бірнеше себептердің және ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдап, бағалап, өзара байланыстарын анықтай отырып тарихи себебін анықтай алады. Тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа тарихи ұқсас құбылыстарымен салыстырып түсінеді, бағалайды.

Тапсырма -1

А.И. Левшин Орбұлақ шайқасы туралы

Аз адаммен ашық шайқасқа шыға алмаған ол адамдардың бір жартысын екі таудың арасындағы табаны терең сай жан-жағы биік жартас шатқалға орналастырып, өзі екінші бөлігімен таудың арғы жағында тығылып тұрды. Жоңғарлар бекініске жақындап келіп, оған лап қойды. Жердің тар болуы себепті қоршап алуға өте тиімсіз шайқаста көп адамдардан айырылған кезде, жәңгір оларға желке тұсынан тап берді. Бұл соққының күтпеген жерден жасалуы, осы үшін тандап алынған жауынгерлердің қаһармандығы және олардың тамаша мылтықтармен жарақтандырылуы. Батыр қоңтайшыны көп шығынға ұшыратты. «Блум таксономиясы» негізінде сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады, жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауапты жүйелі түрде құрастыра алады.

Оқулық пен берілген деректі пайдаланып «Блум таксономиясы» негізінде сұрақтарға жауап беріңіздер.

№	Сұрақ	Жауабы
1	Білу — Орбұлақ шайқасы қай жерде өткен?	
2	Түсіну — Орбұлақ шайқасында Жәңгір хан 50-мыңдық жоңғар әскеріне аз санды әскермен қарсы шақты?	
3	Қолдану — Орбұлақ шайқасында аз санды қазақ қолының жеңіске жетуінің басты себебі неде?	

4	Талдау — Жәңгір хан және оның батырлары тандап алған соғыс стратегиясының ерекшелгі неде?	
5	Жинақтау — Неліктен Орбұлақ шайқасын көшпелілердің әскери өнерінің жетістігі ретінде бағалаймыз?	

Орбұлақ шайқасына қатысты кестені толтырыңыз.				
Көтеріліс хронологиясы	Көтеріліс болған жерлер	Көтеріліс себептері	Көтерілістегі негізгі оқиғалар	Көтерілістің салдары нәтижесі

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 7-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім: 7.1 Қазақ-жоңғар соғыстары

Тақырып-1: Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысы

Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды

Оқыту мақсаттары

7.1.1.1 – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру;

7.2.2.1– халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тарихи концепті: **себеп-салдар, маңыздылық**

Тапсырма

GREAT КЕСТЕСІ бойынша білім алушылар 1723-1730 жж аралығындағы тарихи оқиғаларға сараптама жасау арқылы, оқиғалардың сабақтастығын анықтайды.

G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрысты	
R (Remembered) - есте қаларлық	
E (Events) - маңызды оқиға	
A (Affected) - болашаққа әсері	
T (Terrifying) кездескен қиындықтар	



Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

«Модельдеу әдісін» қолдану арқылы, халық ауыз әдебиеті мен музыка туындыларды дереккөз ретінде пайдалана отырып, жоңғар шапқыншылығы кезеңінің жеке оқиғалары арқылы тарихи дәуірге сипаттама беру және дереккөздің құндылығын бағалау. Себеп пен салдар концепциясын қолданып, білім алушының тарихи тұжырым жасауына бағыт беру ұсынылады.

1. Қалқаман -Мамыр жырындағы тарихи кезеңнің атауына сипаттама беру;

2. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғар-қытай қатынастары мен Қазақ хандығының ішкі жағдайын Цебан Рабдан қалай пайдаланды?

3. Картаны пайдалана отырып, қазақ жүздерінің бағытын анықтау;

4. Халық ауыз әдебиеті мен әндері халықтың жауға деген рухын қалай көтерді? Осы дәуірдегі жыраулар поэзиясынан үзінді келтіре отырып дәлелдеу;

5. Қазақ тарихындағы «Ұлы жүт» деп аталған екінші нәубет кезеңіндегі халқымыздың демографиялық кемуін салыстыра отырып, осындай «тарихтың қасірет беттері» болмағанда қазақ халқының қазіргі табиғи өсуі бойынша қанша миллион болар еді? Халықтың табиғи өсімін есептеп шығару.

<i>Қалқаман – Мамыр жырынан (үзінді)</i>	
Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл, Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл. Қалмақтың бастаушысы – Суан Раптан, Өзі батыр, соғысқа тым айнашыл. Шеп құрып соғысыпты қазақ, қалмақ, Қорқаққа оңай емес шепке бармақ. Бабаңның бес баласы садаққа ұшып, Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.	Қазақты ол ұрыста қалмақ алды, Үш есенің екеуін қырып салды. Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында, Арқаға қазақ ауып кетіп қалды. Осы жол – бар қазаққа белгілі жол, «Ақтабан шұбырынды» дегенің сол. Жаяу жүріп табаны аппақ болып, Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол.
<i>Шәкәрім Құдайбердіұлы</i>	

«Елім-ай» әнінен (үзінді)

Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді, Ел-жұртынан айрылған жаман екен,	Мына заман қай заман? Қысқан заман, Бақыт құсы алаштан ұшқан заман, Көк аспаннан топырақ, шаң борады,
---	---

Қара көзден мөлтілдеп жас келеді, Елім-ай, Елім-ай. Мына заман қай заман? Бағы заман, Баяғыдай болсайшы тағы заман, Атадан ұл, енеден қыз айрылды, Көздің жасын көл қылып ағызамын, Елім-ай, Елім-ай.	Күні суық қаңтардан, қыстан жаман, Елім-ай, Елім-ай. Қош аман бол, Қаратау, атам өлкем, Төрт түлік пен ел екен жердің көркі, Бақ, байлықпен даңқты алаш ұлы, Қайсы жұрттың болар-ау келекесі, Елім-ай, Елім-ай.
---	---

Бөлім: 7.1А Қазақ-жоңғар соғыстары

Тақырып-2: Қазақ-жоңғар шайқастары

Зерттеу сұрағы: Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады

Оқыту мақсаттары

7.3.1.1 – Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру

7.3.2.1 – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тапсырма: Ассоциация әдісі бойынша Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған батырлар мен хандардың тарихи портретін анықтау. Бұл әдіс пікірді ашық, еркін жеткізуге мүмкіндік туғызады.

1- қадам. Шеңбер сызып ортасына тақырып атауын жазу;

2- қадам. Дәптерлеріне тақырыпта өздері білетін ақпаратты жазу;

3- қадам. Тақырып бойынша жазғандарын талқылау немесе таныстырылым жасау;

4-қадам. Тақырып бойынша алынған бүкіл ақпараттың тізімін жасау;

5-қадам. Ер Қабанбай жыры мен Қобыланды жыры үзінділеріндегі ұқсастықты тауып, салыстыру;

6-қадам. Қазақтың батырлар жырының басты 3-идеясын жазу ұсынылады.

Ер Қабанбай жыры (үзінді)	Қобыланды батыр жыры (үзінді)
Қайратқа мінген Қабанбай, Садақ жетер жерлерді Тартып кетіп барады. Қылыш жетер жерлерді Қырып кетіп барады. Ұстарадай жау тобын Тіліп кетіп барады. Жекпе-жек келсе найзамен Іліп кетіп барады. Өлексесін жауының Үйіп кетіп барады. Алпыс атаннан әр жерге Түйіп кетіп барады. Жетпіс аттан әр жерге Жиып кетіп барады. Кез келгенін құлатып,	Ойсыратып дұшпанын, Түріп кетіп барады. Қармақ болып қабысты, Ат тізесін бүгісті, Бүгісе-бүгісе тұрысты. Тебінгіге тер қатып, Қақырғаны қан татып, Түкіргені жын татып, Қақырғанда қан ішті, Түкіргенде жын ішті. Қанжарменен қармасты, Семсерменен серместі. Қанжар қалды қайысып,.. Ерлер жаннан түңілді, Екеуінің ақ сауыт Шығыршықтан сөгілді.

Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

1-тапсырма

Мәтінді талдау коэффициентін анықтауға арналған сұрақтар

1. Мәтінде аталған жер аттарын тауып, қазіргі Қазақстанның қай облыстарының территориясы екендігін анықтау және ол аймақта аталған тарихи оқиғаларға қатысты қандай белгілер бар?

2. Екі шайқастың тарихи маңызына талдау жасау

3. Өзінің өлкеңде осындай тарихи атаудың шығу тарихын зерттеп «Менің өлкемнің тарихы» тақырыбына эссе жазу.


Бұланты -Аңырақай шайқасының тарихи маңызы

Жоңғар хандығына қарсы ұзаққа созылған күресте 1728 жылы Ұлытаудағы Бұланты өзенінің бойында, Қарасиыр деген жерде қазақ жасақтары ірі жеңіске жетті.

Қарулы күштердің құрамындағы жауынгерлердің жалпы саны 60 мың адамға жеткен еді. Қанды шайқас болған жердің аты «Қалмақ қырылған» деген атаумен де халықтың есінде тарихи атау ретінде мәңгі сақталып қалды. Сол шайқаста жоңғарлардың 10 мыңға жуық әскері қаза тапты.

Бұланты өзенінің бойындағы жеңіс жауынгерлерді рухтандырып, жігерлендіре түсті. Бұл жеңіс Аңырақай шайқасында жауды есінен тандыра, ойсырата соққы берудің сенімді кепіліне айналды.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы өте елеулі оқиға -Аңырақай шайқасы. Бұл шайқас 1730 жылғы көктемде Балқаш көлінің оңтүстік -батыс жағындағы Итішпес Алакөл деген жерде болды. Шайқасқа Кіші жүздің ханы Әбілқайыр басшылық етті. Оған қазақтың үш жүзінің жасақтары қатысты. Аңырақай шайқасында қазақтар жауға естерінен тандыра соққы берді. Шайқас даласында жоңғарлардың есеңгіреген, жеңіліске ұшырап, аңырап қалған жері Аңырақай деп аталып кеткен көрінеді.



Аңырақай шайқасының сызбалық жоспары

2-тапсырма арналған мәліметтер Ресейдің қолтығына еніп алып, Солардың мылтығымен қаруланды Жоңғарға Батыс жақтан демеуші боп, Жұртына Кіші жүздің ойран салды. Осылай екі беттен тиді қалмақ, Ғаскерін күні түн демей жиды қалмақ	Қазаққа екі жақтан шабуылдап, Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ. Үш жүзге дұшпан болып шығыс жақтан, Қытай да қаскөйлігін жасап жатқан. Айдап сап қалмақтарды халқымызға, Көк шалғын сахарамды қан, шаң жапқан. <i>Қожаберген жырау</i>
--	--

Дерек!

«Бұл көш (жоңғар шапқыншылығы салдарынан шегіну) еріксіз қайырышылану мен қырылуға әкеліп соқтырды. Мал басы күн сайын азайды, айырбас саудасы құлдырап кетті, кедейшілік пен қайғы барлық жұртты қамтыды, біреулері, аштықтан өлсе, екіншілері бала шағаларын тастап кетуге мәжбүр болды. Ақырында халық – тақыр, көшпелі халықтың өміріне ешқандай қолайсыз өңірге келіп тоқтады.

А. Левшин Описание киргиз казачьих или кайсацких орд и степей.

СПб, 1832. Ч.2. С70

Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі тарихи оқиғалар хронологиясы бойынша, оның маңызын анықтау

Оқиғаның уақыты	Тарихи оқиғаның атауы	Маңызын талдау
1718 жыл		
1723-1727 жж.		
1724 жыл		
1725 жыл		
1726 жыл		

1728 жыл		
1730 жыл		
1741-1742 жж.		
1745 жыл		
1755 жыл		
1756 жыл		
1757 жыл		

Бөлім: 7.1 XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

Тақырып: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы

Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды.

Оқыту мақсаттары:

7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.2 – Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

Тарихи концепті: себеп-салдар, маңыздылық

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

1-тапсырма

«Борт журналы әдісі»

«Борт журналы» әдісі оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы негізінде пайда болған. Сабақтың барлық кезеңдерінде қолданыла береді.

1. 5-7 минуттық мәтін дауыстап оқылады.

2. Оқушылар 20 минут ішінде өз «борт журналдарын» толтырады (тәжірибемен байланыстыра отырып, түйінді сөздер, суреттер, т.б. жазады).

3. Топта өз журналдарының мазмұнын талқылайды, бір-бірінің сұрақтарына жауап береді, түсінбеген жағдайларда кеңес алады.

4. Мұғалім бүкіл сыныппен «борт журналдарын» талқылайды, тақырып бойынша қорытынды ой тұжырымдалады.

Борт журналының үлгісі

Негізгі түсініктер	Түйінді сөздер мен мәліметтер, сурет, карта	Егемендіктен айырылудың кейінгі кезеңдегі зардаптарын анықтау

Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі:

Дерек!

«Тевкелеевтің Ордаға келуі Әбілқайырдың ойын түгелдей ашып берді. Ресейдің қол астына жаңадан өтетіндерден ант алу үшін келген

шенеуніктердең өздеріне жүктелген қызметіне сай жылы қарсы алынбағаны былай тұрсын, тіпті олар келген бойда-ақ өз өмірлерінен айырылып қала жаздады. Қырғыздар (қазақтар) өздерінің тағылық табиғи бостандығын жоғалтып алатыны жөнінде ойланған кезде ашу-ызаға булықты, орталарына келген орыстарды көріп, кенеттен қатты толқыды. Тевкелеевті сол жерде -ақ құрбандыққа шалып жібере жаздады. Оны ханның өзі қорғап қалды. Бірақ ол өзгелердің ашу-ызаға толы толқуын баса алмады.

Левшин А.И. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы. Алматы, 1996, 181-бет.

2-тапсырма

- Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?
- Неге халық Ресейге қосылуға қарсы шықты? 3-дәйек келтір.
- Әбілқайыр заманында өмір сүрсең қай тарапта болар едің? Өзіңіздің 3-тұжырымдамаңызды жазыңыз.

Жақтаушы	Қарсы

Бөлім: 7.1. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

Тақырып-4: Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты

Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?

Оқыту мақсаттары

7.3.1.2 – Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.3 – Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау

Тарихи концепті: маңыздылық

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

1-тапсырма

«Оқиға картасын» құрастыру арқылы тақырып бойынша оқу мақсатына жетуге болады. «Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау» себеп-салдарын талдау арқылы оқушының шығармашылық жұмысы және жеке көзқарасы қалыптастыруға болады.

Мәтін атауы	Кейіпкерлер	Ахуал
		

Шешім	Туындаған мәселе	Оқиға
		

Дерек!

«...Абылай өз заманындағы қырғыз (қазақ) билеушілермен салыстырғанда жастығымен айлакерлігімен, тәжірибелігімен, ақылдылығымен қз қармағындағы халықтың көптігімен басым болды. Ресей императрицасымен және Қытай Богды ханмен қарым қатынасында тәуелсіздігін көрсетті....»

А. Левшин Описание киргиз казачьих или кайсацких орд и степей.

СПб, 1832. С264-265

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі:

1-тапсырма – топпен жұмыс. Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай? тақырыбы бойынша топтық жұмыс жүргізу ұсынылады.

1-топтың сұрағы:

Абылай ханның мемлекеттің біртұтастығын нығайту жолында қандай іс-шараларды жүзеге асырды?

2-топтың сұрағы:


Бұхар жыраудың Абылай ханның саясатына қатысты шығармаларынан үзінді келтіре отырып, оның ішкі және сыртқы саясатын сипаттау.

3-топтың сұрағы:

Абылайдың 1740-1742 жылдары Ресейге ант берумен қатар, Қытайдың билігін қабылдауындағы мақсатын талдау.

2-тапсырма- жеке жұмыс

Абылай ханның көрші елдермен қарым-қатынасы бойынша постер қорғау ұсынылады.



Бөлім 7.2. Отарлау және ұлт-азаттық күрес

Тақырып-5: Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?

7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;

7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Тарихи концепті: себеп-салдар

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Дерек!

Сібір қырғыздары (қазақтары-автор) облысының губернаторы қызметін атқарушы Жоғары мәртебелі мырзаға, Сібір қырғыздары аға сұлтандарына бағынышты халықтың атынан өтініш. 1866 жыл 7 қыркүйек

«Қырғыздар тұрақты қонысы болмағандықтан қатты қиыншылықтарға душар болды. Мұның өзі оларға өте ауыр тиді. Олар сөйте тұра жасақ (алым-салық) жол жөндеу жұмыстарына жұмсалатын үш есе артық мөлшердегі баж-салығын төлейді. Қандай ауыртпалық болса да қырғыздар өздерінің туып өскен жерлерін қиып кете алмайды. Өйткені, ол жерлерде ата-бабаларының сүйегі жатыр. Ал, қысымға шыдай алмай, өздерінің ежелгі атамекендерінен кең далаға кетіп қалған кейбір адамдар ол жақтан да бос жатқан жер таба алмай, азап шегуде. Ақырында сол баяғы ені 10 шақырым келетін жер алабына амалсыздан қайтып оралуда. Жоғары мәртебелі мырза, Сізден мынаны өтініп сұраймын: сол ені 10 шақырымдық жер алабын бұрынғысынша қырғыздардың (қазақтардың-автор) иелігіне тегін беру жөнінде жоғары жаққа өтініш білдірсеңіз екен.....»

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты.8 қ. 66 іс. 117-118 парақтар.

1-тапсырма

1. Неге патшалық Ресей қазақ жерін отарлауда казак- әскери отарлауына баса назар аударады?

2. Мәтінде Сібір қырғыздары обылысы қазіргі қандай аймақ? Ол қандай мемлекеттердің территориясына жататынын картадан белгілеу ұсынылады.

2-тапсырма

Ресейдің отарлау саясаты мен Батыс Еуропа елдерінің Азия, Африкадағы отарлау саясатының себеп-салдар байланыстарын ашатын менталдық (ділдік) картасын құрастыруды ұсынылады.

	Отарлау саясаты	
саяси	экономикалық	әлеуметтік

PEST–талдауының алгоритмі:

Саяси факторлар:	Экономикалық факторлар:	Әлеуметтік және мәдени факторлар:
1-фактор 2-фактор 3-фактор	1-фактор 2-фактор 3-фактор	1-фактор 2-фактор 3-фактор Оқушыларға

– жұмыс аяқталғаннан кейін кабинетке карталарды іліп қойып зерттеу жұмысының нәтижелерімен танысып оны талқылауды ұсынылады.

– Отарлау экспансиясының салдары жаһандық мәселелердің себептері болғандықтарын көрсету үшін PESTEL – сараптама шаблонын толтыруды ұсынылады;

– Тексеру және түзету үшін жұмыс аяқталған соң әр жұптың өкілдері тақтада немесе флипчартта PESTEL – сараптамасының бір ой-көрінісін жазу ұсынылады.

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі:

Концепті: өзгеріс пен сабақтастық

Оқушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи үдерістер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен үдерістердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) талдау ұсынылады.

1-тапсырма

С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістердің өзара сабақтастығын зерттеу ұсынылады..

Неліктен XIX ғасырда қазақ жерінде ұлт-азаттық көтерілістер орын алды?

Ресейдің отарлау саясатының тереңдей түскенінің көрінісі қандай оқиғалар арқылы анықталады?

С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы сұрақтар топтамасын құрастырады. Жұпта толтыру үшін «Көтеріліс алгоритмі» тірек кестені тарату ұсынылады.

С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

Сұрақтар	Деректер
Бірінші кезең (себебі, іс-әрекет, нәтижесі)	
Екінші кезең (себебі, іс-әрекет, нәтижесі)	
Үшінші кезең (себебі, іс-әрекет, нәтижесі)	
Себебі	
Салдары	
Нәтижесі	

Бөлім: 7.3 Қазақстан Ресей империясының құрамында

Тақырып: XIX ғ. II жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-территориялық реформалар

Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?

Оқыту мақсаттары

7.3.1.3 – Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Дерек!

Қазақ болыстарының «құру кезінде» рулық принцип негізге алынбай, енді аумақтық принцип негізінде алынды. Өйткені патша үкіметі рулық ерекшеліктерді еске алуды саяси тұрғыдан алғанда зиянды деп таныды. Қазақтың ежелден көшіп-қонып жүрген байырғы атамекен жерлері енді «мемлекет меншігі» саналды. Ол жерлер қазақтардың «мерзімсіз әрі қоғамдық негізде пайдалануына» берілетін болады. Бұрынан алынып келінген жасақ (алым-садық) үй басына салынатын түтін салықпен (алғашында 3 сом, кейін 4 сом) алмастырылды.

Коншин Н. Семей өлкесінің 1917 жылға дейінгі тарихи очеркі// Қазақ этнографиясы жөніндегі еңбектер. Павлодар, 2005, 96 бет.

1-тапсырма

Тарихи құжатпен жұмыс

Тарихи концепті: Дәлел

Оқушының аты-жөні: _____

Тапсырманы орындаған күні, айы, жылы: _____

1.Дерек қандай зерттеу бағытында жазылған?	2. Авторы/зерттеуші кім?	3. Дерек қашан жарық көрген?
4. Дерек жазылған кезеңдегі оқиғаның тарихи маңызы қандай?		
5. Дерек не үшін жазылды? Кімге арналып жазылды?		
6.Автор/ зерттеуші қандай көзқарасты ұстанады?		
7. Сіздің қарастырып отырған тақырыптағы аргументіңізге қандай қосымша ақпараттар берді? 1. 2. 3.		
Қорытынды ой		

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Дерекпен жұмыс!

А. «Билерге чиновниктік атақ беріп, олардың лауазымын көтеруді көздеген бұл заң.....- ... билікті халықтың әдет-ғұрыптары мен правосынан ешбір хабары жоқ баққұмар байларға береді»

Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. -А., 1949, 60 б.

С. «Сібір әкімшілігі орталықтың берген өнімі бойынша қазақ даласына агенттер (өкілдер-авт.) жіберді. Олар «жаңа құрылымды қабылдаудың» пайдалы екендігін қазақтардың көзін жеткізіп, кәміл сенуін қамтамасыз етуге тиісті еді. Окруктерді ашуға Қытай үкіметінің наразылығы көп кедергі

келтіреді. Содан кейін көп ұзамай қытайлықтар жоңғарларды талқандады. Қытай боғжыханы Цзянь Лунь қазақтардың жоңғарлар жеріне орналасуына рұқсат еткен грамотаға қол қойып бекітіп берді.

Жаңа округтердің ашылуына қазақтардың жерге таласып, өзара алауыз болуы әсер етті. Олардың өзара дұрдараздығын Сібір әкімшілігі жалма-жан пайдалана қойды. Орыс империясының қол астына өтуді қазақтардың қабыл алуына олардың арасындағы жер дауы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі болыстардағы сұлтандар арасындағы билік үшін жанжалдасқан алауыздықтар да ықпал етті»

Коншин Н. Семей өлкесінің 1917 жылға дейінгі тарихи очеркі// Қазақ этнографиясы жөніндегі еңбектер. Павлодар, 2005, 89-92 беттер.

Д. «Бұл жарғы негізінен алғанда, алысты көздейтін арам ниетті тигылмен жасалған еді. Соның салдарынан Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары өздерінің тәуелсіздігінен айырылып қалды. Қазақстан бірте-бірте Ресей империясының отарына айналды. Жарғы жаңалықтары көші-қон шеңберін тарылтты, еркін көшу бостандығы мүмкін болмай қалды. Бұрынан қалыптасқан рулық ұжымдар бір-бірімен мидай араласып кетті. Бір кездері дамыған көшпелі малшаруашылығы тұйыққа тіреліп, жағдай күрт құлдырай бастады».

З.Е. Қабылдинов, Ж.Н. Қалиев, А.Т.Бейсенбаева Қазақстан тарихы, 8(7) сынып, Алматы, «Атамұра» 2018, 78 бет.

Тапсырма

А. Деректі түсіну

1. Дерек Ш.Уәлихановтың қай еңбегінен алынған?

2. Автор қандай ой-пікірді білдіргісі келеді?

3. Автор өзінің жазғанына қандай дәлелдер мен дәйектер келтіреді?

4. Дәйектің негізінде қандай жорамалдар жасауға болады?

5. Деректегі ақпараттың құндылығы неде?

6. Қандай мәселеге қатысты жазылды? Бұл мәселені белгілі бір тарихи жағдаймен байланыстыра аласыздар ма?

С. Деректегі ақпаратқа баға беру

1. Берілген кезең үшін бұл дерек қаншалықты маңызды болды?

2. Берілген кезеңге сай деректегі мәселелер, жорамалдар, идеялар мен құндылықтары ұқсас ақпаратты қамтитын өзге деректер бар ма?

3. Өзіңіздің қорытындыларыңызды негіздейтін басқа да дәйектер келтіре аласыз ба?

Д. Деректерді топтастыру

1. Деректе қандай жарғы туралы айтылған?

2. Оның қазақ тарихының кейінгі кезеңіндегі зардаптары қалай болды.

3. А С D деректерінің ортақ тақырыпты анықтау.

4. Берілген кезеңге сай деректегі мәселелер, идеялар мен құндылықтары ұқсас ақпаратты қамтитын өзге деректер келтіру.

Бөлім: 7.3 Қазақстан Ресей империясының құрамында

Тақырып: Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?

Оқыту мақсаттары: 7.4.2.1 – капиталистік қатынастардың экономикаға ықпалын анықтау


Тарихи концепті: өзгеріс пен сабақтастық, интерпретация

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер


Оқушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды; тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды; өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі пікірлерді, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.

1-тапсырма

Акция, дискриминация, маркшейдер терминдерін байланыстыра отырып төмендегі кестемен жұмыс ұсынылады.



Сауда қатынастарының дамуы



XVIII-XIX ғғ Қазақстан қалалары

Қазақстандағы	капиталистік	қатынастардың	дамуы
Кен өндіру	Орналасқан аймағы	Уақыты мен атауы	Қорытынды
Тұз, мұнай, алтын өндіру			
Жеңіл өнеркәсіп			
Темір жол			
Жәрменке саудасы			
Жұмысшы табының қалыптасуы			

Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

2-тапсырма

Дерек!

Омбы уезіне қарасты Қызылағаш болысының №6 ауыл қырғыздарын (қазақтарын-авт.) жерге орналастыру мәселесі

«Үстіміздегі жылғы тамыздың алғашқы күндерінің бірінде осы ауылға жерге орналастырушы бір шенеунік келді. Ауыл тұрғындары оның аты-жөнін біле алған жоқ. Ол қырғыздарды жинап алып, олардың осы ауылдан 180 шақырым алыс жерге көшуі тиіс екенін хабарлады. Оқиганың басы-қасында болған адамның айтуынша, қырғыздар оны бастарын төмен салып, үн-түнсіз тыңдаған. Ешкім бір ауыз сөз айтпаған. Айнала төңірек құлаққа ұрған танадай үнсіз тыныштыққа бөленген. Шенеунік сөзін одан әрі жалғастырып, енді бұл жерден сендерге ешқандай да жер берілмейді, оны күтіп босқа әуре болғаниша, осыдан бастап көше беріңдер дегенді айтты. Қырғыздар сонда да үн қатпаған. Мына хабарландыру оларға аспаннан жай түскендей әсер еткен, жүректері қысылып, қатты қиналған. Бірақ олар сондада болса, бұл жерден көшпеуге бекінді. Шенеунік жөніне кетті, ал ауыл адамдарының үнжұрғасы түсіп, ауыр уайымның ащы уын жұтқан бойы қала берді.»

Омбы хабаршысы, 1911, №191, 3-бет.

Сұрақтар:

1. Капиталистік қатынастар қазақ өлкесіне қандай өзгерістер әкелді?
2. Капиталистік қатынастардың қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына тигізген әсері қандай? Қазір Қазақстанда дәстүрлі мал шаруашылығы сақталған ба?
3. Қоянды жәрмеңкесіне неліктен халық көп жиналды?
4. Шаруалардың Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуының себебі неде? Қандай ұлт өкілдері көшіп келді?
5. Капиталистік қатынастардың дамуының қазақ өлкесі үшін 3-жақсы жағы, 3-кері жағын анықтау.

Бөлім: 7.3 Қазақстан Ресей империясының құрамында

Тақырып-8: XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ қоғамы

Зерттеу сұрағы: «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?

Оқыту мақсаттары

7.2.1.2 – ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;

7.1.2.2 – қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру

Тарихи концепті: интерпретация

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер


1-тапсырма

«Фишбоун» әдісі

Бұл стратегия – проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру моделі болып табылады. Оқыту процесінде бұл әдіс оқушылардың ортақ тақырыпты талқылауына септігін тигізеді. Бұл балық сүйектерін тігінен және көлденең орналастыруға болады. Жазылым қысқаша жазылуы тиіс. Балықтың басына: зерттелетін , қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне:

проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады. Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.

Дерек көзі: <https://erketai.kz/matematika/fishbon-adisi/>



Басы- XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ қоғамы тақырыбын талдайды.

Оң жағы-

- XIX ғ. екінші жартысындағы өзгерістер
- Ұлттық буржуазияның қалыптасуының себебі
- Патша өкіметінің ислам дініне қатысты саясаты
- «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?

Сол жағы-

- Ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсері қандай?
- Ұлттық буржуазия қандай қайырымдылық істерді атқарды?
- Оның қазақ зиялыларының өсіп шығуына қандай әсері болды?
- «Зар заман» ақындарының шығармаларындағы басты идеяны қазіргі жастарды тәрбиелеуге қалай қолдануға болады?

Соңы: Ұлт зиялыларының қазақ қоғамының оянуындағы рөлі.

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

1-тапсырма

«Зар заман» ақындарының өлеңдерін дерек ретінде қолдана отырып, XIX ғ. екінші жартысындағы қоғамдық қатынастарды талдау ұсынылады.

Саяси			
Экономикалық			
Әлеуметтік			
Мәдени			
Қорытынды ой			

2-тапсырма

1. XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы басты проблеманы «Зар заман» ақындары шығармалары бойынша анықтау

2. М.Мөңкеұлының «Үш қиян» өлеңінде қандай географиялық аймақтар айтылады? Қандай генерал-губернаторлыққа қарасты обылыстар? Қазіргі Қазақстанның қай аймағы?

3. Мәделі Жүсіпқожаұлының шығармаларында қандай мемлекеттердің аттары кездеседі? Хиуа мен Қоқан хандығына қазақ жерінің қандай аймағы тәуелді болды? Ол аймақтарды Ресей қалай басып алды?

4. Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңінің толық нұсқасымен таныса отырып, оның қазіргі қазақ қоғамына да айтары бар ма? Өзіңнің көзқарасыңды дәлелде.

Үш қиян	Орыстың от кемесі өрге жүзді
«Еділді тартып алғаны- Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны. Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны- Ойындағысының болғаны. Маңғыстауда үш түбек. Оны-дағы алғаны. Үренгіш пен Бұқараға Арбасын сүреп барғаны- Қоныстың бар ма қалғаны?! Мал мен басты есептеп, Баланың санын алғаны- Аңғарсаңыз жігіттер, Замананы тағы да- Бір қырсықтың шалғаны!» <i>Мұрат Мөңкеұлы</i>	III-нұсқасы Өзен Сыр, қаласың-ау енді менен, Күдер үзіп отырмын мен де сенен, Енді маған сен қоныс бола алмайсың, Үстіңе орыс келген от кемемен. Орыстың от кемесі өрге жүзді, Ақыр алмай қайтеді тұрсақ бізді?! Аралап аралыңнан ағаш кесті, Енді сенен Мәделі күдерүзді. Мәделі Бұқар барып қоныс алар, Бір жылдан соң бұл жерді орыс алар, Шымкент пенен Түркістан, жеті кентті Асып барып Тәшкенге қолын салар. <i>Мәделі Жүсіпқожаұлы</i>
Зар заман	
Зар заман, зар заман, Зарлап өткен бір заман. Сөздің басы — бисмілла, Біз айталық, сіз тыңда Мұсылманның тарихын: Төрт аяқты хайуан Бұ дүниенің жарығы. Бағасы кеткен жігіттің Бетінен алар зайыбы. Ағашты тауға үй салып, Алды кәпір ақында, Елді еркіне қоймады Буыршындай тақымдап. Дуан басы, болыс тұр Кәпірдің сөзін мақұлдап, Заманақыр боларда Алуан-алуан жан шықты, Қайыры жоқ бай шықты.	Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты. Арқадан дәурен кеткен соң, Қуғындап орыс жеткен соң, Тіпті амал жоқ, қазақтар Енді сенің торыңа. Орыс — бүркіт, біз — түлкі, Аламын деп талпынды, Орыстан қорлық көрген соң, Отырып билер алқынды. <i>Шортанбай Қанайұлы</i>

Бөлім: 7.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті

Тақырып: Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл

Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?

Оқыту мақсаттары:

7.2.2.2 – Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру

Тарихи концепті: маңыздылық



Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер



1-тапсырма

«Проблемалық-бағдарлы оқыту» – оқушылар топтасып немесе жеке алдарына қойған нақты проблемаларды шешуге күш салатын оқыту. Проблемалық-бағдарлы оқытудың басты басымдығы – ақпаратты өз бетінше іздеп, жаңа дағдылар қалыптастыру қажеттігі. Осылай қалыптасқан дағдылар оқушыларға қоғамнан өз орнын табуға көмектеседі. Проблемалық-бағдарлы оқытудың топтастырып өткізілетін түрінен ең жақсы нәтиже шығады, себебі командалық жұмыс тіпті ең күрделі проблемаларды сәтті шешуге жиі мүмкіндік береді.

«Суреттер сыры» тапсырмасы арқылы қазақ ағартушылары Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсаринге қатысты ақпараттарды өз бетінше іздеу ұсынылады. Ақпараттарды топтастыру арқылы қазақ ағартушыларының мұраларындағы көпшілікке беймәлім тұстарын қарастыру арқылы проблеманы шешу жолдарын оқушыға қалдыру ұсынылады. Проблемаларды шешу жұмысы барысында оқушылар айтарлықтай автономды және тәуелсіз болуы тиіс. Мұғалім оларға мәселеге қатысты өз көзқарасын тіпті жанамалы түрде де таңбауы тиіс.

Суреттер сыры





2-тапсырма Сурет сыры

1-қадам. БАҚЫЛАУ

A. Суретті 3 минуттық зерттеу. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз.

B. Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.

Адамдар	Нысандар	Іс-әрекеттер

2-қадам. Қорытынды

Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш ақпаратты көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз

3-қадам. Сұрақтар

А.	Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырды?
В.	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?

Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Тапсырма:

Абайдың қолжазбалары сақталған сандық қайда?

1903 жылы Көкшетау мешітінің имамы Наурызбай Таласұлы мен сол мешіттің жанындағы мектептің мұғалімі Шәйкен молла (Шәймерден Қосшығұлұлы) бастаған діни азаттық қозғалысқа байланысты Ресей патша үкіметінің ішкі істер министрлігі жүргізген қылмысты іске қатысы бар деп, Абайдың соңынан бақылау қойылған. Сол жылдың қысында Шәймерден Қосшығұлұлы Баянауылдағы Сәдуақас Мұсаұлы Шормановқа, Абайға және басқа да беделді ел ағаларына хат жазып, бүкіл қазақтық мұсылман съезін өткізу туралы ақылдасқан. Съезге дайындық ретінде қаражат жиналып жатқанын хабарлаған.

Сақталған архив құжаттарына қарағанда, алғашқы хатқа Абай жауап бермеген. Екінші хатты 1903 жылғы сәуір айында Абайдың өзін Арқат поштасына алып барып, қол қойғызып, уезд бастығы Навроцкий Абайдың қолынан алған. 1903 жылғы 25-сәуірде Абайдың үйін, қора-қопсыға дейін тінткен Семей уезінің бастығы Навроцкий Абайдың қолжазбалары, оқыған кітаптары мен журналдары сақталған сандықты, Семейге алып кеткен. Әрі қарай Омбыға жөнелткен.

Мұқият зерттеп, «араб әрпімен жазылған қолжазбаларда үкіметке қарсы бағытталған ештеңе табылмағаны» туралы қорытынды жасаған. Сандық Семейге қайтарылмаған. 1904 жылы Абайдың өзі қайтыс болды.

Сонымен, Абайдың қағазы салынған сандық Омбыдан қайтпай қалды-ау деп есептейміз. Бұған дәлел ретінде, Алаш көсемдерінің бірі, заңгер Жұмысбай Ақбаевтың жазғанын ұсынуға болады. Ол 1905 жылы 26 маусымда Ресей үкіметіне қазақтар атынан жазған арызында былай деп көрсетеді: «...1903 жылы Петропавл, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйіне тінту жүргізілді. Сол тінту барысында олардан тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр...»

Қалай болған күнде де, Абайдың сандығы, оның ішіндегі қағаздар отқа жағылған жоқ, әлдебіреу күресінге лақтырған жоқ. Ол қағаздардың құнын хат танитын әркім білгеніне шүбә келтірмеймін. Сандықтың ішінде Абайдың араб әлібімен жазған қолжазбалары ғана емес, діни кітаптар, орыс тіліндегі кітаптар,

журналдар мен газеттер болған. Абайдың атына келген хаттар болған. Сандықта осы қағаздардың бар екендігі архивте жазылған.

Зарқын Тайшыбай, абайтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология докторы, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры.

Тапсырма

Сұрақ қоюдың ерекшелігі:

– Білім алушыларға неғұрлым көп сұрақ (дұрыс сұрақ) қоюға мүмкіндік беру.

– Ресурстардың кең ауқымын ұсыну;

– Білім алушылардың қызығушылығын дамыту, кең ауқымды білімді тануға жағдай жасайтын сұрақтар құрастыру;

– Тақырыпты зерттеу барысында «өмірмен байланысы» қағидасын басшылыққа алу;

– Білім алушылардың бойына түсініктер/құбылыстар/заңдылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалар беру;

– Білім алушыларды себеп-салдарлық байланыстарды терең талдау жүргізуге бағыттау;

– Әрбір тапсырмадағы сұрақтың мазмұнын білім алушыны ойланатындай жүйелі ойлауға бағыттап құрастыру;

Мәтіннің түсіну коэффициентін анықтауға арналған сұрақтар:

1. Мақаланың атауы.

2. Мақаланың авторы.

3. Мәліметтер (газеттің немесе сайттың атауы, мерзімі).

4. Мақалада қандай мәселе көтеріледі?

5. Шәймерден Қосшығұлұлы, Сәдуақас Мұсаұлы Шормановтар кімдер?

6. Семей уезінің бастығы Навроцкий Абайдың үйін, қора-қопсысын неге тінткен?

7. Сандықты неге Омбыға алып кетті?

8. Сандықтың Семейге қайтпағаны туралы кім жазды?

9. Сандықты қайтпау себебіне өзіңнің уәжіңді жаз?

10. Абай мұраларының XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қалыптасуындағы орнын анықтау.

11. Абай қазақты әлемге танытты ма, әлде қазақ Абайды әлемге танытты ма?

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 8-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім: XX ғасырдың басындағы Қазақстан

Тақырып-1: Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Зерттеу сұрағы: Не себепті А.Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?

Оқыту мақсаттары:

8.3.1.2 – XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;

Тарихи концепті: интерпретация

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Дерек!

1914 жылдардағы обылыстардағы қазақтардың үлесі:

Ақмола обылысы- 36,6 %

Семей обылысы-73

Жетісу обылысы-60,5

Сырдария обылысы-62,3

Торғай обылысы-58,7

Орал обылысы-56,9

1-тапсырма

«Қазақ даласына қоныстанушылардың келуі олардың өмір сүруін проблемаға айналдырды?» деген пікірмен келісесіз ба? ПТМС формуласы арқылы пікір жазу ұсынылады.

Позиция (мен осылай деп ойлаймын.....)

Түсіндіру (себебі.....)

Мысал (мен оны мынандай мысалдар арқылы дәлелдеймі.....)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын.....)

2-тапсырма

Картаны пайдалана отырып, XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі капиталистік қатынастардың дамуына талдау жасау ұсынылады. Қазіргі еліміздің өндіріс аймақтарын атау және Қазақстан Республикасындағы ірі өңдеуші зауыттар бойынша карта сызу ұсынылады.

1. Тау-кен өндірісі

2. Тұз кәсіпшілігі

3. Мұнай өндірісі

4. Жеңіл өнеркәсіп

5. Жәрмеңке саудасы

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Дерек!

Екінші сайланған Мемлекеттік Дума депутаттарының мәлімдемесі

«Соңғы қабылданған заңдар бойынша артық жерді алуға жергілікті қырғыздардың (қазақтардың авт.) жер мәселесіне қатысты мұқтажын барынша өтегенен кейін ғана кірісуге және қоныс аударушылар үшін жер телімдерін сол алынған жерлердің есебінен беруге рұқсат етілген еді.

Ал, қазір жер өлшеуші партиялардың жүргізіп жатқан жұмыстарынан көріп отырғандай, олардың қызметі тек қоныс аударушылар үшін жер телімдерін алуға бағытталған. Қырғыздардың жерге қатысты мұқтажын барынша қамтамасыз ету жөнінде ойланып жасаған қағида мүлде ұмыт қалып отыр және ондай басы артық жерлердің бар жоғы мұқият зерттелмеген.

Мемлекеттік Дума депутаттарының пікірі бойынша басы артық, жерлерді анықтау - бір ғана жеке облыстың емес, барлық облыстардың: Закаспийск, Орал, Торғай, Сырдария, Ақмола және Семей облыстарын жан-жақты әрі мұқият зерттегеннен кейін ғана мүмкін болатын нәрсе... Әлдебір жеке болыстағы табиғи сумен суарылатын ұлтарактай бір тұтам жерін алып қоюдың өзі қырғыздарға ауыр зардаптар әкелері анық,... Депутаттар шаруалардың қоныс аударуын дереу тоқтату керек және далалық облыстағы қырғыздарды жерге орналастыруға жедел түрде кірісу қажет деп санайды.....»

*Қазақтардың жерді пайдалану жөніндегі кеңесінің журналы.
СПб., 19076 125-125 беттер.*

1-тапсырма

Тарихи концепті: интерпретация

1. Қазақстандағы XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси бағыттардың ұстанымдарын анықтау

Жәдидшілер

Панисламистер

Пантүркистер

Либералдық-демократтар

Социал-демократтар

2. 1905-1907 жылғы орыс буржуазиялық революциясы қазақ өлкесіндегі демократиялық қозғалыстың өрістеуіне қалай әсер етті?

3. Өлкедегі петициялық қозғалыс тарихы.

4. «Қарқаралы петициясы» және Алаш қозғалысы.

5. Қазақ зиялыларының топтасуындағы Мемлекеттік Думаның орны.

6. Мемлекеттік Думада қазақ депутаттарының көтерген басты мәселесі.

7. Неге 3-4 Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттары сайланбады?

Дерек-1

Мәскеу. Әскери-тарихи мұрағат. 563-қор, 1-опись, 6-іс.

Әлихан Бөкейхановтан А.М. Коллюбакинге. 1906 жылғы 20 ақпан.

1 беті.

Құрметті Александр Михайлович!

Сіздің қара жүздіктердің төндірген қауіпінен аман-есен құтылғаныңызға шын жүрегімнен қуаныштымын. Оларды ақылды жолмен алдап кетіңіз.

Өзіңізге жіберіп отырған 14 бет хатты «Нашей жизни» және басқа да сондай газеттерге басыңызды сұраймын. Онда менің басымнан өткен қиындықты көресіз. Мен К.Д.-лардың съезіне қатысудың орнына түрмеге түстім. Мемлекеттік Думаның мүшелігіне кандидат ретінде князь Д.И.Шахқа сәлем айтыңыз. Сіздің қолыңызды қысамын.

Ә.Бөкейханов

Мақала-хатты заңсыз жолмен жіберіп отырмын. Менің хаттарым тексеріледі, тіркеледі. Егер маған хат жазамын десеңіз: Павлодар. Медицина

фельдшері Аманбай Шегіровке. Оның ішіне Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановқа деп жіберіңіз. Мемлекеттік Думада кездесерміз.

21.02.1906 ж. Павлодар, Семей облысы. №25.

Дерек-2

Қырғыз даласының Дзян-Дзяны

Біздің өлке (Семей және Ақмола облыстары) бейбіт өмір сүреді. Олардың шыдамдылығына орыс-жапон соғысының айбынды батыры Куропаткин (Сухотин, Роминов, Галкиндерді айтпағанда) қызғана қараған болар еді.

Осы қырғыз даласындағы 26 шаруа басқарушы және уездіктерде патшалық етіп отырғандар жексұрын бастықтар.

Бұл жерге Ресейден өмір сүру үшін күреске жарамайтындарды жібереді. Шаруалардың бастықтарының ішінде ротмистр, капитан, дін қызметкері, писарь, тіпті ветеринар дәрігері де бар. Бұл мырзалар қырғыздарға ойларына не келеді соны жасайды.

Заң бойынша қатаң тиым салынса да олардың бірі дүре соғады (О, заң қайдасың?). Екіншісі төбелес шығарады, Халық сайлаған басқарушыны бекітпей өздерінің достарын бекітеді, қырғыздардың тілегін қабылдамайды, ал поштамен өтініш айтса жауап бермейді. Қырғыз болыстарынан тегін азық-түлік алуға әбден әдеттенген.

Бейбіт қырғыз өлкесі үшін адамдар оңды жолмен күресіп жүргенде батыр генерал Сухотин әскери тәртіп орнатуды талап етті. Соны негізінде төменде қол қоюшы 1906 жылы 9 қаңтарда қамауға алынды. Мен Семейдің округтік соты жанындағы прокурордың бақылаушысына бірнеше рет жазып маған нақты айып тағып айыптауларын сұрадым. Бірақ прокурор (Орловский) және тергеуші (Конаков) бірнеше рет мағынасыз хаттармен жауап берді. Олар маған генерал Сухотиннің жандармдарының ротмистріне арыз жаз деді. Мен әзірше есімнен айырылған жоқпын. Мен оларға арызданбай тұтқындалған мерзімнен бір ай өтуін (23) әрі жарияланған соғыс жағдайы күні өтсін деп тостым.

Менің түрмеге түсуімнің себебі - генерал Сухотин менен кек алып отыр. Бостандық күні менің мақалам жарияланған еді. Онда оны 17 қазандағы Манифестің 1-пунктіне сәйкес сотқа беруді талап еткенмін. Ол кезде мен Думада қырғыздардың кандидаты едім. Мені түрмеге қамау және заңның осын-шама жүзім шарабына масайраған-дарының мазағы болуы, Наполеонның сайлау алдындағы үгіттерінің (Луи Наполеон) кері жағдайына ұқсас. Ол жөнінде Витте мырзаның да ықпалы бар болуы керек.

Түрмеден мені Француз рантьесі Витте мырза кешірім берсе ғана немесе сайлау аяқталғанда шығарады. Бізде сот да, заң да жоқ. Оның барлығын (қытай иероглифіндегі) шеңбер – сопақ – ұзын қамшы ауыстырады.

Әлихан БӨКЕЙХАНОВ. 20 ақпан 1906 жыл.

Павлодар – түрмесі.

Болатбек НӘСЕНОВ, зерттеуші, Семейдегі Шәкәрім және М.Әуезов атындағы университеттердің құрметті профессоры. <https://abai.kz/post/55>

2-тапсырма

Зерттеу

1-дерек бойынша

1. Шаховской, Дмитрий Иванович пен Колюбакин, Александр Михайлович деген кімдер, Ә.Бөкейхановпен бұл тұлғаларды не байланыстырады?

2. Ә. Бөкейханов Бірінші Мемлекеттік Дума кезінде қандай партияның мүшесі болды? Себебі не?

3. Хат неге заңсыз жолмен жіберіліп отыр?

2-дерек бойынша

1. Деректе қай обылыстың қазақтары туралы мәлімет берілген?

2. Ресейден қазақ жерін басқаруға қандай адамдар жіберілген?

3. Олар қазақтарды қалай қорлаған?

4. Генерал Сухотин кім?

5. Ә. Бөкейханов түрмеге не үшін қамалды?

6. «Бізде сот да, заң да жоқ. Оның барлығын (қытай иероглифіндегі) шеңбер – сопақ – ұзын қамшы ауыстырады» деген Ә. Бөкейхановтың сөзін қалай түсіндірер едің?

7. Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?

Бөлім: XX ғасырдың басындағы Қазақстан

Тақырып: Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы

Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?

Оқыту мақсаттары: 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру

Тарихи концепті: себеп-салдар, маңыздылық

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Дерек!

«Бұл соғыста жалпы жұртқа пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы халық болар. Жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ»

Әлихан Бөкейханов «Тағы да соғыс»

Тапсырма

1916 жылғы көтеріліс бойынша SWOT талдау жасау

Күшті жақтары

Әлсіз жақтары



Дерек!

«Империяның бұратана еркек халқын соғысып жатқан армия шеңберінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар салу жөніндегі жұмыстарға, сондай ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де жұмыстарға тарту туралы». Император ағзам 916 жыл 25 маусым күні былай деп жоғары дәрежелі өмір берді:

Соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар салу жөніндегі жұмыстарға, сондай ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де барлық жұмыстарға осы соғыс барысында империяның төменде аталған 19 жастан 43 қа дейінгі бұратана еркектер тартылсын.

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.

Құжаттар жинағы.М., 1960, 25-26 б.

1916 жылы Торғайда Амангелді Иманов бастаған көтеріліске қатысқан қазақтар. Архивтегі сурет. Жетісу қазақтары. 1913 жылғы «Фольбаум альбомындағы»

Павел Лейбин түсірген фото.



1-тапсырма

Белгілі 1916 жылдың жазы еді. Жаз жауынды, сулы, қалың шалғынды, қызықты қалың Албанның ертегідей сұлу жайлаулары: Үш Мерке, Үшқарқара, Сырт, Лабас-жайлау күндерінің жасыл торғын шымылдығы көк жібек бесігі сияқты.....

Шалқыған, көрнекті мол дүниенің тірі пішінді белгісі сияқты Қарқара жәрмеңкесі қайнап жатқан.....»

1. Үзінді қандай көркем шығармадан алынған?
2. Шығарманың авторы кім?

3. Шығармаға арқау болған тарихи оқиға?
4. Шығарманы оқып шығып, қысқаша мазмұндама жазу.

2-тапсырма

Тарихи концепті: ұқсастық пен айырмашылық

– Картаны пайдалана отырып, 1916 жылғы көтерілістің басты үш орталығының бір-бірімен ұқсастығы мен айырмашылығы туралы талдау жасау ұсынылады.

– Кейкі батыр, Бекболат Әшекеевтер туралы қосымша зерттеулер жүргізу және олар туралы қандай шығармалар барын анықтау ұсынылады.

<https://www.youtube.com/watch?v=Jy1zwI9n6ds>



Жетісу көтерілісі	Торғай көтерілісі

3- тақырып: «Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы

Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?

Оқыту мақсаттары:

8.1.2.1 – қазақ зиялыларының қоғамдағы ролі мен қызметін талдау;

8.3.1.4 – «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау;

Тарихи концепті: маңыздылық, интерпретация

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

1-тапсырма

Сурет бойынша төмендегі тапсырманы орындау арқылы ақпаратты анықтау үшін оқушының зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылады.



Білім алушылардың фото суретті мұқият зерттеулеріне 3 минут уақыт беріледі. Фото суретке сүйене отырып, төмендегі тапсырманы орындау ұсынылады.

1. Фото сурет шамамен қай жылдары түсірілген?

Жауап: _____

2. Фото суреттегі кімнің бейнелері таныс, аты-жөні мен қызметі туралы жазу

Жауап: _____

3. Фото суретке тақырып қою

Жауап: _____

4. Фото суретті әрі қарай зерттеуді жалғастыру. Қосымша мәлімет жазу

Жауап: _____

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

1-мәтін

«Қазақ жерінде қоныс аударушы орыс шаруалары мен орыс казактарының саны басым әрі олардың қолында қару бар. Және билік те солардың жағында. Біз әуелі оларды ішке тартып, «біз сендерді ешқайда қумаймыз, сендерге жаулығымыз жоқ, бірігіп мемлекет құрайық, бірлесіп әрекет етейік» деп оларға түсіндірейік. Сосын барып, тәуелсіздікті жариялайық» деген. Әлихан Бөкейхан ұстанымы дұрыс болатын».

2-мәтін

Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласында былай деді: ««Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар» деген қазақтың сөзі бар. Сенің әрбір қадамыңды, әр сөзіңді аңдып отырған билік бар. Жарайды, сендер жалпықазақ съезін шақырасыңдар, онда саясат туралы сөз болмай қоймайды. Соның бәрі биліктің құлағына жетсе, сендердің әрқайсыңды жүргізбейді. Сондықтан бұл әңгімені қоя тұрыңдар. Уақыты келгенде көрерміз»

Мәмбет Қойгелді тарихшы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі <https://e-history.kz/kz/authors?id=null>

1-тапсырма

Алашорда ұлттық автономиясының сәтсіздікпен аяқталу себебі?

1. Алаш партиясының бағдарламасының қандай бөлімдерін қазіргі ҚР Конституциясының басты тарауларымен салыстырар едіңіз?

2. Неліктен Алаш зиялылары жер туралы мәселені басты деп санады? Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 26-27 баптары бойынша салыстыру жасау.

3. Алашорда ұлттық автономиясы мемлекеттің қандай басқару түріне жатады?

4. «Қазақ» газеті-Алашорда автономиясының баспасөз органы.

5. Алашорда ұлттық автономиясы мемлекеттік басқаруда неге жапондық және батыстық үлгіні таңдады?

6. XX ғасырдың басында неге қазақ зиялылары екі бағытты ұстанды?

7. Азамат соғысы жылдарында Алашорда неге ақ гвардияшылдарды жақтады?

8. Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?

2-тапсырма

Өлеңдегі негізгі және жанама ақпаратты анықтаңыз.

1. Өлеңнен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы туралы бөліктерді анықтау..


2. Өлең бөліктерін қайта қарап, Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай? деген жолдарында автордың ойын талдау

Оян қазақ	
Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қарағым, енді жату жарамас-ты. Найзаменен түртсе де, Жатырмын, қазақ, оянбай. Мұнша қалың ұйқыны Бердің бізге, ой, Алла-ай! Бар ма екен біздей ғафыл жұрт, Атырафқа көз салсақ.	Көзі іскенше ұйқыға Келе жатқан тоя алмай? Етемін үміт жастардан, Жаңа гүл шашқан бақшадай. Мұрадын оңай кім табар, Жар салып жұртқа қақсамай? Халыққа, жастар, басшы бол! Қараңғыда жетектеп. Терең судан өтер ме, Мың қойды серке бастамай? <i>Міржақып Дулатов</i>

3-тапсырма

«Өзгеріс пен сабақтастық» концептісін басшылыққа ала отырып, Қазақ АКСР мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік белгілерін интерпретация жасау ұсынылады.

		Қазақ АКСР-і	Қазақстан Республикасы
1	Басқару жүйесі қандай?		
2	Негізгі заңы		
3	Жер аумағы		
4	Мемлекеттік идеологиясы		
5	Айырмашылығы (пікір жазу)		



Бөлім: Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде

Тақырып: Қазақстандағы ұжымдастыру

Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке» әкеліп соқтырды?

Оқыту мақсаттары:

8.4.1.2 – Күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау;

8.1.1.1 – демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау;

Тарихи концепті: себеп-салдар, интерпретация

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

1-тапсырма

«Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру қалай жүргізілді?» сұрағы бойынша «PEST-талдау» жасау.

Концепт: себеп-салдар

P – саяси фактор	
E – экономикалық фактор	
S – әлеуметтік фактор	
T – технологиялық фактор	

2-тапсырма

«Оқиға картасын» құрастыру арқылы тақырып бойынша оқу мақсатына толық жетуге болады. Тапсырма арқылы «Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудың» себеп-салдарын толық талдау арқылы оқушының шығармашылық жұмысы және жеке көзқарасы қалыптасады.


Мәтін атауы: Ашаршылық  	Кейіпкерлер: Қазақ халқы, Кеңес үкіметі, ұлт зиялылары.  	Ахуал: Елді индустрияландыру, ұжымдастыру, қазақ жеріне Голощекиннің келуі «Кіші қазан» саясаты. Тәркілеу.  
Шешімі: Т. Рысқұловтың 1933ж. Сталинге хаты. О. Исаевтың Голощекинді орнынан босату ұсынысы. 1933ж. Голощекиннің қызметінен босатылуы.  	Туындаған мәселе: Халық қарсылығы. Қазақ зиялыларының Голощекинге 1932ж хат жолдауы Бесеудің хаты  	Оқиға: Ашаршылық-1931-1933жылдары Қазақстандағы болған оқиға. 2 млн астам жуық адам қырылды. Басқа елдерге қоныс аударылды. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. 40,5млн малдан 1933ж 4,5млн ғана мал басы қалады.  

Функционалды сапаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Дерек!



1926 жылдан бастап 1959 жылдар аралығын қамтитын санақты тарихшы, заңгер Жетпіс Талдыбаевтың еңбегінен алынды



*Қытайға көшу мен оның себептері БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің
Жалпы бөлімі материалдарынан
1931 жылғы 31 желтоқсанына дейін*

Көшу қозғалысына Күршім ауданы аз ұрынған. Ауданнан барлығы 170 шаруашылық Қытайға кетіп үлгерген, олардың 30-ы бай шаруашылығы, қалғандары кедейлер мен орташалар. Бұдан басқа шекарадан жеке-жеке ары асқан 63 оқиға тіркелген.

Көшіп кеткендер ішінде 5 коммунист пен 9 комсомол бар, ал бұл коммунистер мен комсомолдар көшіп кеткен рулық шаруашылық ауылдарының мүшелері болып табылады.

Олардың (көшіп кетулердің) себептері:

1. Аудан шаруашылығын жоспарлау мен басқару практикасындағы жіберілген ірі қателіктер.
2. Шаруашылық - саяси науқанды өткізудегі асыра сілтеуде.
3. Ауылдағы революциялық заңдылық үшін күрестің әлсіздігінде және ауылдық ұйымдар мен жекелеген аудандық қызметкерлердің тарпынан жіберілген қиянатта.
4. Жұмыстың барлық түрінде қатал әкімшілік-әміршілдік көрсететін ауылдық ұйым әлсіздігі мен қандай да бір бұқаралық түсіндіру жұмысы жүргізілмеуінде.
5. Ауыл өндірістік тауармен нашар жабдықталуда.
6. Ауылдар арасындағы рулық байланысқа негізделген байлар мен бұрын Қытайға көшіп кеткен рулардың ықпалында.

*Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Құжаттар мен материалдар
жинағы. 1-т.,-Алматы, 1998, 236-237 б.*

1-тапсырма

Қазақстандағы ұжымдастыру кезеңіндегі жіберілген өрескел қателіктерді дәлелелдегі тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдау жасау ұсынылады.

Тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекке қорытынды жасайды;

Голощекиннің Кіші Қазан саясаты мен ұжымдастыру кезіндегі қазақ халқын жоюға бағытталған объективті түсінік қалыптастыру мақсатында

түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі пікірлерді мен қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.

Бөлім: Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде

Тақырып: 1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар

Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?

Оқыту мақсаттары:

8.3.1.7 – XX ғасырдың 20–30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау;

8.1.2.1 – қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

Тарихи концепті: себеп-салдар, маңыздылық

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер



Тапсырма

GREAT- тапсырмасы бойынша XX ғасырдың 20–30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау ұсынылады.

G (Groundbreaking) - елеулі/бетбұрыс	
R (Remembered) - есте қаларлық	
E (Events) - маңызды оқиға	
A (Affected) - болашаққа әсері	
T (Terrifying) кездескен қиындықтар	

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Дерек!

Сталиннің БК(б)П Қазөлкеком бюросы мүшелеріне «Ақ жол» журналы туралы хаты 1925 жылғы мамыр

Қазөлкекомның барлық мүшелеріне

Құрметті жолдастар!

Бір-екі күн бұрын менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Осыған байланысты атақты Шоқаевтың ақ гвардияшылар баспа сөздігіндегі бірқатар мақаласын еске алдым да, ең сұмдығы, осы мақалалар мен «Ақ жол» журналы арасында кейбір рухани «бірлік» барлығына көз жеткіздім. Сонан басқа амал жоқ, бірақ «Ақ жол» бәрімізбен қатар Шоқаевқа да мол материал беріп отырған ақиқат. ... «Ақ жолдың» сыны-табалау мен өшпенділік, біздің шындығымыз емес. Кеңес елінде мұндай сынға орын болмауы тиіс.

Шұғыл шара қолданылсын....

Мен партияда жоқ зиялыларды кеңестік баспасөзге тартуды толықтай қолдаймын. Наркомзем, ХШК, кооперация секілді шаруашылық органдары осы адамдарды толық кеңестендіріп, тиісінше пайдалануы керек. Мен партияда жоқ зиялылардың қазақ мәдениетін дамыту ісіне тартылуын да қолдаймын. Оқулықтарды қазақ тілінде дайындау-бұл адамдардың мәдениет саласындағы басты жұмысы. Бірақ мен партияда жоқ зиялыларды саяси және идеологиялық күрес ісіне араластыруға қарсымын. Мен партияда жоқтардың қазақ жастарын тәрбиелеумен айналысқанына қарсымын.

ҚРОММ. 141 қ., 1-т, 1-2 парақ, 479 А

Дерек!

БК(б)П ОК Саяси бюросы ерекше үштік туралы мәжілісінің № П 6222 хаттамасынан көшірме

1938 жылғы қыркүйек, ПХК (п) 22 сұрағы

1. КСРО ПХК 1937 жылғы № 004856, 00439 және 00693 және 1938 жылғы №326 бұйрығына сәйкес ПХК -нің ұлттық құрамы (саны) (репрессияланған) тұтқындардың қаралмаған тергеу ісін Ерекше үштік қарауына беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Ерекше үштік обкомның БК(б)П өлкелік комитетінің немесе Ұлттық партиялар ОК-нің бірінші хатшысы, ПХК -нің тиісті басшысы мен обылыс, өлке республика прокуроры құрамына сайланады.

3.және Қаз КСРЕрекше үштік облыстар бойынша құрылады.

4. Ерекше үштік 1938 жылғы 1 тамызға дейін тұтқындар ісін ғана қарайды да жұмысты 2 ай мерзімде аяқтайды.

5. 1938 жылғы 1 тамыздан кейін тұтқындалған көрсетілген (ұлт) (репрессияланған) контингенттің (саны) бәрінің ісін қарау үшін сот шешімі бойынша тиісті сот органдарына (әскери трибуналға, желілік және обылыстық соттарға; Жоғарғы Әскери Коллегиясына) жіберілсін, сондай-ақ істі қарауға жіберсін және істі айыпталушыны соттауға жеткілікті материал болса, оны қамаудан шығару туралы шешім шығарылсын.

6. Ерекше үштік бірінші категория бойынша шешімі жылдам жүзеге асырылсын.


ОК хатшысы И.Сталин

«Известия» газеті, 3 қазан, 1996 ж № 62.

1-тапсырма

«Себеп және салдар» концепті- бір немесе бірнеше себептердің немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе үдерісті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды.

«Фишбоун» әдісі



– Басы- «1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар» тақырыбын талдайды.

– Оң жағы-

– Сталиннің «Социализм құрылысы аяқталуына байланысты тап күресі тереңдей түседі» деген тұжырымдамасы саяси репрессияның бастауы болады ма?

– Неге Сталиндік репрессия жылдары Ұлттық зиялы қауым өкілдері бірінші болып жазаланды?

– Ерекше үштік пен ПХК қандай органдар? Жоғарыдағы деректе қандай мәліметтер келтірілген?

– ГУЛАК жүйесіне кірген Қазақстандағы қандай лагерлер қазіргі уақытта мұражайға айналдырылған? Ондағы экспонаттар туралы білесің ба?

– Сталин БК(б)П Қазөлкеком бюросы мүшелеріне «Ақ жол» журналы туралы хатты қандай мақсатпен жолдады?

– Хатта партияда жоқтар деп кімдер туралы жазып отыр?

– Оның қазақ зиялыларының өсіп шығуына қандай әсері болды?

– «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы бойынша қандай жұмыстар атқарылды?

– Соңы: Сталиндік репрессияның еліміздің болашағы үшін тигізген зардабы қандай болды?

Бөлім: 8.3 Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым

Тақырып-6: XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым

Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?

Оқыту мақсаттары:

– XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау;

8.2.3.2 – Кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау

Концепті: маңыздылық

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тапсырма:

Кластерлер («жүзімнің шоқтары» деген мағынада қолданылған) - идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер.

Кластер әдісі бойынша А. Байтұрсынұлының қызметі мен еңбегіне оқушылар өз тұжырымдарын жасап, аталған тұжырымдарына дәйек келтіре отырып, жұмыстарын қорғайды. Негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өз-ара байланыстары туралы талдау ұсынылады.

Әдетте кластерлер оқушылардың жеке орындалуынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.



Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

1-тапсырма

«Күлпәш» (үзінді)

Б.Майлин. Шұғаның белгісі. Әңгімелер. -Алматы, 2003, 30-бет.

Сұрақтар:

1. Әңгіменің толық нұсқасын оқып шығу
2. Әңгімеде қазақ тарихының қандай кезеңі туралы баяндалады?
3. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі шығармалардан сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды көре аламыз ба?
4. XX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи оқиғаларды сипаттайтын екі көркем шығармаға қысқаша сипаттама жазу

5. Қазіргі оқушылардың кітап оқымауының себебін жазу

2-тапсырма

1. Қазақ өнерпаздарының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі мен қазақ өнерін әлемге танытудағы рөлін анықтау. 1-кесте

2. «Кеңестік кезеңдегі қазақ өнері» тақырыбында ой толғау жазу.

Тірек сөздер: А.В. Затаевич, Н.Г. Хлудов, театр, музыка, мәдени он күндік, опера, социалистік реализм. <https://www.youtube.com/watch?v=sUM84uodwpM>

Кесте

Ә. Қашаубаев	Қ. Мұңайтпасов	Ә. Қастеев

3. Қазіргі қазақ өнерін әлемге дәріштеп жүрген өнерпаздар мен спортшылар туралы оқушы пікірін жазу ұсынылады.

Бөлім: Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында

Тақырып: Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы

Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғыс батырлары халық есінде сақталды?

Оқыту мақсаттары:

8.3.2.1 – қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау;

8.3.2.2 – Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тарихи концепті: маңыздылық

1-тапсырма:

Ойлан, Жұптас, Пікірлес – оқушыларға Ұлы Отан соғысына қатысқан аталары немесе туысқандары туралы деректер жинауға байланысты тапсырма беру ұсынылады. Бұл тапсырманы тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тапсырманы орындау барысында фото, мұрағат және отбасылық мұрағат материалдары, деректі фильмдерді қолдану ұсынылады.

2-тапсырма бойынша жеткілікті құжаттар жиналғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (3-5 минут) сипаттайды. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.

Бұл тәсілді тек шағын топтарда ғана емес, сонымен бірге сыныпқа қолдану тиімді.

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Тапсырма

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романы – Бауыржан Момышұлының мемуарлық шығармасы. Шығармаға автордың балалық шағынан, ес біле бастаған, мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі өзек болған. Жазушы

өзінің тұлға ретінде қалыптасуына ұшқан ұясы ықпал еткенін баяндай отырып, отбасы мүшелерін: әжесі Қызтумас, әкесі Момыш, немере ағасы Момынкұл, әпкелері Үбиан, Әлимандарды өзіндік бейнелерімен әр қырынан танытқан. «Ұшқан ұя» романы – мемуарлық шығарма ғана емес, қазақтың салт-дәстүрі, ғұрпы, ұстанымы, дүниетанымы әсерлі бейнеленген этнографиялық шығарма.

Орыс жазушысы Александр Бектің таңдаулы шығармасының басты кейіпкері – қазақ халқының даңқты ұлы Бауыржан Момышұлы. Осы шығармада аты аңызға айналған қолбасшының ұлттық мінезі мен қаһармандық іс-әрекеті терең ашылып, көркем шешімін тапқан. Тәрбиелік мәні өте зор: отан қорғаушылық, елін, жерін сүйуге арналған. Содай кейін ер азаматтың мінезін қалыптастыруда, оның еліне, жеріне деген, еліне ие болатын, халқына қорған болатын азаматты тәрбиелеуде рөлі өте зор.

«Волоколамск тас жолы» кітабы көркем қиялдан жасалатын үйреншікті әдеби туынды емес, панфиловшылардың аты-жөндері толық сақталып, олар қатысқан ұрыстар сол қалпында суреттелетін әскери-документті шығарма.»

Аталған екі шығарманы оқушыларға оқу ұсынылады.

Шығарманы оқып болғанан кейін «Саралап оқыту технологиясы бойынша оқушылар «Барлығы әрқайсысын, әрқайсысы барлығын үйретеді» (В.К.Дьяченко) тәсілі бойынша жұмыс ұсынылады.

Саралап оқыту технологиясы

Саралау («дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.

«Әрқайсысы біреуді оқытады» әдісі бойынша ешкім барлығын біле бермейді, бірақ әркім бір нәрсені білуі мүмкін ұстанымын негізге алу ұсынылады.

Әдіс оқушылардың оқу тапсырмаларын шешуге қажетті қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабакты жоспарлау кезінде «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» тәсілін таңдау, яғни оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып оқыту формасын (жеке, жұптық, топтық) таңдау маңызды.

Төмендегідей оқушылар жұбын құру ұсынылады:

- оқу деңгейі бірдей
- жеке ерекшеліктеріне байланысты
- оқу деңгейі әртүрлі

Білім деңгейі бірдей жұптар қарапайым тапсырмаларды жылдам орындап, күрделі тапсырмаларды орындауға көшеді.

Білім деңгейі әртүрлі жұптар жаңа материалды бекіту, білімді тексеру кезінде тиімді жұмыс істейді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 9-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныс (9 сынып)

Қазіргі кезде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту жұмыстарының басты тақырыптарының бірі білім алушының бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылық - жеке тұлғаның жаңа білім алуға, жаңа технологияны меңгеруге, өмірдегі күнделікті туындаған мәселені сәтті ұйымдастыруға қажетті дағдылар мен білімдерді беретін нәтижелі білім. Оның құрамдас бөліктері:

- Когнитивтік түсініктер мен дағдыларды игеру;
- Қиындықтарды шешу;
- Ақпаратпен жұмыс жасау;
- Құндылықтар мен нормаларды бағалау;
- Өмірлік қажеттіліктерін саналы таңдау

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - бұл күрделі де ұзақ процесс. Заманауи білім берудің педагогикалық технологияларын шебер, сауатты ұштастыра алатын кәсіби маман, сыныптағы күнделікті жүйелі жұмыс арқылы ғана нәтижеге қол жеткізеді.

Бөлім	9.1 Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар
Тақырып	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?
Оқу мақсаты	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
Әдіс-тәсілдер	Оқытудың әдіс-тәсілдері: «Сюжеттік кесте», «Салдар және нәтиже»
Тарихи концептілер	Интерпретация, себеп-салдар

1- тапсырма. Топтық жұмыс. «Сюжеттік кесте» Оқулықтағы мәтінді және А,В,С дереккөздерін пайдаланып, Қазақстанның соғыстан кейінгі әскери-өнеркәсіптік кешендерін талдап, сюжеттік кесте құрастырыңдар:

1-топ.Қазақ КСР-дағы әскери-өнеркәсіптік кешен (Дереккөз А)

2-топ.Атом сынақ алаңдарының құрылысы (Дереккөз В)

3-топ.Семейдегі ядролық сынақтар (Дереккөз С)

Не?	Қашан?	Қайда?	Неліктен?

Дереккөз А. Қазақстан аумағында аса қуатты әскери-өнеркәсіп кешені қалыптасты. 50-ге жуық қорғаныстық маңызы бар кәсіпорын құрылды. Осы өндіріс орындарында КСРО армиясы жаяу әскер соғыс машиналарының (БМП) 18%-ы, барлық артиллериялық жүйелердің 11%-ы өндірілді. Республика зауыттарында әскери теңіз күшіне қажетті қару-жарақтар мен жабдықтар (торпедо т.б.), қанатты зымырандарға арналған аппаратура, сүңгуір қайықтарды басқару жүйелері, химиялық және биологиялық қарулар

шығарылды. SS–21 тактикалық зымырандарға арналған ұшыру қондырғылары да Қазақстанда жасалынды. Курчатов қаласында ядролық зымырандардың қозғалтқыштары дайындалды. Петропавлдегі ауыр машина жасау зауытында орта қашықтықтағы баллистикалық зымырандар жасалынды. Орал қаласының кәсіпорындары әскери кемелерді қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды, ірі калибрлі пулеметтер шығарды. Өскеменнің Үлбі металлургиялық комбинаты табиғатта аса сирек кездесетін әскери-өндірістік маңызы зор бериллий, тантал химиялық элементтерін өндірді.

Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019, 19-20-беттер

Дереккөз В. «СЕМЕЙ–21» 1947 жылы 21 тамызда КСРО үкіметі арнайы қаулысымен тағы бір сондай құпия қала құру туралы шешім қабылдап, оған «Семей–21» деген жасырын ат берді. Қала әскери-өнеркәсіптік кешеннің мүлдем жаңа құрылымына – ядролық сынақ полигонына толық қызмет етуге тиіс болды. Алға қойылған міндеттің бұрын-соңды көз көрмеген құрамы ескеріле отырып, ядролық сынақ полигонына оған жақын жайылымдар, шабындықтар, таулы қыраттар есебінен 18 мың шаршы километрдей жер бөліп берілді. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде немесе әуе кеңістігінде жасалды. Қазақ ғалымдарының есебі бойынша, Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Осынау сынақтар Қазақстанның тіршілік өрісі мен халық денсаулығына тигізген сұмдық нұқсанды сипаттау үшін тіл жетпейді. Жер бетіндегі және әуедегі ядролық жарылыстардың зардаптары сұмдық еді.


Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. – Астана: «Елорда», 2001, 44, 54–55-беттер.

Дереккөз С. Сынақ алаңының зардаптары (Дегелеңнің дегендері) Республикамыздағы демографиялық апатты аймақтардың бірі – Семейдегі ядролық сынақ алаңы. Уақыт өткен сайын халық санасынан талай нәрсе өшіп жатыр. Соның бірі, сынақ алаңы қамтып жатқан 18 мың шаршы шақырым аймақтағы көне жер-су аттары, ескінің көзі – күмбездер мен бейіттер. Сынақ алаңының алып жатқан жер көлемін осыдан-ақ біле беруіңізге болады. Арқаның бұл нағыз құйқалы, шұрайлы жерлері... Бұл – бұрынғы КСРО-дағы екінші ядролық сынақ алаңы. Алғашқысы да Қазақстанның Батысында, Нарын құмында болған. Егер қателеспесем, сол жер атымен Азғыр деп аталады. Оның да жер көлемі аз емес (12 шаршы шақырым). Енді, ядролық сынақ алаңының демографияға әсеріне келейік. Ол, біріншіден, психологиялық тұрғыда әсер етеді. Оны ғылым тілінде радиафобия деп атаймыз. Фобия қорқыныш, үрей, қорқу дегенді білдіреді. Радиафобия үркеншілік ретінде демографиялық мінез-құлыққа кері ықпалын тигізеді. Мәселен, радиафобия билеп алған әйелдер дендері сау бола тұра, үшінші, төртінші, бесінші баланы дүниеге әкелуге қорқады да, бала көтермейді. Олар ақыл-есі кем, денсаулығы жоқ, мүгедек сәбиді дүниеге әкелем бе деген орынды үрейді жеңе алмайды. Ядролық сынақ алаңының демографияға екінші бір әсері, адамдардың миграциялық мінез-құлқына қатты әсер етеді.

Тәтімов М. Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993, 111–177-беттер.

2- тапсырма. Жұптық жұмыс. «Салдар және нәтиже»

Берілген суреттер мен алынған білімді пайдалана отырып, Семейдегі сынақ жарылыстарының 2 салдарын және 1 нәтижесін тұжырымдаңдар.



Салдары:

- 1.
- 2.

Нәтиже:

- 1.

Бөлім	9.1 Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар
Тақырып	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері. Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?
Оқу мақсаты	9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Әдіс-тәсілдер	«Концептуалды кесте»
Тарихи концепті	Интерпретация Маңыздылық концептісі.

1- тапсырма. Топтық жұмыс. «**Концептуалды кесте**» Оқулық мәтінін және оқулықтағы қосымша мәліметтерді пайдаланып, Е. Бекмахановтың Қазақстанның тарихи ғылымын дамытудағы рөліне кесте арқылы баға беріңіз:

1-топ. 1943 жылғы кандидаттық диссертациясы

Тарихи тұлға	Еңбегінің аты	Көтерген тақырыбы	Зерттеу сұрағы
Е.Бекмаханов	1943 жылғы кандидаттық диссертациясы		XX ғасырдың 40-50 жылдары тарихтағы «жіберілген қателіктер» үшін тарихшылар неліктен нысанға айналды деп ойлайсыңдар?

2-топ. 1947 жылғы монографиясы

Тарихи тұлға	Еңбегінің аты	Көтерген тақырыбы	Зерттеу сұрағы
--------------	---------------	-------------------	----------------

Е.Бекмаханов			«Бекмаханов ісі» неге және қалай пайда болды?
--------------	--	--	---

3-топ. 1958 жылғы докторлық диссертациясын қорғауы

Тарихи тұлға	Еңбегінің аты	Көтерген тақырыбы	Зерттеу сұрағы
Е.Бекмаханов			«Е.Бекмаханов буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады» деген пікір туралы ойларың?

Қосымша ұсынуға дереккөз «Аты аңызға айналған Бекмаханов»

Буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады деп айдар тағылған

Е.Бекмахановтың көңіл күйі 1947–1950 жылдарда өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. 1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова, Якунин жариялаған «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақалада кітап пен оның авторы тағы да қатты сынға алынды. «Правдадағы» мақала Е. Бекмахановты ресми түрде тікелей саяси айыптаудың басы болды. 1951 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалап «Е.Бекмахановтың буржуазияшыл ұлтшылдық көзқарастарын айыптады». Е.Бекмаханов университеттен жұмысынан қуылып, 1951 жылы партия қатарынан шығарылды. Ол біраз уақыт Алматы облысы Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте Ермұқан тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында №699 іс бойынша Е.Бекмахановты айыптау қорытындысы дайын болды. Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылғы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды. Ерекеңнің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды да қамқор адамдардың тікелей жәрдемінің арқасында, қанқұйлы Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның «қылмысты ісі» жойылып, өзі ақталып шықты.

Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы/

Құраст.: С.О. Смағұлова, Г. Ж. Өскембаева. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015, 258–259-беттер.

Дерек А. «БЕКМАХАНОВ ІСІ» ТУРАЛЫ

...Ленинград пен Мәскеуде қолдан жасалған «Ленинград ісі»,

«Дәрігерлер ісі» жүріп жатқан кезде, Қазақстанда «Бекмаханов ісі»

ұйымдастырылды. Қазақстан тарихы ғылымында Қазақстанның Ресейге қосылу проблемалары Кеңестік идеология тұрғысынан зерттелінді;

ол «түгелдей зиян», «жартылай зиян», «прогрессивті құбылыс» деген сияқты үш қырынан қаралды.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).

Бес томдық. 4-том, Алматы, 2010,

536–537-беттер

Бөлім	9.1 Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)
Тақырып	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?
Оқу мақсаты	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
Әдіс-тәсілдер	«Инфографика» , «Қос сұрақ».
Тарихи концепті	интерпретация
1- тапсырма. Шығармашылық тапсырма. «Инфографика» Топқа бөлініп, оқулықтағы төмендегі ұсынылған тақырыптардан таңдауларың бойынша бір тақырыпқа Қазақстандағы тың игеру туралы инфографика жасаңдар: Инфографика жасау үшін ұсынылатын тақырыптар: ➤ Тың игеру жылдарындағы ауылшаруашылығындағы өзгерістер; ➤ Тың игеру жылдарындағы дағдарыстар; ➤ Тың игеру жылдарындағы экологиялық өзгерістер; ➤ Тың игерудің ауылшаруашылығына тигізген зардаптары; Инфографика деп қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кез келген мәтін мен графиканың үйлестіріліп берілуін айтамыз. Инфографика жасау үшін кеңестер: Инфографика жасау – командалық жұмыс. Оған редактор, журналист, дизайнер қатысады. Инфографика жасар алдында ең алдымен топ болып ақылдасыңдар. Дизайнер инфографика жасау үшін қандай ақпарат керек екенін және журналист қандай деректерді табуы тиіс екенін айтады. Қажет ақпарат жиналып болғанға дейін графиканың жартысы дайын тұруы мүмкін, бұл уақытты үнемдейді. <i>Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019, 38-бет.</i> 2 тапсырма. «Қос сұрақ». Берілген дереккөздер мен өз білімдеріңді пайдалана отырып, кеңестік жүйенің тың игеру жылдарындағы Қазақстанның демографиялық дамуына тигізген әсеріне төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, талдау жасаңдар: 1.«1960 жылға қарай Қазақстанда жергілікті халық пен басқа халықтардың саны үлес салмағының арасындағы алшақтық ұлғайды». Бұл пікірмен келісесіңдер ме? Пікіріңді негізде; 2.Тың игеру жылдарындағы қазақ халқының үлес салмағының төмендеуінің қандай салдарлары болды? Жауабыңды негізде; 3.Тың игеру жылдары қала халқының саны не себепті өсті? Жауабыңды дәлелде; Дерек С 1954–1965 жылдары Қазақстан халқына өзге республикалардан сан мыңдаған адам қосылды. Одан кейінгі мерзімде бұл бағыт жалғаса берді. 1962 жылы қазақтар республика халқының жартысына да жетпеді, ал	

1897 жылы қазақ ұлты елдің 85%-ы еді.

Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019, 49-бет.

Дерек D



Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019, 49-бет.

3-тапсырма. Картамен жұмыс. Контур картадан Қазақстанның тың игерілген облыстарын белгілеңдер және неліктен осы аймақтар таңдап алынғандығы туралы өз ойларыңды тұжырымдаңдар;



Әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан тарихы (1945-2019 жылдар). 2-бөлім. Қ.Өскембаев,З.Сақтағанова, Ғ.Мұхтарұлы. Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2019.
- 2.Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019, 38-бет

Бөлім	9.3 Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)
Тақырып	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар. Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?

Оқу мақсаты	9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау
Әдіс-тәсілдер	«Суреттер сөйлейді», «ПОПС формуласы», «салыстыру кестесі»
Тарихи концепті	Өзгеріс пен сабақтастық, маңыздылық концептісі.

1 тапсырма. «Суреттер сөйлейді» Сұрақтарға жауап беріңдер;



- 1) Берілген суреттердің ортақ мәні неде?
- 2) Бұл суреттер қандай тарихи оқиғалармен байланысты?
- 3) Суреттердің тарихи маңызы туралы не ойлайсындар?

2-тапсырма. «**ПОПС формуласы**». Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы тарихынан мәтіндік деректі және өз біліміңді қолданып, «ПОПС» талдауын жасаңдар;

«ПОПС формуласы»

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...

Мәтіндік дерек

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы тарихынан Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің қайшылықсыз дамуын, елдің азаматтарының ұлтына қарамастан ертеңгі күнге деген сенімділігін орнықтыруы, қазақстандық патриотизмді нығайтып, заңды орындау және сайлау мәдениетін негіздеуі керек болды. Конституция жобасының 18-ге жуық нұсқасы қаралды. Конституция жобасын талдау және сараптау үшін 1995 жылы 22 мамырда Президенттің қаулысымен сараптамалық-консультативтік кеңес құрылды. Бұл кеңеске: Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, з.ғ.д. Ю.В. Басин, Қазақ ұлттық университеті мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор, з.ғ.д. В.А. Ким, ҚР Президентінің Жоғары кеңестегі жеке өкілі, з.ғ.д. К.А. Колпаков, Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, з.ғ.д. А.К. Котов, ҚР Президент аппаратының Заң шығару органы және құқықтық сараптау бөлімінің меңгерушісі Б.Ә. Мұхамеджанов, Қазақ мемлекеттік заң институтының ректоры, з.ғ.к. Е.Қ. Нұрпейісов, Мемлекет және құқық институтының директоры, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, з.ғ.д., профессор Ғ.С. Сапарғалиев, Қазақ мемлекеттік заң институтының жеке құқық

ғылыми-зерттеу орталығының директоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі з.ғ.д. профессор М.К. Сүлейменов, Әділет министрі, з.ғ.д. Н.А. Шәйкенов бекітілді.

1995 жылдың 30 маусымы мен 30 шілдесі аралығында жаңа Конституция жобасы халықтық талқылаудан өтті. Талқылауға 58 республикалық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және қозғалыстар қатысты. Олардан 678 ұсыныстар мен ескертулер түсті. Жаңа Конституция жобасының негізінде

адам және азаматтардың еркіндіктері мен құқықтарының үстемдігі орнап, Қазақстандағы мықты президенттік мемлекеттің негізі қаланды.

Республика бойынша 34 459 талқылау өткізіліп, оған 3 345 110 адам қатысты, 123 717 адам пікір білдіріп, нәтижесінде 31 886 ұсыныстар мен ескертулер жасалды. Бүкіл халықтық референдумға 8 212 773 азамат (тұрғындардың 81,14%) қатысып, 800 839 азамат қарсы пікір (референдумға қатысушылардың 9,9%) білдірді. 78 130 бюллетень жарамсыз болып табылды. Референдумның жүргізілуін бақылаушылар куәлігін иеленген 328 тұлға қадағалады. 1995 жылғы 30 тамызында Қазақстан халқы республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Конституцияда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Паритет, 2010, 132–133-беттер.

3-тапсырма. **«Салыстыру» кестесі.** ҚР 1993 және 1995 жылғы Конституцияларын салыстыра отырып, қорытынды жасаңдар;

	1993 жылғы Конституция	1995 жылғы Конституция
Қабылдануының алғышарттары		
Құрылымы		
Тарихи маңызы		
Қорытынды:		

Бөлім	9.4 Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)
Тақырып	Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең. Зерттеу сұрағы: «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?
Оқу мақсаты	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау; 9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
Әдіс-тәсілдер	Инфографикамен жұмыс, "PEST-талдауы»
Тарихи концепті	Интерпретация
1- тапсырма. Инфографикамен жұмыс. Берілген инфографика бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріндер және жауаптарыңды тұжырымдандар;	



1. Ұсынылған инфографиканың мазмұны қандай?
2. Бұл ақпарат қаншалықты маңызды? Кем дегенде 2 дәлел келтіріңіз.
3. Неліктен "Қазақстан-2030" стратегиясын қабылдау қажеттілігі туындады?

2- тапсырма. "PEST-талдау» әдісі."Қазақстан-2030" даму стратегиясына PEST-талдауын жасаңдар:


Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы (1945-2019 жылдар). 2-бөлім. Қ.Өскембаев, З.Сақтағанова, Ғ.Мұхтарұлы. Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2019.
2. Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/Б.Ғ. Аяған, Қ.Б. Әдиет, А.Б. Сатанов. – Алматы: Атамұра, 2019.
3. https://present5.com/presentation/289466281_439194023/image-20.jpg

Бөлім	9.4 Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)
Тақырып	Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай
Оқу мақсаты	9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу
Әдіс-тәсілдер	Диаграммамен жұмыс, «ПТМС» әдісі
Тарихи концепті	интерпретация


1-тапсырма. **Диаграммамен жұмыс.** Диаграммалардың статистикалық деректерін пайдалана отырып, 2016 жылдың негізгі көрсеткіштері бойынша Қазақстанның сыртқы саудасына зерттеу жүргізіндер;

Диаграмма 1. Қазақстанның импорты және экспорты.



2-диаграмма. Импорттаушы елдердің үлес салмағы

3-диаграмма. Қазақстаннан түрлі тауар топтарының импорты. 2016 жыл



1. Диаграммалар экономиканың қай саласы туралы ақпарат береді?
2. Сыртқы сауданы дамыту бойынша қандай қадамдар жасалды?
3. Сыртқы саудадағы жетістіктер мен қиындықтар қандай?
4. Тарих үшін диаграммада көрсетілген ақпараттың мәні неде?

2-тапсырма. «ПТМС» әдісі. Әлемдік интеграциялану үдерісінде Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруін «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдендер.

Позиция (біз солай санаймыз..., мен солай санаймын...)

Түсіндіру (себебі ...)

Мысал (біз (мен) мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз (аламын)...

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз (жасаймын) ...)

Бөлім	9.4 Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)
Тақырып	Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы. Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?
Оқу мақсаты	9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
Әдіс-тәсілдер	«Ойлау кестесі»
Тарихи концепті	Интерпретация, өзгеріс пен сабақтастық
1-тапсырма. Өз білімдеріңді, қосымша ресурстарды пайдаланып, еліміздің астанасының Ақмолаға көшуіне байланысты «SWOT» талдауын жасаңдар;	
SWOT-талдау • S - (Strength) – Күшті жақтар • W - (Weakness) – Әлсіз жақтар • O - (Opportunities) – Мүмкіндіктер • T - (Threats) – Қайып	

Дерек Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына және «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» 1994 жылғы 6 шілдедегі Республика Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Былай деп белгіленсін:

Республиканың Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшірілгенге дейін Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласы болып табылады.

Республиканың Президенті резиденциясының тұратын жері Ақмола және Алматы қалалары болып табылады.

2. Жоғары және мемлекеттік органдарды Ақмола қаласында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы құрылсын, оған осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру құқығы берілсін.

3. Республіка Үкіметі:

Ақмола қаласын абаттандыру жөніндегі бюджеттен тыс қаражатты жинақтау мақсатында «Жаңа астана» қорын тағайындасын.

Ақмола қаласының құрылысы мен инфрақұрылымын дамытуға қатысушы инвесторларға салық, кеден және өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды дайындап, Республика Президентінің қарауына енгізсін.

Осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВ. Алматы, 1995 жылғы қыркүйектің 15-і. «Егемен Қазақстан», 16.09.95.

2-тапсырма. «**Ойлау кестесі**». Оқулықтың мәтінін оқып (193-196 беттер) және қосымша мәліметтерді пайдаланып, «Ойлау кестесін» толтырыңдар;

[illegible]

	ЕҚЫҰ		
		2017 жыл	
	Бейбітшілік пен келісім сарайы		
		1999 жыл	

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 10-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар


10-сынып Қазақстан тарихы пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде «Білімнің болуы» бүгінгі күні жеткілікті емес. Адамдардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді функционалдық ойлау қабілетін метатанымдық деңгейде дамыту қажет.

Бұл әдістемелік құралда ұсынылған оқу-танымдық іс-әрекеттер білім алушыларға Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен ролін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму

жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге, отандық тарихты зерделеу, өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Бөлімі	Өркениет: даму ерекшеліктері/ Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы
Тақырып	Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы
Оқу мақсаты	10.1.1.2-әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу
Әдіс-тәсіл	«Grow» әдісін қолдану
Тарихи концепті	Интерпретация
1-тапсырма: «Grow» әдісі бойынша әртүрлі зерттеушілердің тарихи оқиғаны сипаттауын кестеге түсіру.	
Мақсат	
Іске асыру	
Мүмкіндіктер	
Әрекет	
Пайдаланылған әдебиеттер:. 1. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра. 2002. 2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994 3. Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256 4. https://www.youtube.com/watch?v=NTIsqhI6P78	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Өркениет: даму ерекшеліктері/ «Ұлы Дала өркениеті»
Тақырып	Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)
Оқу мақсаты	10.1.2.5-Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау
Әдіс-тәсіл	Картамен жұмыс, «ПТМС формуласы»
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма Ұлы Даладағы өркениет ошақтарын тарихи кезеңдермен карта арқылы талдап, «ПТМС формуласы» бойынша тапсырманы орындау.	



«Орал мен Маңғыстаудағы көтерілістер бұрынғы көтерілістерден өзгеше болды»

«Орал мен Маңғыстаудағы көтерілістер бұрынғы көтерілістерге ұқсас болды»

Позиция (мен солай ойлаймын...)

Түсіндіру (себебі...)

Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын...)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі
Тақырып	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі.
Оқу мақсаты	10.1.3.1- Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау;
Әдіс-тәсіл	«Great» әдісі
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «Great» әдісі арқылы, Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы, бүгінгі күнмен сабақтастыру. <pre> graph TD A[Елеулі бетбұрыс] <--> B[Кең таралған оқиға] A --> C[Қауіпі] B --> D[Болашаққа әсер еткен] C --> E[Барлығының есінде сақталған] D --> E </pre>	
Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра. 2002.	

2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994
3. Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998
4. Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256
5. <https://www.youtube.com/watch?v=NYUtFw54zdw>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Этникалық және әлеуметтік процестер / Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы
Тақырып	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары
Оқу мақсаты	10.2.2.1 -қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа », «жүз», « ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану;
Әдіс-тәсіл	«Блум таксономиясы»
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «Блум таксономиясы» бойынша «ру», «тайпа », «жүз», « ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын талдай отырып, қазіргі кездегі өзгеріс пен сабақтастығын саралау.	
Пайдаланылған әдебиеттер: Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра. 2002. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994 Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998 Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256 https://www.youtube.com/watch?v=DpLTY0vchNs	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Этникалық және әлеуметтік процестер / Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы
Тақырып	Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері
Оқу мақсаты	10.2.2.6 -қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек», «қарасүйек », «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану;
Әдіс-тәсіл	Тарихи тұлғаны тап
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма	

Берілген мәтінде қай тұлғаны сипаттап тұрғанын табу және оның саяси қызметіне баға беру.

А.Левшин оның тарихи тұлғасына мынадай сипаттама берген болатын: «Ол бірнеше жылдарға созылған қантөгіс соғыстарды тоқтатып, өзара қырқысуларды тыныштандырды, ол өзінің ақылымен және әділеттілігімен басқаларды бағындыра білді, ол мықтыларды тыныштандырып, әлсіздерді біріктіру арқылы күштілерге қарсы тұра алатындай етті, ол жалпыға ортақ заң шығарып, сол заңмен өмір сүргізді, қазіргі күнде ол заң қазақтардың есінде сақталған».

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан/ Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер
Тақырып	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы
Оқу мақсаты	10.3.1.2Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;
Әдіс-тәсіл	«PEST» формуласы
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «PEST» формуласы арқылы Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдеріндегі өзгеріс пен сабақтастықты салыстырмалы талдау. P- political-саяси E-economical-экономика S-social-әлеуметтік T-technical-техникалық	
Пайдаланылған әдебиеттер: - Ежелгі Қазақстан: Арийлер, сақтар, ғұндар, түркілер.- Алматы: Аруна, 2002. - Қазақстан тарихы(көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-3-том. Алматы, 1996-2000. - Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері./ ҚР Білім және ғылым министірлігі, Р.Б.Сүлейменов атын. шығыстану ин-ты; М.Қ.Әбусейітова және т.б.-Алматы: Дайк-Пресс, 2006.-(Мәдени мұра).Т.5, 3- бөлім: Әлеуметтік тарихи жылнамалар. - Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан/ Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет
Тақырып	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары
Оқу мақсаты	10.3.3.2 -Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау;
Әдіс-тәсіл	«Талдау» кетесімен жұмыс

Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «Талдау» кетесімен жұмыс арқылы саяси институттарының ерекшелігін талдап, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктеріне баға беру.	
XV—XVIII ғасырлардағы Қазақ мемлекеттігінің әкімшілік басқару құрылысы	
XVII ғасырдағы мемлекет нышандары	
Билер институты. Құрылтай	
Қазақ хандығындағы заңдар. («Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы».)	
Меншік қатынастары. Салықтар мен міндеткерліктер	
Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра. 2002. 2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994 3. Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998 4. Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256 5. https://www.youtube.com/watch?v=M5MV7fPneqE	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан/ Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	
Тақырып	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	
Оқу мақсаты	10.3.4.3 -Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	
Әдіс-тәсіл	«GROW» формасы	
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық, маңыздылық	
1-тапсырма «Grow» әдісі бойынша Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талдау.		
	Түркістан (Қоқан)	Алаш автономиясы
Мақсат		
Іске асыру		

Мүмкіндіктер		
Әрекет		
Пайдаланылған әдебиеттер: 1. https://www.youtube.com/watch?v=V-W9YXy-2Do 2. Тұрсын Хазіретәлі Маханұлы. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және түркістан мұхтарияты (2006) 3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994 4. Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998 5. Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256		

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан/ Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы
Тақырып	Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі
Оқу мақсаты	10.3.1.2 - Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;
Әдіс-тәсіл	«PEST» формуласы
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық

1-тапсырма

«PEST» әдісі арқылы Кеңес үкіметі кезіндегі Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін саралау.



Салалар	1-кезең	2-кезең
Саясат		
Экономикасы		
Әлеуметтік		
Технология		

Пайдаланылған әдебиеттер:

<https://www.youtube.com/watch?v=V-W9YXy-2Do>

Тұрсын Хазіретәлі Маханұлы. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және түркістан мұхтарияты (2006)
 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994

Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998
 Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мәдениеттің дамуы/ Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы		
Тақырып	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері		
Оқу мақсаты	10.4.1.1 -Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану		
Әдіс-тәсіл	«ИНСЕРТ» формуласы		
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық		
1-тапсырма «ИНСЕРТ» формуласы бойынша «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдары арқылы өткенмен қазіргі шақтың арасындағы байланысты көрсету. Инсерт формуласы			
Бұрыннан білемін	Жаңалық	Ойладым	Сұрағым бар
Пайдаланылған әдебиеттер: 1. https://www.youtube.com/watch?v=24qi6iby8Ms 2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994 3. Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998 4. Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256			

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мәдениеттің дамуы/ Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы
Тақырып	Тарихи және мәдени ескерткіштер
Оқу мақсаты	10.4.1.5 -дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу
Әдіс-тәсіл	«Креативті матрица» формуласы
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «Креативті матрица» әдісі арқылы сакральді қасиетті орындарды талдау	

Табиғи-ландшафтылынысан	Археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері	Қасиетті діни қажылық орын	Тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты жерлер

Пайдаланылған әдебиеттер:
<https://www.youtube.com/watch?v=527JPo1iXNM>
 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994
 Қазақтар, казахи: Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998
 Қазақстан тарихы. Джандосова З.А. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Мектеп, 2019.-256

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Мәдениеттің дамуы/ Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті
Тақырып	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар
Оқу мақсаты	10.4.2.кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
Әдіс-тәсіл	«Блум токсономиясы»
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма «Блум токсономиясы» бойынша Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау.	

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқытуда 11-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде «Білімнің болуы» бүгінгі күні жеткілікті емес. Адамдардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді функционалдық ойлау қабілетін метатанымдық деңгейде дамыту қажет.

Әдістемелік құралда ұсынылған оқу-танымдық іс-әрекеттер білім алушыларға Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге, отандық тарихты зерделеу, өткен

тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі
Тақырып	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы
Оқу мақсаты	11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі" , "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау;
Әдіс-тәсіл	«Сұрақты тап»
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық

1-тапсырма

«Сұрақты тап» (Сұрақтың жауабы ұсынылады. Қандай сұрақ қойылды?) Қазақ қоғамындағы шаруашылық жүйені, қазіргі таңдағы қалыптасқан жаңа үрдістермен ұштастырып, өзгеріс және сабақтастықты талдау.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://www.youtube.com/watch?v=l0fw1xqRfqQ>
2. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра. 2002
3. Толыбеков С.Е. XV-XX ғасырдың басындағы көшпелі қазақ қоғамы(саяси-экономикалық зерттеу)- Алматы, 2017.
4. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі
Тақырып	Қолөнер мен кәсіптер
Оқу мақсаты	11.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
Әдіс-тәсіл	«Мозайка» әдісі
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық

1-тапсырма

«Мозайка» әдісі арқылы қолөнер туындысын құрастырып, қазіргі таңдағы қолөнер туындысымен ұқсастықтары мен айырмашылығын салыстыру.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://www.youtube.com/watch?v=l0fw1xqRfqQ>
2. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра. 2002
3. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев
4. Райымханова К.Н. Дәстүрлі өнер.- Алматы, 2002.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері
Тақырып	Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі
Оқу мақсаты	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;
Әдіс-тәсіл	PEST» талдау әдісі
Тарихи концепті	Маңыздылығы
1-тапсырма «PEST» талдау әдісін қолдана отырып, Ұлы Жібек жолының негізгі саясат, экономика, әлеуметтік, техникалық әсерін талдау арқылы, өткені мен қазіргі кездегі маңыздылығын талдау. P- political E-economical S-social T-technical	
Пайдаланылған әдебиеттер: 1. https://www.youtube.com/watch?v=97AqlYO-0ps 2. https://www.youtube.com/watch?v=AVKDT2s5awA 3. Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 2-том. Алматы: Атамұра. 2002 4. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік- экономикалық дамуы
Тақырып	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы
Оқу мақсаты	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану;
Әдіс-тәсіл	Концептуалды кесте
Тарихи концепті	Интерпретация

1-тапсырма	
Концептуалды кесте арқылы Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау	
Дәстүрлі (аграрлы) экономика	Жоспарлы (социалистік) экономика
Пайдаланылған әдебиеттер: https://www.youtube.com/watch?v=njGFcHYF5Lk Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 5-том. Алматы: Атамұра. 2002 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев Аяғанов Б. Кеңестік социализмнің шарықтау шегі мен күйреуі. Қазақстандық полигон.- Алматы, 2000	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы
Тақырып	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)
Оқу мақсаты	11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
Әдіс-тәсіл	«Дөңгелек үстел» өткізу
Тарихи концепті	Себеп салдар
1-тапсырма «Дөңгелек үстел» өткізу арқылы, Қазақстан аумағындағы халықтың моноэтникалық құрамының өзгеруінің себеп салдарын талдау.	
	
Пайдаланылған әдебиеттер: Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра. 2002 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев Қалымбекова М.Ш. Қазақстанға арнайы қоныс аударылғандар: құжаттар мен материалдар(1930-1956) -Алматы, 2008.	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты
Тақырып	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты
Оқу мақсаты	11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдалану;
Әдіс-тәсіл	«SWOT» талдау


Тарихи концепті	Маңыздылық, интерпретация
1-тапсырма. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатына талдау жасаңыз	
S -күшті жақтары	W -әлсіз жақтары
O – мүмкіндіктері	T -қауіп-қатері
2-тапсырма Көші- қон ерекшеліктерін анықтаңыз	
Ішкі көші -қон	Сыртқы көші-қон
Пайдаланылған әдебиеттер:	
1. https://www.youtube.com/watch?v=-yqbHR92ts8	
2. Алексеенко А.Н. Қазақстан тұрғындары. 1920-1990 жылдары.- Алматы, 1993.	
3. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты
Тақырып	Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі
Оқу мақсаты	11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
Әдіс-тәсілдер	«ПТМС» формуласы
Тарихи концепті	Дәлел
1-тапсырма «ПТМС» формуласы арқылы, мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің ерекшеліктерін дәлелдеп, баға беру. Позиция (мен солай санаймын,...) Түсіндіру (....себебі...) Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) Қалдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)	
Пайдаланылған әдебиеттер:	
1. https://www.youtube.com/watch?v=-yqbHR92ts8	
2. Алексеенко А.Н. Қазақстан тұрғындары. 1920-1990 жылдары.- Алматы, 1993.	
3. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты
Тақырып	Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы

	Ассамблеясының рөлі						
Оқу мақсаты	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау						
Әдіс-тәсілдер	ФАКТ және ПІКІР						
Тарихи концепті	Дәлел						
1-тапсырма							
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>ФАКТ</th><th>ПІКІР</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Бейбітшілік пен келісімді қолдауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі жоғары.</td><td></td></tr> <tr> <td>Қазақстандық азаматтық бірегейлік бүкіл халықтың бірлігі мен біртұтастығы жолымен қалыптасады.</td><td></td></tr> </tbody> </table>	ФАКТ	ПІКІР	Бейбітшілік пен келісімді қолдауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі жоғары.		Қазақстандық азаматтық бірегейлік бүкіл халықтың бірлігі мен біртұтастығы жолымен қалыптасады.	
ФАКТ	ПІКІР						
Бейбітшілік пен келісімді қолдауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі жоғары.							
Қазақстандық азаматтық бірегейлік бүкіл халықтың бірлігі мен біртұтастығы жолымен қалыптасады.							
Пайдаланылған әдебиеттер: https://www.youtube.com/watch?v=tlKDowSQgl4 - Алексеев А.Н. Қазақстан тұрғындары. 1920-1990 жылдары.- Алматы, 1993. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев							

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы
Тақырып	«Зарзаман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары
Оқу мақсаты	11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру;
Әдіс-тәсіл	«GROW» формуласы
Тарихи концепті	Маңыздылық
1-тапсырма «GROW» формуласы бойынша, Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдырындағы отаршылдық саясатпен күресу кезіндегі, идеяларды талдау, себебі мен салдарын анықтау. G-Goal-мақсаты R-reality-іске асырылуы O-options-мүмкіндіктері W-Way forward-алға қарай әрекет ету	
 	
Пайдаланылған әдебиеттер: https://www.youtube.com/watch?v=xnzP5DbkHIQ - Қазақстан тарихы. Ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра. 2002 - Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-30-жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. - Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. -Алматы. - 1994.	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы
Тақырып	XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары
Оқу мақсаты	11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
Әдіс-тәсіл	Маңыздылық иерархиясы
Тарихи концепті	Маңыздылық
1-тапсырма Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлестерін бағалау Маңыздылық иерархиясы 	
Пайдаланылған әдебиеттер: https://www.youtube.com/watch?v=DJ1n9DdNEEnE https://www.youtube.com/watch?v=9uGG6cKOShQ 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев - Роберт Киндлер. Сталиндік көшпенділер. Қазақстандағы билік пен аштық. – Мәскеу, 2017	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	«Алаш» –қоғамдық ой және ұлттық идея.
Тақырып	«Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары
Оқу мақсаты	11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру
Әдіс-тәсіл	«ПТМС» формуласы
Тарихи концепті	Ұқсастық пен айырмашылық
1-тапсырма «ПТМС» формуласы арқылы, Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы, "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарының ұқсастық пен айырмашылықтарын талдау. Позиция (мен солай санаймын,...) Түсіндіру (...себебі...) Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) Қалдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)	
Пайдаланылған әдебиеттер:	

1. <https://www.youtube.com/watch?v=w1SZK3rsVS8>
2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 2017.
3. Құл-Мұхаммед М.А. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы, 1998.
4. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы
Тақырып	XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер
Оқу мақсаты	11.4.2.1 XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру
Әдіс-тәсіл	Зерттеу кестесі
Тарихи концепті	Маңыздылық
1-тапсырма Кесте құру арқылы, XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарындағы өзгеріс пен сабақтастықты анықтау	
Бағыттары	Маңызы
Пайдаланылған әдебиеттер:	
1. https://www.youtube.com/watch?v=q6hSfE73Gug	
2. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	
3. Академик Қ.И. Сәтбаев: Хаттар және Қазақстан ғылымы (мақалалар мен очерк, естеліктер). - Алматы, 1999	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы
Тақырып	Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары
Оқу мақсаты	11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
Әдіс-тәсіл	Дөңгелек үстел әдісі
Тарихи концепті	Себеп-салдар
1-тапсырма Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарды саралау	
	

Пайдаланылған әдебиеттер:	
1. https://www.youtube.com/watch?v=t7-vtyGW8LE	
2. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	
3. Қазақстан тарихы. Очерктер.- Алматы,2010, 3-том	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі
Тақырып	Қазақстан Республикасы білімі мен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы
Оқу мақсаты	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын
Әдіс-тәсіл	Жоба
Тарихи концепті	Маңыздылық
1-тапсырма Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызы тақырыбына жоба әзірлеу	
	
Пайдаланылған әдебиеттер:	
1. https://www.youtube.com/watch?v=7mmyfG-FH5Y	
2. 11-сынып Қазақстан тарихы. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев	
3. https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/120909	

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда 5-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім	Ежелгі Египет
Тақырып:	Ежелгі Египет пирамидалары қалай салынды?
Оқу мақсаты:	5.2.2.2 Ежелгі Египет ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау;
Әдіс-тәсіл	Зымыран сұрақтар
Тарихи концепті	Интерпретация
Ұсыным	Бұл сабақтағы оқу мақсаты «5.2.2.2 Ежелгі Египет

ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау», 1 сағатқа берілген. Баланың сипаттау негізінде талдау дағдысын қалыптастыруға, яғни баланың мәтінмен, диаграммамен, картамен жұмыс жасай отырып, оқу сауаттылығымен қатар талдау дағдысын дамытуға бағытталған. Оқу мақсатына жетуге бағыттайтын бір тапсырма құрастырылған. Тапсырмада тақырыпқа қатысты инфографика беріледі. Инфографикада көрсетілген мәліметтерден берілген сұрақтарға қатысты қажетті ақпараттарды анықтайды. Яғни, бұл тапсырма оқу сауаттылығымен қатар талдау дағдысын қалыптастырады/дамытады. Инфографикадағы қажетті ақпараттарды анықтау арқылы көрсетілген пирамиданың кімге арнап, қай уақытта салынғанын және кімге арналғанын білетін болады. Сонымен қатар, пирамиданың құрылысында құлдардың еңбегі пайдаланылғанын, қандай технологиялар қолданылғанын да сипаттай алады.

Тапсырма

Инфографиканы мұқият зерттеп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Пирамиды қай фараонға арналып салынған?

Пирамиданың салынған мерзімі?

Пирамиданың салынған жері

Пирамиданың биіктігі қанша метр?

Пирамида қалай салынды және салу барысында кімдердің еңбегі қолданылды?

https://aif.ru/dontknows/infographics/kak_ustroena_piramida_heopsa_infografika?from_inject=1

Бөлім	Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы
Тақырып:	Неліктен Ежелгі Үндістанда индуизм буддизмнен басым

	болды?
Оқу мақсаты:	5.1.2.3 қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін «касталық жүйе» ұғымын қолдану;
Әдіс-тәсіл	Венн диаграммасы
Концепті	Ұқсастық пен айырмашылық
Ұсыным	Бұл сабақтағы оқу мақсаты «5.1.2.3 қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін «касталық жүйе» ұғымын қолдану», 1 сағатқа берілген. Оқушы Үнді қоғамының әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін алдымен касталық жүйенің не екенін түсінуі қажет. Ал касталық жүйенің пайда болуы діни түсініктерімен байланысты екенін оқушылар берілген сурет пен дерек арқылы танып біледі. Сұрақтарға жауап беру арқылы үнді қоғамындағы каста санын және әр кастаның атқаратын қызметін ажыратады. Ежелгі Үндістандағы касталық жүйеге байланысты екі мәліметті (сурет пен дерек) салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды. Сонымен қатар, оқушылар касталық жүйе бойынша адамдар бір кастадан екінші кастаға өте алады ма/жоқ па? Осы сұраққа жауап беру арқылы өз пікірін дәлелдейді. Нәтижесінде, оқушылар игерген білімін жинақтап, дәлелдермен сөйлеуге машықтанады.

1-тапсырма

Оқулықтағы мәтінмен танысып және төмендегі суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беріңіз



«Дүниежүзі тарихы» оқулығы, НИШ, 2016, 53 б.

«Ригведада» бүкіл төрт варнаның (кастаның) Пуруши деген алғашқы адамнан пайда болуы жайлы аңыз дерек қалған. Бұл діни дерек ертеден тапқа бөліну ұғымының болғаны жайлы айтқан. «Пуруша-сукта» әнұранында былай делінген, брахмандар Пурушидың аузынан, кшатрии – қолынан, вайшы – белінен, шудрлар – өкшесінен пайда болған деп жазған.

«Үндістандағы касталық жүйе мәселесі» //Д. А. Таубалдиева, Б.А. Әліпбаева
file:///Users/zhanbolat/Downloads/508.pdf

1. Үндістанда әлеуметтік құрылымы неше кастадан тұрады? Бір дұрыс жауап

- A) 3
- B) 5
- C) 4

Д) 6

Е) 2

2.Дұрыс ақпаратты анықтаңыз. *Бір дұрыс жауап*

А) кшатрийлер діни рәсімдерді жүзеге асырады

В) вайшилер Брахма құдайының басынан жаратылған

С) Ежелгі Үндістанда 5 каста бар

Д) шудралар ең төменгі сатыда тұрады

Е) Брахмандар Брахма құдайының жүрегінен жаратылды

3.Қате жауапты анықтаңыз. *Бір дұрыс жауап.*

А) кшатрийлер әскери іспен айналысады

В) Брахма құдайының басынан брахмандар жаратылды

С) Ежелгі Үндістанда 4 каста бар

Д) шудралар ең төменгі сатыда тұрады

Е) абыздар вайшилер кастасына кіреді

4.Қалай ойлайсыз, неліктен Ежелгі Үндістандағы каста өкілдері бір кастадан екінші бір кастаға өте алады ма? Ойыңызды дәлелдеп көріңіз.

2-тапсырма

Ежелгі Үндістандағы касталық жүйеге байланысты екі мәліметті салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңыз.



Бөлім	Ежелгі Қытай
Тақырып:	Ежелгі Қытайдың ойшылдары нені үйретті?
Оқу мақсаты:	5.2.3.1 ежелгі философтардың көзқарастарына қарапайым түсіндірме беру
Әдіс-тәсіл	5R маңыздылық кестесі
Тарихи концепті	Интерпретация
Ұсыным	Оқушы ежелгі Қытай философтары Конфуций, Лао цзы және Шан Янның данышпандық ойларына түсіндірме жасап, олардың өмірлік ойларын сипаттау қажет. Ол үшін аталған тұлғалардың негізгі идеясы мәтін түрінде берілген. Түсіндірме жасап, сипаттай алу үшін функционалды сауаттылыққа бағытталған сұрақтар берілген. Оқушы оқу мақсатына сәйкес, түсіндірме жасай алу үшін бір данышпанның идеясы мен екінші бір данышпанның философиялық көзқарасындағы ойлардың бір-біріне кереғар

	тұстарын ажырата алу қажет. Сондықтан, конфуцийшілдік пен легизмді өзара салыстыра отырып, түсіндірме жасауға бағытталған тапсырма берілді. Тапсырманы орындау арқылы Қытай ойшылдарының «мінсіз қоғам» қалыптастырудағы ұсынған ойларының ортақ белгілері мен қарама-қайшылықтарын танып біледі және түсіндіре алады.	
1-тапсырма		
Ежелгі Қытайдың философиялық ілімдеріне қатысты ақпаратпен танысып, 5R маңыздылық кестесін толтырыңыз		
Конфуцийшілдік	Даосизм	Легизм
Конфуцийшілдік ілімінің негізін салған Конфуций. Конфуцийдің пікірінше елді түсіністікпен басқарудың үш буыны бар. Олар: 1) әділеттік, 2) табиғатты сүю (аялау), 3) әдет-ғұрыпты құрметтеу. Немесе, қоғамда ауыз бірлік болу үшін байланыстың тиімді үш басты түйіні, түрі бар дейді Конфуций. Бірі, басқарушы мен бағынушы, екіншісі, әке мен бала, үшіншісі, ер мен әйелі арасындағы қарым-қатынас. Тыныштық, татулықта болу Конфуцийдің пікірінше, біріншілерді екіншілердің мүлтіксіз тыңдауы, айтқандарын бұлжытпай орындауы. Егер кімде кім рақымшылық сезімді қолдаса, онда атасы мен анасын құрметтеп, мемлекет басшысының айтқаны заң болса, басқаларға сөзімен шыншылдықты көрсетсе, ондай адамды сауатсыз болса да ғалым дер едім, дейді Конфуций. Қазір ата-анаға балаларының қайырымды болуы, оларды тек асырау деп түсінсе, бұл кемістік. Малды да асырайды. Дұрысы оларды қамқорлыққа алу, дейді Конфуций.	Даосизм ілімінің негізін салушы Лао Цзы. Даосизм – жол деген мағынаны білдіреді, ғалымның айтуы бойынша өмір тоқтаусыз ағатын ағын секілді дейді. Ол тыныш бөлмеде бір өзі қалып, өз ойымен күресуді үйренген, яғни, ештеңе ойламай, санасының тынығуын қадағалаған. Ештеңенің көмегінсіз-ақ ай мен күннің орналасуын, ағаштар мен жан-жануарлардың қозғалысын біліп отырған. Даосизм - табиғат күштерін мойындаудың және онымен үйлесімділікте болудың маңыздылығын қолдайтын теория. Даосизм философиясының мәні – бес алғашқы элементтер (топырақ, ағаш, металл, от және су) туралы ілім болып табылады. Даосизмнің тағы бір негізгі ұғымы «әрекеттенбеу» («у-вэй») – табиғи әлемдік тәртіпке кереғар келетін мақсаттық әрекетті терістеу, табиғи үйлесімділікті бұзбау, табиғат дамуына араласпау, адамның табиғилығын ұстану, қандай күйде жаратылса, сол күйде болу.	Бұл ілімнің негізін қалаған Шан-Ян. Легистер конфуцийшілдердің мемлекетті әдептілікке негізделген заңдарды жүзеге асыру арқылы басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады. Елде тәртіпсіздік болмас үшін: 1.Мақтаудан жазалау көп болу керек. 2.Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру қажет. 3.Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмыс жасамайтын болады. 4.Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек. Мемлекеттің экономикалық негізі қолөнер немесе сауда емес, егін шаруашылығы болуы керек. Мемлекеттегі қызмет орындары адамдардың жұмыс істеу қабілетіне қарай бөлінуі тиіс».

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D1%83%D1%86%D0%B8%D0%B9%D1%84%D0%B8%D0%BB%D0%BE%D1%81%D0%BE%D1%84%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B	Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/38005/	https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%B5%D0%B3%D0%B8%D0%B7%D0%BC%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%B1%D1%96
---	---	---

5R маңыздылық кестесі

Есте қалатын (кім үшін?)	
Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді? Нәтижелері позитивті әлде негативті сипатқа ие ме?)	
Айырықша мәнді (Сол тарихи кезеңде ол қандай көрініс тапты? Ол маңызды немесе айырықша болып есептелді ме?)	
Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)	
Айқындайтын/ басқа да қырларын түсінуге жол ашатын (оқиға/ құбылыс сол заманның адамдарының өмірі мен көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?)	

2-тапсырма

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Аталған философиялық ілімдер қай елде пайда болды? *Бір дұрыс жауап*

- A) Қосөзен
- B) Қытай
- C) Вавилон
- D) Мысыр
- E) Үндістан

2. Дұрыс берілген ақпаратты анықтаңыз. *Бір дұрыс жауап*

- A) Конфуцийшілдер мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады деген пікірді ұстанады
- B) Легисттер табиғат дамуына араласпауды ұсынды
- C) Табиғатпен үндестіктен өмір сүруді даосшылар ұсынды
- D) Шан Ян өз ойымен күресуді үйренген
- E) Лао-цзы мемлекеттер мақтаудан жазалау көбірек болу керек дейді

3. Қате берілген ақпаратты анықтаңыз. *Бір дұрыс жауап*

- A) Конфуций шыншыл адамды сауатсыз болса да ғалым деп көрсетеді.
- B) Лао-цзы адам қандай күйде жаратылса, сондай күйде болуды қолдайды
- C) Легисттер адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру қажеттігін айтады
- D) Шан Ян елді басқарудың бірінші буыны ретінде әдет-ғұрыпты құрметтеруді атаған.
- E) Легисттер елді тек қана заңға сүйеніп басқаруды ұсынады.

4. Неліктен легистер ұсақ қылмыс жасағандарды қатаң жазалау керек дейді? *Бір дұрыс жауап*

- A) қорқытып ұстау үшін
- B) өздеріне тәуелді адамдар қатарын көбейту үшін
- C) үлкен қылмыстың алдын алу үшін
- D) басқа адамдардың қылмысқа бармауы үшін
- E) елде тәртіп орнату үшін

5. Конфуций қандай жағдайды «кемістік» деп бағалайды? *Бір дұрыс жауап*

- A) үнемі тәртіпсіздік жасап, заңға бағынбауы
- B) отбасы мүшелерін өз мүддесі үшін пайдалануы

С) отбасында бір-бірін мүлтіксіз тыңдап, айтқандарын бұлжытпай орындауы
 Д) балаларының ата-анасына қамқорлық танытпай, қайырымды болмауы
 Е) Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру

6. Легизм ілімін толықтай конфуцийшілдікке қарама-қарсы ілім деуге болады ма? ИЯ немесе ЖОҚ деп жауап беріңіз. Жауабыңызды дәлелмен нақтылаңыз.

Бөлім	Ежелгі Қытай
Тақырып:	Ежелгі Қытайдың қандай ғылыми жаңалықтары бүгінгі күнге дейін жетті?
Оқу мақсаты:	5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау
Әдіс-тәсіл	Жетістік пирамидасы, сұрақ жауап
Тарихи концепті	Маңыздылық
Ұсыным	Оқу мақсатына сәйкес, ежелгі Қытайда ойлап табылған ғылыми жаңалықтарды анықтап, олардың пайда болуы қандай өзгерістерді алып келгенін сипаттауға бағытталған 2 тапсырма берілді. Ежелгі Қытайдың ғылыми білімі мен өнертабыстары туралы мәтін ұсынылған. Соның негізінде оқушылардың оқу сауаттылығына бағытталған сұрақтар берілді. Бұл оқушылардың негізгі фактілерді анықтауына мүмкіндік береді. Суреттермен жұмыс жасау арқылы визуалды түрде ғылыми өнертабыстарды елестетіп, жақсы есте сақтай алады. Сонымен қатар, бұл жаңалықтар мен өнертабыстардың қай салада қолданылғанын анықтап, жалпы маңыздылығын түсіндіреді.

1-тапсырма

Ғылыми білімі мен өнер табыстары.

Егіншілік пен құрылыс істері көптеген ғылым салаларының қалыптасуына әсер етті.

Жұлдызнамашылар аспан денелерінің қозғалысын, орын ауыстыруын жете зерттеді. Соның нәтижесінде қытай жұлдызнамашылары әлемде бірінші болып жылдың ұзақтығын дәл есептеп шықты. Бір жылда 365,25 тәулік, яғни 365 және ширек тәулік бар деп есептеді. Қытай жұлдызнамашылары жұлдызды аспанның картасын жасады. Онда Темірқазық жұлдызының айналасына топтасқан 28 шоқ жұлдыз көрсетілді.

Жер шаруашылығының кең түрде дамуы, білімнің осы саласынан да мәліметтер қалдырды. Оларда үш танапты жер өңдеу тәсілі, жерді өңдеу мен суғару жолдары, жібек құртын өсіру, шай бұталарын күту туралы жазылған.

«Шай» сөзі қытайлықтардан шықты. Алғаш шайды сырқат адамның күш-қуатын сақтайтын дәрі ретінде пайдаланған. Кейіннен сусын ретінде қолданды. Сөйтіп, ол басқа елдерге де тарады.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Қытайда ғылыми білім басқа көптеген елдерден анағұрлым алда тұрды. Соның нәтижесінде ғылыми білім адам игілігіне қызмет ете бастады. Көптеген өнертабыстар мен жаңалықтар дүниеге келді.

Қытайда әлемдегі ең алғашқы құбыланама (компас) ойлап табылды. Ол өзі қазіргі құбыланамаға ұқсамағанымен, сол дәуірдің өзінде дүниенің төрт бұрышын дәл бағдарлауға мүмкіндік берді. Әсіресе қытай теңізшілері осы құбыланама арқылы ашық теңізге шығып, Үндістан жеріне дейін бара алатын еді.

Ең ежелгі сейсмографты, яғни жердің сілкінісін алдын ала болжауға, жер сілкінген кезде оның қай жерде қаншалықты дәрежеде болғанын айқын-дауға мүмкіндік беретін аспапты да ойлап тапқан қытайлар болды.

Қытайда ойлап табылған, адамзат әлеміне бүгінге дейін кең түрде қызмет етіп келе жатқан заттың бірі - қағаз. Қағазды олар ұсақ, жұмсартылған маталардың қалдықтарын арнайы пеште қайнатып, қоймалжың күйге келтіріп, одан соң қағазға айналдырады.

Мылтық атуға арналған оқ дәрісін алғаш ойлап тапқан да қытайлар. Бұлармен бірге жоғарыда айтылған жібек матаны, жұлдыздар картасын да алғаш қытайлар ойлап тапты. Ежелгі Қытайдың қандай ғылыми жетістіктерін анықтаңыз.

2-тапсырма

Төмендегі суреттерге қарап, атауын жазыңыз. Бұл ғылыми жетістіктер қандай салада қолданылғанын анықтаңыз.



Аталған өнер табыстардың маңыздылығы неде?

Бөлім	Ежелгі Грекия
Тақырып:	Неліктен Ежелгі Грекияны демократияның отаны деп атайды?
Оқу мақсаты:	5.3.1.1 ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау; 5.3.1.2 Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын түсіндіру;
Әдіс-тәсілдер	Кестемен жұмыс, ақиқат-жалған
Концепті	Дәлел
Ұсыным	Тақырып бойынша бір-бірімен тығыз байланысты екі оқу

мақсаты алынып отыр. «5.3.1.1 ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау» деген мақсатқа қол жеткізу үшін оқушылар берілген сызбаны пайдалана отырып, берілген фактілердің «жалған/ақиқатын» анықтауы қажет. Фактілер сызбадағы мәліметтер тура мағынасында жазылмағандықтан, оқушыларды сыни ойлауға итермелейді. Яғни, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған.


Дәл осы сызбадағы мәліметтерді дұрыс түсіну арқылы екінші сұраққа жауап беру қиындыққа соқпайды. Оқу мақсаты «5.3.1.2 Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын түсіндіру», Афины полисіндегі басқару жүйесін зерттей отырып, демократиялық белгілерді анықтайды. Ол үшін сызбадағы мәліметтерді талдау жасауы қажет.

Екі тапсырманы орындау арқылы оқушы Афинының саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттап, демократияның пайда болуын дәлел негізінде түсіндіре алады.

1-тапсырма

Кестедегі мәліметтермен танысып, басқару жүйесіне сипаттама беріңіз

Солон тұсындағы Афины полисіндегі басқару жүйесі



2-тапсырма

Берілген ақпараттардың жалған/ақиқатын анықтаңыз.

№	Ақпарат	Ақиқат	Жалған
1	Аристократтар мемлекетті басқару ісіне араласатын		
2	Стратегтер елде мемлекеттік мәселелерді шешті		
3	Ареопаг құрамына барлық қоғам мүшесінің қосылуға мүмкіндігі болды		
4	Халық жиналысына барлық халық қатысты		




2. Афиныда демократиялық басқару жүйесі болғандығына 2 дәлел келтіріңіз.

- _____
- _____
- _____

Бөлім	Ежелгі Грекия мәдениеті
Тақырып:	Ежелгі Грек философтары мінсіз қоғамды қалай елестетті?
Оқу мақсаты:	5.2.3.1 ежелгі философтардың көзқарастарына қарапайым түсіндірме беру
Әдіс-тәсілдер	Болжам кестесі, «Қалып қойған сөздер»
Тарихи концепті	Маңыздылық
Ұсыным	Оқушылар берілген оқу мақсатына сәйкес, Ежелгі Грек философтары Сократ, Аристотель, Платонның мінсіз қоғамды қалыптастырудағы негізгі ойларына түсіндірме жасауы қажет. Оқу мақсатына қол жеткізу үшін алдымен берілген ақпараттармен жақын таныса отырып, ол ойлардың қай философа қатысты екенін анықтау қажет. егер мәтінді мұқият оқитын болса, ілмек сөздері бар. Бұл тапсырма оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Келесі тапсырма бойынша үш философтың мінсіз қоғам құрудағы ұсынған белгілерін анықтап, өзінің де мінсіз қоғамды қалыптастыру үшін ұсынатын идеясын ұсыну қажет. Білім алушылардың қоғамды жақсартудағы өз идеясын ұсынуы оның да қоғамның белді мүшесі ретінде маңыздылығын сезіндіреді. Өз сөздеріне дәлел келтіру арқылы дәйекпен сөйлеуге машықтандырады.

Тапсырма№1


Суреттерге қарап, ежелгі грек философтарды анықтаңыз.

		
А	Б	В
Мінсіз қоғамның өзіндік үлгісін жасады және ол әділдік пен бейбітшілік үстемдік ететін қоғам болатын. Оның ойынша, билеуші әрі философ, әрі данышпан болуы тиіс. Сол	Афинылықтарды мейірімділікке шақырды және әділдікті насихаттады. Ол адамның басты артықшылығы білімді болу деп есептеді. Ол ғарышты зерттеуден адамды	«Бірінші ұстаз» және «Ғылым атасы» атанған. Билікті «дұрыс» және «бұрыс» деп ажыратқан. Платонның шәкірті. Философ басқарудың ең жетілген түрі ретінде

кезде ғана ол әділетті билікке қол жеткізеді. Адамдарды қабілетіне қарай үш топқа бөлді: данышпан билеуші болу керек, ең батылдары мен күштілері күзетші, ақылды әрі адал адамдар егінші және қолөнерші болуы тиіс. Даналық, ержүректілік, кішіпейілділік және әділдікті мінсіз қоғам азаматына тән қасиеттер ретінде атап өтті.	зерттеуге, адамның ішкі рухани шындығына үңілуге, себепті танудан мақсатты тануға бұрылуға әсер етті. Оның этика саласына жасаған үлесі айырықша. Өйткені ол "дүние-адам ақырғы есепте жақсылыққа талпынады, ендеше жақсылықтың тегі не екенін білу нағыз білім болмақ" деп есептеді. Платон және Платонның шәкірті Аристотельмен бірге ежелгі гректің ең әйгілі "Үш данасы" деп қастерленген.	«политияны» анықтаған. Мұндай қоғамда мемлекетті басқаруға бұқара халықтың көпшілік бөлігі қатысады. Билік барлық адамдардың игілігі үшін билік жүргізеді. «Өмірдің мәні неде?» деген сұраққа «Басқаларға қызмет ету және жақсылық жасау» деп жауап берген екен.
--	--	--

Дұрыс емес ақпаратты анықтаңыз:

- А) Сократ адамдарды қабілетіне қарай үш топқа бөлді
 В) Аристотель басқарудың ең жетілген түрі «полития» деп көрсетті
 С) Ақылды әрі адал адамдар егінші және қолөнерші болуы тиіс
 Д) Платон даналық, ержүректілік, кішіпейілділік және әділдікті мінсіз қоғам азаматына тән қасиеттер ретінде атап өтті
 Е) Өмірдің мәні басқаларға қызмет ету және жақсылық жасау
 Әр философың идеясынан мінсіз қоғамға тән бір белгіні анықтаңыз. Мінсіз қоғам қалыптасуы үшін тағы не жетіспейді деп есептейсіз?



Менің ойымша, мінсіз қоғам қалыптастыру үшін (қандай идеяны ұсынасыз?)

_____ Себебі,

2-тапсырма

Ежелгі Грек философтары мінсіз қоғамды қалай елестетті?

Ежелгі грек тарихшылары мен философтарының көзқарасы	Болжам

Бөлім	Ежелгі Грекия мәдениеті
Тақырып:	Ежелгі Грекия өнері қандай болды? Зерттеу сұрағы? Грекия өнері (мерекелер, олимпиадалық ойындар, театр) қалай өткізілген?
Оқу мақсаты:	5.2.2.3 ежелгі дүние өнеріне сипаттама беру
Әдіс-тәсілдер	GREAT кестесі, Серпілген сауалдар
Тарихи концепті	Маңыздылық
Ұсыным	Оқушылар берілген оқу мақсатына сәйкес, Грекия өнері, соның ішінде мерекелері, олимпиадалық ойындар және театр өнері қалай өткізілгеніне сипаттама жасауы қажет. Бұл оқу мақсатына жету үшін берілген мәтінмен танысып, оқу сауаттылығына бағытталған сұрақтарға жауап беруі қажет. Сонымен қатар, олимпиадада өткізілетін ойын түрлерін атап, ежелгі грек халқының құдайларына деген құрметін түсіндіреді. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар жалпы грек өнері қандай болғанын сипаттай алады.

1-тапсырма: Берілген мәтінді

оқып, GREAT кестесін толтырыңыз

Ертедегі грек драмасы мен театры — жүзім мен шарап жасау Құдайы Дионистің құрметіне ауылдық жерде мереке өткізу негізінде пайда болды. Бұл мерекелерде маскалы адамдар, теке терісін кигендер өнер көрсетті. Маскалылар хорының би аралас әндерінде диалог элементтері мен сахналық қимыл-әрекет басым жатты. Эллинистік дәуірге дейін хор грек драмасындағы басты элемент болып келді. Феспид бірінші болып б.з.д. 534 жылдың көктемінде Ұлы Дионис мерекесінде, өзінің трагедиясын көрсетіп, бас жүлдеге ие болды. Сондықтан да б.з.д. 534 жыл әлем театрының туған жылы деп саналады. Ақын Феспид хордан ерекше орындаушыны — актерді бөліп шығарды. Сөйтіп, дүниеге бірінші актер — протагонист келді. Хор басшысы — корифей бастаған хор 12, кейіннен 15 адамнан құралды. Олардың мерекелері мен ойындары бүкілхалықтық сипат алды. Бұл мерекелер грекиялықтардың негізгі кәсібі мен әдет-ғұрыптарына байланысты болған. Олар Дионис, Деметра, Зевс құдайларының құрметіне және ынтымақ пен бірлікке арналған. Грекиядағы басты мереке ынтымақ мерекесі болды. Ол жаңа жылдың алғашқы айында өткізілді. Мереке қатарынан 6 күнге созылды. Бұл мереке халықты бірігуге, бір орталыққа бағынуға, бірлесіп кәсіп жасауға, ынтымақтасып өмір сүруге шақырды.

Олимпияда ойындар Пелопоннестің әдемі жеріне орналасқан Олимпия қаласында өткізілген. Гректер үшін Олимп қасиетті жер. Оның ортасында Зевс құдайына арналған храм бар. Ойын Зевс құдайының құрметіне 4 жылда бір рет өткізіліп отырған. Бұл ойындарда атлеттер: жүгіруден, секіруден, диск пен найза лақтырудан өздерінің ептіліктерін, мықтылықтарын сынға салды. Тұңғыш Олимпия ойындары б.з.б 776 жылы өтті. Ойын үнемі жаз айларында болды. Олимпия ойындарының алғашқы күндері сайысқа қатысушылар, төрешілер құрбандық шалып, адал сайысу үшін ант берген. Ойынның ең соңғы 5-күні Зевс храмының алдында жеңімпаздарды марапаттаған.

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%95%D0%B6%D0%B5%D0%BB%D0%B3%D1%96_%D0%93%D1%80%D0%B5%D0%BA%D0%B8%D1%8F#%D0%95%D0%B6%D0%B5%D0%BB%D0%B3%D1%96_%D0%B3%D1%80%D0%B5%D0%BA_%D3%A9%D0%BD%D0%B5%D1%80%D1%96

G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрысты	
R (Remembered) - есте қаларлық	
E (Events) - маңызды оқиға	
A (Affected) - болашаққа әсері	
T (Terrifying) кездескен қиындықтар	

2-тапсырма «Серпілген сауалдар»

1.Тұңғыш Олимпиада ойындары қай ғасырда өтті?

A) б.з.д. VII

B) б.з.д. VI

C) б.з. VII

Д) б.з.д. VII

E) б.з.д. IX

2.Неліктен гректер үшін Олимп қасиетті жер?

A) себебі, Пелопоннестің ең әдемі жері

B) себебі, театрдың отаны

C) себебі, ортасында Зевс құдайының храмы бар

Д) себебі, жылда олимпиялық ойындар өткізіледі

E) себебі, Грекиядағы ең үлкен әрі бай полис

3. Әлем театрының туған жылы қандай оқиғамен байланысты?

A) Олимпиялық ойындардың басталуы

B) Феспидтің трагедия қойылымын көрсетуі

C) Жаз айларында ойын ұйымдастырылуы

Д) Дионистің құрметіне арналған мерекенің өткізілуі

E) Зевстің құрметіне құрбандық шалынуы

4.Феспидтің трагедиялық қойылымы қай ғасырда болды?

A) б.з.д. VII

B) б.з.д. VI

C) б.з. VII

Д) б.з.д. VII

E) б.з.д. IX

5.Олимпиада ойындарының тізімін жазып, бүгінгі күнмен салыстырыңыз:

6.Ежелгі грек халқының құдайларына деген құрметін қалай түсіндіресіз?

Бөлім	Рим империясының гүлденуі
Тақырып:	Спартактың көтерілісі ежелгі Римдегі құлдықты қалай сипаттайды?

Оқу мақсаты:	5.3.2.3 Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісін сипаттау, себептерін анықтау			
Әдіс-тәсіл	Концептуалды кесте			
Тарихи концепті	Себеп-салдар			
Ұсыным	Оқушылар берілген оқу мақсатына сәйкес, Спартак көтерілісін сипаттау үшін негізгі мәліметтерді анықтауы қажет. Ол үшін кесте толтыру тапсырмасы беріледі. Көтеріліс хронологиясы, негізгі шайқас орындары, көтеріліс себептерін анықтайды. Оқушылар Спартак көтерілісін толық талдау арқылы ежелгі Римдегі құлдық жүйенің көрінісін байқай алады.			
1-тапсырма Спартак көтерілісіне қатысты кесте толтырыңыз.				
Көтеріліс хронологиясы	Көтеріліс болған жерлер	Көтеріліс себептері	Көтерілістегі негізгі оқиғалар	Көтеріліс салдары/нәтижесі

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда 6-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бөлім:	«Крест жорықтары»
Тақырып:	Неліктен крест жорықтары ұйымдастырылды?
Оқу мақсаты:	6.3.2.6 картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп–салдарын анықтайды
Әдіс-тәсілдер	Фишбоун, картамен жұмыс
Тарихи концепті	Себеп-салдар
Ұсыным	Оқушылар картағы мәліметтер мен мәтінді бірге қарастыру арқылы 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп–салдарын анықтайды. Оқу мақсатына жету үшін екі тапсырма қарастырылған. Бірінші тапсырмада оқушы жалпы бұл соғыстың неліктен «крест жорығы» деп аталғанын түсіндіреді. Келесі тапсырмада аталған жорықтардың басталу себепін анықтайды. Сонымен қатар, бұл жорықтың жағымды және жағымсыз тұстарын көрсетеді.
Тапсырма№1 Төменде берілген видеотаныстырылыммен танысып, сұрақтарға жауап беріңіздер. https://www.youtube.com/watch?v=o2PzIoUgt8Q Соғыс неге «крест жорығы» деп аталды?	

1-4 крест жорықтарының негізгі себебі неде?

I крест жорығы	II крест жорығы	III крест жорығы	IV крест жорығы
Салдары			
Жағымды тұстары		Жағымсыз тұстары	


Картамен жұмыс

А) кескін картадан 1 - 4 крест жорықтарының бағыттарын белгілеңіздер.



https://ds04.infourok.ru/uploads/ex/07fe/000dfe35-4ea80e10/hello_html_m4854ea57.png

3-тапсырма Фишбоун әдісі арқылы крест жорықтарын талдаңыз



Бөлім:	Ислам тарихы
Тақырып:	Неліктен VIII-XII ғасырды ислам мәдениетінің "алтын ғасыры" деп атайды?
Оқу мақсаты:	6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын бағалау
Әдіс-тәсілдер	Бос қалған сөздер», сәйкестендіру, ойтолғау
Тарихи концепті	Дәлел
Ұсыным	Оқушылар шығыс ойшылдарының ең көрнектілері Аль-Фараби, Ибн Сина мен Әл-Бирунидің ғылыми

	білімдерімен, жазған шығармалары мен зерттеу мәселелері төңірегіндегі мәліметтермен танысып, берілген тапсырмаларды орындайды. Картадан Әл-Фарабидің білім алған қалаларын анықтайды. Бұл оқушының картамен жұмыс жасау дағдысын дамытады. Келесі тапсырма бойынша ғалымдардың негізгі зерттеу тақырыптарының бағытын көрсетеді. «Шығыс ойшылдарының ғылыми зерттеулері әлемдік деңгейдегі ғылымның дамуына әсер етті» деген тұжырымға көзқарасын дәлелдер келтіру арқылы бағалайды.
--	--

Шығыс ойшылдары туралы ақпараттармен танысып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Аль-Фараби	Ибн Сина	Әл-Бируни
Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельдің және Платонның шығармаларына жазылған түсініктемелердің авторы. Осыған байланысты әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды. Әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Герменевтика», «Софистика», «Риторика», «Логика» және «Поэтика» сияқты туындыларына, сонымен қатар Порфирийдің «Философияға кіріспе» сияқты туындысына және басқа да ойшылдардың туындыларына түсініктемелер жазды. Фарабидің төл шығармаларының ішіндегі ең белгілілері – «Даналық маржандары», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыка туралы үлкен кітап». Еуропада XII-XIII ғасырларда әл-Фараби еңбектері латын және иврит тілдеріне аударыла бастады. 1930-1932 жж. Парижде француз ғалымы барон Рудольф д'Эрланже «Музыка туралы үлкен кітаптың» бірінші бөлімін	Дәрігер әрі философы Әбу Әли ибн Синаның «Анатомия мен физиологияға кіріспе», «Дәрігерлік ғылымның ережелері» («Канон врачебной науки») еңбектері өте құнды. Бұл еңбектерінде анатомия мен физиологияны жүйелеп, қосымша мәліметтермен толықтырған. Кітап латын тіліне аударылып, 30-дан астам рет қайта басылып шыққан. Бес томдық энциклопедия «Дәрігерлік ғылымның ережесі» Ибн Синаға дүниежүзілік атақ әперді, медицина тарихында атағы жайылған кітап болды. Еңбек оның мазмұны мен дәл құрылымымен ерекшеленді. × «Дәрігерлік ғылымның ережесі» грек, үнді және ортаазиялық медицина білімін және тәжірибесін талдау және жүйелеуді ғана көрсеткен жоқ. Ибн Синаның қызметі дәрігерлік тактикаға жаңаша болып енгізілді. × Бұрын медицина ғылымына белгісіз жаңа мәліметтерді «Ереженің»	Әбу Райхан әл-Бируни өзінің алғашқы еңбегін «Ежелгі халықтардың хронологиясы» деп жазды. Онда өз уақытында түрлі халықтар қолданған барлық күнтізбелік жүйелерді жинап, сипаттаған. Ғалым астрономияға 45-тен астам еңбек арнады, олардың негізгісі - «Астрономия мен жұлдыздар каноны». Онда барлық көрсетілген ережелердің эксперименттік және математикалық дәлелдері бар. Ол Жердің Күн айналасындағы қозғалысы туралы гипотезаны қарастырды, күн мен жұлдыздардың отты табиғатын, қараңғы денелерден планеталардың айырмашылығын, жұлдыздардың қозғалысын және олардың Жермен салыстырғанда үлкен мөлшерін, гравитация идеясын растады. Әбу Райхан әл-Бируни жердің (глобустың) бірінші моделін жасады, математикалық есептеулерді қолдана отырып, жердің дөңгелек екенін, ал жердің басқа

француз тіліне аударып, жарыққа шығарды. Әл-Фараби білім алған қалалар  https://elibrary.kaznu.kz/kk/node/5	әрбір бетінен кездестіретін болды. Ибн Сина көрінбейтін жұқпалы аурулардың қоздырушысы туралы ғылыми болжамды алға тартты, бұлар ауа және су арқылы тарайтын, 800 жыл өткеннен соң ғана француз Пастер ғалымның қоздырушы микроб туралы бұл жұмбағын дәлелдеді. https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder10844/%D0%98%D0%B1%D0%BD%20%D0%A1%D0%B8%D0%BD%D0%B0.pdf	бөлігінде құрлық (Америка) бар екенін және адамдар өмір сүретінін дәлелдеді, (кейін Галилей қолданды) Теориялық ғылымды басшылыққа ала отырып, әл-Бируни өз заманының бірде-бір ғалымы сене алмайтын тамаша практикалық нәтижелерге қол жеткізді. Ол бірінші болып минералдардың қаттылығы мен тығыздығын өлшеді https://adyrna.kz/post/86739
--	---	--

1-тапсырма

Әл-Фарабидің білім алған қалаларын анықтаңыз:

_____, _____, _____, _____,

_____, _____, _____, _____

2-тапсырма

Шығыс ойшылдарының ғылыми зерттеуінің негізгі бағыттарын сәйкестендіріңіз:

Әл-Фараби	Медицина
Ибн Сина	Астрономия
Әл-Бируни	Философия

3-тапсырма

«Шығыс ойшылдарының ғылыми зерттеулері әлемдік деңгейдегі ғылымның дамуына әсер етті» деген тұжырымға көзқарасыңыз. Дәлел келтіріңіз.

Бөлім:	XIV ғасыр- XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам
Тақырып:	«Қара індет» шаруалар көтерілістері мен феодалдық соғыстардың басты себебі болды ма?
Оқу мақсаты:	6.3.2.2 У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған антифеодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын анықтау;
Әдіс-тәсіл	Кестемен жұмыс
Тарихи концепті	Себеп-салдар
Ұсыным	У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған антифеодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын анықтау үшін екі көтеріліске салыстырмалы талдау жасалады. Алдымен көтерілістердің қай елде болғаны, хронологиялық

	шеңбері анықталады. Көтеріліс себептері көрсету кезінде қаншалықты «қара індеттің» әсері болғанын көреді. Екі көтерілістің өзара ұқсастықтары мен салдарын сипаттайды. Бұл тапсырма оқушылардың мәтіннен қажетті ақпаратты анықтауға, яғни оқу сауаттылығына бағытталған. Сонымен қатар, бұл көтерілістердің дамыған орта ғасырлардағы маңыздылығын көрсетеді.
--	--

Тапсырма №1. Оқулық материалы негізінде Гильом Каль көтерілісі мен Уот Тайлер көтерілісіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

	Гильом Каль көтерілісі	Уот Тайлер көтерілісі
Елдері		
Хронологиясы		
Көтеріліс себептері		
Екі көтерілістің өзара ұқсастықтары		
Нәтижесі/салдары		
Маңызы		


Бөлім:	Сауда, қолөнер және әлемді игеру
Тақырып:	Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті?
Оқу мақсаты:	6.3.2.7 «отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)
Әдіс-тәсілдер	Картамен жұмыс, эссе
Тарихи концепті	Маңыздылық
Ұсыным	Оқушылар Испания мен Португалияның ұлы географиялық ашулары негізінде отарлау жүйесін сипаттайды. Картадан ұлы географиялық ашуларға алып келген маршруттарды анықтайды. Испания мен Португалияға тиесілі отар елдерді картадан белгілеп көрсетеді. Бұл тапсырма оқушылардың картамен жұмыс жасау дағдысын дамытады. Шартты белгілерді жазуға машықтанады. Берілген мәтінмен танысып, Испания және Португалияның отарлық саясат жүргізудегі негізгі мақсатын және бұл саясаттың жергілікті халыққа әсері туралы өз пікірін дәлелмен түсіндіреді.

Португалия отаршылдық империясының қалыптасуы Ұлы географиялық ашылулармен байланысты және XV-XVIII ғасырларда Испаниямен бәсекелестік жағдайында өтті. Португалияның алғашқы шетелдік билігі 1415 жылы басып алынған Сеута болды. 1420-60 жылдары. Энрике теңіз экспедициялары Африканың батыс жағалауын, 1420 жылы Мадейра аралын, 1432 жылы Азор аралын, 1450-60 жылдары. Жасыл Мүйіс	Испандық отарлау жүйесінің орталығы Испаньола (Гаити) аралы болды. Оңтүстік Американың материгін испандықтар іс жүзінде 21 жыл бойы - 1519 жылдан 1540 жылға дейін жаулап алды. 1519-1521 жж. Эрнандо Кортес испандықтардың шағын отрядымен тайпалар арасындағы күресті қолдана отырып, Мексиканы жаулап алады, ацтектердің астанасы - Теночтитланды тонап, қиратады. 1531-1533 жж. испандар Инка империясын
--	--

аралын (Кабо-Верде), 1469-1474 Шығыс Гвинея бұғазын (соның ішінде Сан-Томе және Принсипиді) зерттеді. 1481-82 жылдары Д. Кан Конго өзенінің сағасын ашып, Ангола жағалауын жаулап алуды бастады. Португалия қысқа уақытқа Марокконың атлантикалық жағалауында өзінің билігін орнатты.. 16 ғасырдың басында Португалия шығыс-африкалық жағалауда өзінің билігін бекітті. 1593 жылы Португалияның бұл жердегі отарлық иеліктерінің орталығы. Момбаса қаласы болды. 1500-де Португалия иеліктеріне П. А. Кабрал ашқан Бразилия қосылды. Оңтүстік Америка жерлерін отарлау баяу жүрді, бастапқыда Бразилияның солтүстік-шығыс жағалауы ғана игерілді. Континентальды Азияда алғашқы португалдық сауда орындары 1501 жылы құрылған. XVI ғ.басында Үндістанда көп сандық португалдық ұсақ иеліктерінің кешені құрылды [соның ішінде Гоа (1510 жылы алынған), Каликут (Кожикод, 1511)], Оңтүстік-Шығыс Азияда (Малакка, 1511), Парсы шығанағы ауданында (Ормуз аралы, 1515), Цейлон аралы (қазіргі Шри-Ланка) және т. б. Сарагоса шарты бойынша 1529 Португалияның бақылауына Молукка аралдары көшті. Кейінгі жылдары Португалияға Үндістанда Тимор аралы, Бомбей (қазіргі Мумбай) көшті; 1557 жылы Қытайдан Макао жалға алынды (Аомын), іс жүзінде португал колониясына айналған, 1576 жылы Луанда – ол Батыс Африкадағы португал иеліктерінің орталығы болды.

жойды. Олар қазіргі уақытта үш мемлекет - Эквадор, Боливия және Перу орналасқан үлкен аумақты басып алды. XVI ғасырдың 30-жылдарында испандықтар Чилиге еніп, біртіндеп жергілікті үнді тайпаларының қыңыр қарсылығын жеңіп, елдің көп бөлігін басып алды.

Жергілікті халықтың азайып, жойылуына испандықтардың жоғары «технологиялары» белгілі бір деңгейде рөл атқарды: Америкаға әкелген мушкет, зеңбірек және аттар. Орталық Мексиканың тұрғындары 1519 жылы 25 миллионнан 1568 жылы 2,65 миллионға және 1620 жылы 1,6 миллионға, Перу халқы 9 миллионнан (1532) 1,3 миллионға (1570) дейін төмендеді. Үндістердің мұндай жойқын жойылуы Еуропалық эпидемиялық ауруларды (аусыл, сүзек, қызылша, дифтерия, паротит, тұмау - африкалықтар безгек пен сары безгекті әкелді), әдеттегі экономиканың бұзылуын, ауыр эксплуатацияны, «әлемнің ақыры» үндістердің идеологиялық және діни қабылдауы - өлім-жітім ғана емес, соның ішінде жаппай суицидтер, сонымен қатар туу деңгейінің апатты төмендеуі әсер етті.



Шартты белгілер:

Кескін картадағы маршруттар кімдердің жүріп өткен жолдары екенін анықтаңыз.
Испания мен Португалияның жаулап алған территорияларын шартты белгілермен ерекшелеп көрсетіңіз.
Испания және Португалияның отарлық саясат жүргізудегі негізгі мақсаты неде деп ойлайсыз және бұл саясаттың жергілікті халыққа әсері (дәлел келтіру арқылы) туралы эссе жазыңыз.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда 7-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Функционалдық сауаттылық – білім алушының мектеп қабырғасында алған білімін іс жүзінде қолдануға, өмірлік мәселелерді шешуге пайдалануға негізделген шынайы білім деңгейі. Қоғамдық пәндерді оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды функционалдық сауаттылықпен қатар дамытқан жөн. Оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауы, ол ақпаратқа сын тұрғысынан баға беруі, өзіндік көзқарастары мен болжамдарын ұсынуы, өз ойын дәлелдеп, негіздей білуі – тұлғааралық және әлеуметтік қатынастарда туындаған мәселелерді дұрыс шешуге бағдар береді. Оқытудағы ұсынылатын әдіс-тәсілдер сабақ барысында білім алушының тақырып бойынша тарихи оқиғалар туралы ой қорытып, өзіндік көзқарастары мен қағидаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бөлім: 1-бөлім. Жаңа заманның басталуы

Тақырып-1: XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясы қандай маңызға ие болды?

Оқыту мақсаттары

7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау;

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тарихи концепті: Себеп-салдар

1-тапсырма

1. Жаңа заман кезеңіндегі Еуропа мен Азия елдерінің дамуындағы басты ерешеліктерін салыстырау ұсынылады.

2. Шығыс елдері әлемдік дамудан артта қалуының себептерін талдау ұсынылады.

Батыс елдері	Шығыс елдері

2-тапсырма

XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясы тақырыбына SWOT талдау жасау ұсынылады.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

3-тапсырма

Деректі қолдана отырып, «XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясы» тақырыбына «Оқиға картасын» толтырыу ұсынылады. «Оқиға картасын» оқушымен жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдану арқылы алған білімді бекіту мен тиянақтау, талдау жасауға болады.

Дерек!

Ұлы демонстрация (үзінді)

1 желтоқсан, 1641 ж.

115. Халыққа зиянын тигізген монополиялардың біразы жойылды.

120. Бұдан да дұрысы-осы жамандықтардың бәрінің бастауы -өз қол астындағылар мен олардың мүлкіне ұлы мәртебелінің парламент келісімінсіз шексіз билік жүргізуіне қарсы болу; қос палата қаулысы мен парламент актісі бойынша мұндай билік заңға қарама-қайшы деп жарияланды.


139. Корольдің табыстары нақтыланып, тәртіпке келтірілді, шенеуніктердің асыра сілтеуі мен артық шығын жойылып, ал корольдің жеке басын қолдау, корольдікті басқару мен қорғауға қажет шығын толық қамтамасыз етіледі.

141. Алтын мен күмісті экспортқа шығармау шараларын, сондай-ақ өнеркәсіп пен сыртқы саудадағы байланыстың өсуі үшін халықаралық ауысымында қаржы курсының тиімсіздігін азайтудың дұрыс шаралары белгіленді.

158. Парламентті таратуға қатысты король билігі белгілі бір дәрежеде шектелді: тәждің бұл құқығы сақталғанымен, оны қолдану мерзімі кейінге шегерілді.

Н.Алдабек, Қ.Байзақова, К.Мақашева

Дүниежүзі тарихы Хрестоматия. «Мектеп» 2018. 5-6 бб

Мәтін атауы:	Кейіпкерлер:	Ахуал:
XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясы 	 	
		

Шешімі:	Туындаған мәселе:	Оқиға:
	 	 

Бөлім: 3-бөлім. Ағартушылық идеяларының таралуы

Тақырып: Ағартушылық дәуірдің қандай идеялары еуропалық монархтардың қызметінде көрініс тапты?

Оқыту мақсаты

7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тарихи концепті: «Ұқсастық пен айырмашылық»

«Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

1-тапсырма

Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық идеялардың таралуына ағартушылық идеялар қалай әсер етті? сұрағы бойынша «PEST-талдау» жасау ұсынылады.

Р – саяси фактор	
Е – экономикалық фактор	
S – әлеуметтік фактор	
T – технологиялық фактор	

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар, сілтемесі

Тарихи концепті: «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

Мәтін

«Ағартушылық идеялар басқа Батыс Еуропа елдеріне қарағанда Англияда ертерек пайда болды. Англиядағы ағартушылық кезең 1680-1780 жылдардағы жаратылыстану ғылымдары және таралуымен, дін мен шіркеуді орынды сынаумен сипатталды. Егер ағартушылық кезең Францияда революцияның алдында болса, ал Англияда буржуазиялық революциядан кейін дамуында еді.

Ағартушылық дәуіріне тән идеялардың бірі Томас Гоббс ұсынған «табиғи адам» идеясы еді. «Табиғи адам» идеясы жаңа буржуазиялық Англияның

алғашқы ірі ойшылы -Джон Локктың философиясының негізі жатыр. Ол өзінің мемлекеттік теориясының негізіне халықтың саяси егемендігі қағидасын қояды.»

«Франциядағы ағартушылар сословиелік теңсіздікке, ақсүйектер мен дін адамдарының әділетсіз артықшылықтарына, әртүрлі діни ағымдарға және жалған ырымдар мен сенімдерге қарсы болды.

Францияда ағартушылық қозғалыстың басқа да маңызды ерекшелігі өмірдің қоғамдық және саяси құрылым мәселелеріне деген қызығушылықтары болды. Бұған француз жазушылары мен ғалымдарының еңбектері дәлел бола алады.

Н.Алдабек, К.Мақашева, Қ.Байзақова, Дүниежүзі тарихы. 8-сынып, Алматы «Мектеп» 2018, 35 бет.

2-тапсырма

Мәтінді қолдана отырып, Еуропа мен Солтүстік Америкадағы ағартушылық идеяларды салыстыру арқылы кестені толтыру ұсынылады.

Англия	Франция	Солтүстік Америка	Ағартушылық абсолютизм
Қорытынды ой			

Дерек!

Шарль Монтескье билікті бөлу принциптері туралы

Әр мемлекетте биліктің үш түрі бар. Бірінші билік бойынша билеуші тақсыр немесе мекеме, уақытша немесе тұрақты заңдар жариялайды және оны түзетеді немесе ауыстыра алады. Екінші билік бойынша, ол соғыс жариялап, бітім жасасады, қауіпсіздікті қорғайды, елшілік жібереді немесе қабылдайды, басқыншы жаудың алдын алады. Үшінші билік бойынша ол қылмысқа үкім айтады және жеке адамдардың қақтығыстарын шешеді. Осы соңғы билікті сот билігі, ал екіншісін мемлекеттің атқарушы билігі деп айтуға болады.

Егер заң шығарушы және атқарушы билік бір адамның немесе мекеменің қолында болса, ешқандай бостандық болмайды, себебі ол монарх жеке билігін жүргізу үшін тирандық заңдар шығаруы мүмкін.

Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы билік орындардан бөлінбесе, ол онда бостандық болмайды. Егер ол заң шығарушы билікпен біріксе, онда азаматтардың өмірі мен бостандығына қауіп төнеді, себебі заң шығарушы соттың өзі болып табылады. Егер сот билігі атқарушы орынмен біріксе, онда сот төреші қанаушыға айналуы мүмкін.

Н.Алдабек, Қ.Байзақова, К.Мақашева Дүниежүзі тарихы Хрестоматия. «Мектеп» 2018. 16 бет

3-тапсырма

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет идеялары Томос Гоббс, Джон Локк, Шарль Луи Монтескье еңбектерінде қалай талданады? сұрағын оқушыларға ұсына отырып, зерттеу жұмысын беру.

– Биліктің үш түрі: атқарушы, заң шығарушы, сот билігі туралы ағартушылардың теориялары.

– Қазақстан Республикасындағы биліктің үш түрін қазіргі Англия, Франция, АҚШ -тың билік жүйесімен салыстыру.

Бөлім	XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері	
Тақырып	Неліктен Апиын соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде?	
Оқыту мақсаты	7.3.2.6 - еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;	
Әдіс-тәсілдер	«Бес сөйлем» әдісі, себеп-салдар, «Факт және Пікір» әдісі	
Тарихи концептілер	интерпретация	
1-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Бес сөйлем» әдісі. Тапсырма алдымен жеке, соын екінші айналымда жұппен орындалады. Берілген сұрақтың жауабын алдымен әр оқушы жеке бес сөйлем жазып, кейін жұппен бір-бірінің жауаптарын бірлесе талдап, ең маңызды деген бес сөйлемді таңдайды.		
Сұрақ:		
XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Қытайға ағылшындардың отарлық әрекетінің күшейе бастағандығын неден көруге болады?		
1-оқушының жауабы		Екінші оқушының жауабы
1.		1.
2.		2.
3.		3.
4.		4.
5.		5.
Ортақ тұжырым: 1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
2- тапсырма. Топтық жұмыс. Оқулық мәтінін және қосымша мәліметтерді пайдаланып, апиын соғысының себептері мен салдарына талдау жасаңдар;		
1 топ. Бірінші «апиын» соғысы. (3 себеп, 3 салдар)		
2 топ. Екінші «апиын» соғысы. (3 себеп, 3 салдар)		
Тарихи анықтама.		
А) “Апиын” соғыстары – Батыс Еуропа елдерінің Қытайға қарсы жүргізген соғыстары. Бірінші “апиын” соғысы 1840 – 42 жылдары болды. Соғысты Англия бастап, Қытайды тәуелді елге айналдыру мақсатын көздеді. 1840 жылы маусым айында басталған соғыстың сылтауы ағылшын отаршыларының контрабандалық жолмен сауда жүргізіп тұрған апиындарың 1839 жылы Қытайдың үкімет комиссары Линь Цзэ-суйдің жоюы болды. Ағылшын және Қытай әскери кемелерінің арасындағы қарулы қақтығыстар 1839 жылдың соңында-ақ басталып кеткен еді. 1842 жылы ағылшындар Сянган (Гонконг) аралын, Динхай, Нинбо, Сямынь, Шанхай, Чжэньцзян қалаларын басып алды және 1842 жылы тамызда Нанкинге таяп келді. Қытай халқы басқыншыларға қатты қарсылық көрсетті (Гуандуньдегі шаруалар қозғалысы).		

Алайда Цинь үкіметі елді қорғауды ұйымдастыруда қабілетсіздік танытып, халықтың қолдауын пайдалана алмады. 1842 жылы 29 тамызда Нанкин бітіміне қол қойылды.
https://kk.wikipedia.org/wiki/Апиын_соғыстары

Б) Екінші “апиын” соғысына (1856 – 60 жылдары) Англиямен бірге Франция да қатысты. Қытайдағы азамат соғысын (Тайпиндер көтерілісі) пайдаланып, Англия 1856 жылы Гуанчжоу ауданында әскери қимылдарын бастады. 1857 жылдың басында оған Франция қосылды. 1858 жылы әскери қимылдар астаналық Ужили провинциясының аумағына ауысты. 1858 жылы мамырда ағылшын-француз армиясы Дагу портын басып алып, Тяньцзинь мен Пекинге қауіп төндірді. Қытай үкіметі Англия және Франциямен кіріптарлық шарт жасасуға мәжбүр болды. Бір жылдан кейін Қытайдан жаңа жеңілдіктер алу мақсатымен Англия мен Франция соғыс қимылдарын қайта бастады. 1860 жылы тамызда ағылшын-француз әскерлері Тяньцзиньді, қазанда Пекинді басып алды. Қытай үкіметіне жаңа кіріптарлық шарттар таңылды “Апиын” соғыстары Қытайдың жартылай отарға айналуындағы маңызды кезең болды.

https://kk.wikipedia.org/wiki/Апиын_соғыстары

3-тапсырма. «Факт және Пікір» әдісі. Апиын соғыстары нәтижесіндегі келісімшарттардың мәнін 2 факт және 1 пікірлерің арқылы сипаттаңдар;

Нанкин келісімшарты

келісімшарттар	Нанкин	Айгүн
факт	1. 2.	1. 2.
пікір	1.	1.

Бөлім	XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы
Тақырып	Қырым соғысының себептері мен салдары қандай болды?
Оқыту мақсаты	7.3.2.2 - XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау
Әдіс-тәсілдер	«Позиция таңдау», «ТПП» кестесі
Тарихи концепті	интерпретация
1-тапсырма. «Позиция таңдау» әдісі. Сабақтың мазмұнына қатысты тұжырымдар беріледі. Оқушылар «иә», «жоқ», «мүмкін» жауаптары бойынша өз көзқарастарын таңдап, жауаптарын дәлелдейді. Тұжырымдыр: 1. Қырым соғысы түріктер үшін сәтсіз болды. 2. Париж трактаты Осман империясының тұтастығына кепіл бола алмады. 3. «Жас түріктер» қозғалысы Түркия тарихындағы маңызды кезең болды.	
2-тапсырма Картамен жұмыс. Оқулық мәтінін және өз білімдеріңді пайдаланып, соғыс барысындағы Осман империясы мен Ресей иеліктеріндегі өзгерістер картадан анықтандар. Осман империясы үшін соғыстың сипатын «ТПП» кестесі арқылы талдаңдар; 1. 1856 жылғы Париж бітім келісімі бойынша Ресейдің Түркияға қайтарған аймағы? 2. Осы келісім негізінде сұлтан билігі сақталған аймақтар? 3. «Шығыс мәселесі» бойынша қандай мемлекеттер арасында шиеленіс болды, ол қалай шешілді?	



«ТПП» кестесі

оқиға	Тиімді тұстары	Тиімсіз тұстары	пікір

Әдебиеттер тізімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Француз буржуазиялық революциясының көрінісі
Тақырып	1789-1799 жылдар аралығында Францияда қандай өзгерістер орын алды?
Оқыту мақсаттары	7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау;
Әдіс-тәсіл	«PEST» формуласы
Тарихи концепті	Өзгеріс және сабақтастық
1-тапсырма: «PEST» формуласы арқылы Франциядағы буржуазиялық революциясының тарихи кезеңдерінің барысындағы өзгерістермен сабақтастықты салыстырмалы талдау. P- political E-economical S-social T-technical Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар: Франциядағы буржуазиялық революциясының тарихи кезеңдерінің барысындағы (саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық) өзгерістері мен сабақтастығын салыстырмалы талдау. Қазіргі кезеңмен салыстыра отырып Франциядағы бірінші республикамен Қазақстан Республикасының ұқсастығы мен өзгешелігін бағалау.	

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Француз буржуазиялық революциясының көрінісі
Тақырып	Наполеон империясы қалай құрылды және оның құлдырау себептері неде болды?
Оқыту мақсаты	7.3.2.4 империалистік соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалау (Наполеон соғыстары мысалында);
Әдіс-тәсілдер	«ПТМС» формуласы
Тарихи концепті	Маңыздылығы

1-тапсырма: «ПТМС» формуласы арқылы Наполеон билікке келгеннен кейін өзінің позициясын өзгертуінің себебін анықтайды, Францияның азаттық соғыстарының - жаулаушылық соғысқа айналуын түсіндіреді, Наполеонның ішкі және сыртқы саясатын талдайды, Бонапарттың либералдық ұстанымының әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалының салдарын бағалайды. Позиция (мен солай санаймын,...) Түсіндіру (....себебі...) Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)
Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар: Империалистік соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын (Наполеон соғыстары мысалында) «ПТМС» формуласы арқылы маңыздылығын айқындайды. Пайдаланылған әдебиеттер:. Дүниежүзі тарихы(1640 – 1900). Жалпы білім беретін мектептердің 8 – сыныбына арналған оқулық/ Н. Алдабек, К.Мақашева, Қ. Байзақова, - Алматы: Мектеп, 2018. – 208 б.,Бурин С. Н. Новая история. 1640 – 1918гг.: Учебник для 7-8кл. Москва: Дрофа,1998 – 304с

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы
Тақырып	Танзимат саясаты Осман империясын күшейтуге әсер етті ме?
Оқу мақсаттары	7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау
Әдіс-тәсілдер	«Grow» әдісін қолдану
Тарихи концепті	Себебі мен салдары
1-тапсырма: «Grow» әдісі бойынша тарихи оқиғаны сипаттап кестеге түсіру. XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы Осман империясындағы дағдарыстың тереңдегенін, империяны сақтап қалу мақсатында түріу үкіметінің жүргізген танзимат реформалық әрекеттерін және оның нәтижелерін біледі.Реформаның нәтижесінен толық нәтижеге жете алмағандығын түсінеді. «Жас түріктер» қозғалысының әрекетін талдайды. «Шығыс мәселесінің» қандай себеп салдарға байланысты туындағанын бағалайды.	
Мақсат	
Іске асыру	
Мүмкіндіктер	
Әрекет	
Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар: XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттап«Grow» әдісін қолдану арқылы себебі мен салдарын айқындайды. Пайдаланылған әдебиеттер: 1.Дүниежүзі тарихы(1640 – 1900). Жалпы білім беретін мектептердің 8 – сыныбына арналған оқулық/ Н. Алдабек, К.Мақашева, Қ. Байзақова, - Алматы: Мектеп, 2018. – 208 б., 2.Бурин С. Н. Новая история. 1640 – 1918гг.: Учебник для 7-8кл. Москва: Дрофа,19987 – 304с 3.https://kk.wikipedia.org/wiki/Апын_соғыстары	

8-сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұсынымдар

Бөлім	Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары
Тақырып	Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері қандай?
Оқу мақсаты	8.3.2.1 Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары мен себептерін айқындау;
Әдіс-тәсілдер	«Себеп-салдар» кестесі, «Попс формуласы», «Картамен жұмыс»
Тарихи концепті	Себеп пен салдар

1-тапсырма: Топтық жұмыс. **«Себеп-салдар» кестесі.** Оқулық мәтінін және қосымша ресурстарды пайдаланып, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы империалистік мемлекеттердің қақтығыстарының себеп-салдарын анықтаңдар;

- 1 топ. Испан-американ соғыстары
- 2 топ. Ағылшын-буржуазиялық соғыстары
- 3 топ. Орыс-жапон соғыстары

«Себеп-салдар» кестесі

Тарихи оқиға	мерзімі	себебі	салдары	нәтижесі

2-тапсырма. «Жұптық жұмыс». Қосымша мәліметтерді пайдаланып, Балқан түбегі елдері неліктен «Еуропаның жарылғыш қоймасы» деп аталғанын **«Попс формуласы»** арқылы түсіндіріңдер;

«Попс формуласы»

- 1-қадам: «Менің ойымша...»
- 2-қадам: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»
- 3-қадам: «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
- 4-қадам: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»



Балқан түбегін неліктен Еуропаның "жарылғыш қоймасы" деп атады?

Ежелгі заманнан бастап Еуропаның Балқан түбегін әртүрлі халықтар қоныстанып отырды. Бұл халықтар біртіндеп көбейіп ғана қоймай, Ортағасырларда әртүрлі діндерді ұстанушылар қатарынан табылды. Балқан түбегі ежелгі заманнан бастап XX ғасырдың 90 жылдарына дейін әртүрлі мемлекеттердің ықпалында немесе басқаруында болып, алпауыт мемлекеттердің саяси ойындарының алаңына айналған болатын. Бұл жәйт, халықтардың бір-бірімен байланыс жасауына мейлінше кедергі болды. Тіпті, ұқсас славян халықтарының әртүрлі дінді ұстануы, әртүрлі мемлекеттердің қарамағында болуы өз ықпалын тигізді. Мысалы: Босния аймағында тұратын босниялықтар - ислам дінін ұстанса, хорваттар - христиан дінінің католик бағытын ұстанды ал сербтер болса христиан дінінің православие бағытын ұстанды. Австро-Венгрия империясы заманында хорваттар артықшылыққа ие болса, Осман империясы кезінде албандықтар мен босниялықтар артықшылыққа ие болды. Бірінші және Екінші Балқан соғыстарына осы жағдай әсер етті. Халықтардың ресми шекарадан тыс қоныстануы көптеген мемлекеттерге маза бермеді. Жиілеген көтерілістер Осман империясына - оның орнын басуға тырысқан Австрия-Венгрияның, Балқан түбегінде геосаяси мүддесі бар ұлы державалар Англия, Франция, Ресейдің назарын аударды. Серб ұлтшылы Гаврило Принцип тарапынан атылған оқтың Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әсер еткені тарихтан белгілі. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында да Балқан түбегін әртүрлі саяси күштер бір-біріне қарсы соғыс ошағына айналдырды. Сырттан қаржыландыратын мемлекеттік төңкерістер - ұлы державалар арасындағы қақтығысқа әкелді. Ұлы державалардың Балқан түбегінің елдерінің ішкі және сыртқы саясатына араласуы олардың Тәуелсіздігін шектеді. Соғыстар күткендегідей нәтиже бермеді. Ұлттық мәселелер жылдар бойы шешілмей жинақтала берді. Бұл кейін жинақталып, қақтығыстарға әкелді. Тіпті қазіргі бұл мәселенің салқыны әлі сезіледі.

<https://dzen.ru/a/ZRWBJB4bp0FJxLlk?>

3-тапсырма: «Картамен жұмыс».

1. I дүниежүзілік соғысты бастаған әскери-саяси одақтардың құрамына кірген мемлекеттерді картадан көрсетіндер;
2. Олардың мақсаттары қандай болды?
3. Соғысты болдырмаудың қандай мүмкіндіктері бар еді?



Бөлім

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері

Тақырып	Неліктен Мұстафа Кемалді «Ататүрік» деп атады?
Оқу мақсаты	8.2.1.1 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыру арқылы мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау
Әдіс-тәсілдер	«File» әдісі, «екі себеп, бір дәлел»
Тарихи концепті	Интерпретация

1-тапсырма: Топтық жұмыс. «File» әдісі. Оқулықтағы мәтінді оқып шығып, Мұстафа Кемал Ататүріктің реформалары Түркияның дәстүрлі қоғамын қалай өзгерткендігіне «File» әдісі арқылы талдау жасаңдар:

- 1 топ. Экономикалық реформалар
- 2 топ. Діни реформалар
- 3 топ. Саяси реформалар

«File» әдісі

«F» - негізгі фактіні анықтау

«I»- негізгі идеясын айқындау

«L» - көтерілген негізгі мәселені анықтау

«E» - мәселені өзіндік көзқарасымен талдау

2-тапсырма: Жұптық жұмыс. Берілген қосымша мәліметтерді қолданып, жұппен тұлғаның өз еліне жасаған қызметіне «екі себеп, бір дәлел» әдісімен баға беріңдер; Сұрақ:

1. Мұстафа Кемалға «Ататүрік» (түріктердің әкесі) деген ат берілуі әділ деп ойлайсыңдар ма?

2. Мұстафа Кемалдың қанатты сөздерінен қандай ой түйіндедіңдер?



Мұстафа Ататүріктің қанатты сөздері:



«...Екі Мұстафа Кемал бар. Бірі – мен, ажалды Мұстафа Кемал; екіншісі – әрдайым ұлттың жүрегінде өмір сүретін Мұстафа Кемал. Мен- екіншісінің символымын.»

«Кішкене істермен айналыспаңыздар. Үнемі ұлы армандардың соңында болыңыздар. Солай болғанда еңбектеріңіз сізден кейін де жалғасады.»


«Ұлтқа қожалық жасауға болмайды, оған тек қызмет етуге болады. Ұлтқа қызмет жасай білген адам ғана оның қожасы болады.»

Бөлім	5-бөлім. Әлемдік экономикалық дағдарыс
Тақырып	Әлем елдері Ұлы дағдарыстан қалай шықты?
Оқыту мақсаттары	8.2.4.1 әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Дж. Кейнс теориясының рөлін сипаттау; 8.3.1.3 фактілерді, процестер мен оқиғаларды салыстыру арқылы дүниежүзілік

	экономикалық дағдарыстан шығудың түрлі жолдарын түсіндіру (АҚШ, Франция, Германия)
Әдіс-тәсілдер	Дереккөзімен жұмыс, «321» әдісі, «Плюс, минус, қызықты» кестесі
Тарихи концепті	Өзгеріс пен сабақтастық
1-тапсырма: Дереккөзімен жұмыс. Оқулықтағы және қосымша мәліметтерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріндер; Дж. Кейнс кім? Оның жаңа идеясының мәні неде? Кейнс теориясының артықшылығы неде деп ойлайсыңдар? Кейншілдік теориясының негізгі идеяларын қазіргі уақытта қодануға бола ма? Дереккөз. Джон Кейнстің «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» 1936 жылы Джон Кейнстің «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» атты кітабы жарық көрді. Автор нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеуі туралы сол кездегі танымал тезисті өзінше түсіндірген. Кейнс теориясы нарықтық экономикада табиғи түрде толық жұмысбастылықты қамтамасыз, ал мемлекет жұмысбастылық пен жиынтық сұранысты реттеуге міндетті деп бекітеді. 20 ғасырдың ортасында кейнсиандық көзқарасты көптеген еуропалық мемлекеттер өздерінің экономикалық саясатын негіздеу үшін қолдана бастады. Мұның салдары экономикалық өсуді жеделдету болды. Кейнс кітабы 20 ғасырдың 30-жылдарындағы өндірістің құлдырауының себептерін түсіндіріп, келешекте оның алдын алу жолдарын айтып, Батыс экономикасын ауыр дағдарыстан алып шыққан «кейнсиандық» ілімінің негізін қалады. Джон Кейнс, білімі бойынша экономист, бір кездері Үндістан істері департаментінің, Қаржы және валюта комиссиясының қызметкері болды және Қаржы министрлігінде қызмет етті. Бұл оған экономиканың неоклассикалық теориясын қайта қарауға және жаңасының негіздерін жасауға көмектесті. Кейнс өз еңбегінде экономиканы мемлекеттік реттеуді негіздейді. Бұған дейін экономикалық теория экономика мәселелерін микроэкономикалық құралдармен шешті. Талдау кәсіпорын қызметінің көлемімен, сонымен қатар оның шығындарды азайту және пайданы арттыру жөніндегі міндеттерімен шектелді. Кейнс теориясы мемлекеттің ұлттық экономикаға қатысуын болжайтын жалпы экономиканы реттеуді негіздеді. 70-80 жылдардағы дағдарыс кезінде Кейнсиандық теория сынга алынып, мемлекеттің экономикаға араласпау принципін ұстанатын неолибералдық теорияларға басымдық берілді. https://kk.modern-info.com/13625469-john-keynes-general-theory-of-employment-interest-and-money	
2-тапсырма. Топтық жұмыс. Ұлы дағдарыстың АҚШ үшін салдары мен одан шығу жолдарына «321» әдісі арқылы талдау жасаңдар; «3» салалар бойынша дағдарыстың көрінісін анықтау; 3.. 2.. 1.. «2» салалар бойынша дағдарыстан шығу жолдарын анықтау; 2.. 1.. «1» нәтижесін тұжырымдау; 1...	

			
1 топ. Аграрлық дағдарыс және шығу жолдары	2 топ. Банктік дағдарыс және шығу жолдары	3 топ. Өнеркәсіптегі дағдарыс және шығу жолдары	4 топ. Әлеуметтік дағдарыс және онан шығу жолдары

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Дауэс жоспарының» Батыс Еуропа елдері үшін ықпалын «Плюс, минус, қызықты» кестесі арқылы анықтаңдар;


Тарихи анықтама Дауэстің жоспары деп аталатын жаңа өтемақы жүйесі 1924 жылы Лондондағы Антанта елдерінің конференциясында бекітіліп, Германия басшылығы қабылдауға мәжбүр болды – мәселенің басқа бейбіт шешімі табылмады. Америка Құрама Штаттары Германияға 800 миллион марка берді (бұл несие болды: қарыз және пайыз!). Бұл ақшаның көп бөлігі жеңімпаз елдерге өтемақы төлеуге жұмсалды.	
---	---

«Плюс, минус, қызықты» кестесі

Плюс	Минус	Қызықты
1. 2.	1. 2.	1.

Бөлім	7-бөлім.
Тақырып	Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары
Оқыту мақсаты	Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен барысында елдер арасында қандай келісімшарт қарым-қатынастары қалыптасты?
Әдіс-тәсілдер	8.3.2.3 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын талдау
Тарихи концепті	«Кроссенс» әдісі, «Жауапқа сұрақ», Инфографика құрастыру
1-тапсырма. «Кроссенс» әдісі. Агрессор мемлекеттер блогының құрылуына хронологиялық реттілік бойынша талдау жасап, олардың түпкі мақсаттарын анықтаңдар; ❖ Әдістемелік анықтама "Кроссенс" танымдық бастаманы, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту әдісі ретінде. Бұл іс жүзінде тәуелсіз шығармашылық ізденіске жағдай жасауға мүмкіндік беретін әдіс. Балалар заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты тауып қана	

қоймайды, олар өз білімдерін тереңдетеді, үйреншікті нәрселерді түсінудің жаңа қырларын ашады және кроссенстерді құрастырады және шешеді. osh2-egin-akm.edu.kz



Білім алушылар екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және оның барысында елдер арасындағы шарттық қатынастарды, олардың ықпалын талдайды.

2- тапсырма. Топтық жұмыс. «Инфографика» арқылы екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын талдап, өз тұжырымдарымен қорытынды жасайды.

Оқушыларға қосымша көмекші ресурстар ұсынуға болады.



Екінші Дүниежүзілік соғыс салдары

Соғысқа 61 мемлекет, дүние жүзі халқының 80%-ы қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекет жерінде жүріп, 110 млн адам әскерге алынды. 50 — 55 млн адам қазаға ұшырап, 4 триллион долл. көлемінде шығын шықты. Соғыстың аяғында фашизм толық күйреп, Батыс Еуропа елдерінде демократияның орнауына жол ашылды. Фашизмді талқандауда шешуші рөлді КСРО құрамындағы халықтар атқарды.

Международные отношения накануне Второй мировой войны. Возникновение очагов войны

Япония: 1931 г. — вторжение Японии в Маньчжурию; 1937 г. — вторжение Японии в Китай. Оказание СССР помощи Китаю; 1938 г. — разгром японцев на оз. Хасан (К. Виноков); 1939 г. — разгром японцев на р. Халхин-Гол в Монголии (Г. Жуков)

Германия: 1933 г. — под лозунгом реванша к власти в Германии приходит А. Гитлер; 11-12/III 1938 г. — присоединение Австрии; 29/IX 1938 г. — «Мюнхенский договор» (при участии Германии, Италии, Англии, Франции) об Чехословакии отторгнуты Судеты (1/4 территории, 1/3 населения); 15/III 1939 г. — оккупация Чехословакии

Италия: 1935-1936 гг. — вторжение Италии в Эфиопию. Италия вышла из Лиги Наций в 1937 г.

Испания: 1936-1939 гг. — гражданская война в Испании и интервенция Германии, Италии, Японии.

Запад заявил о невмешательстве, СССР оказал республиканцам экономическую и военную помощь

Версальская система рухнула. Агрессоры объединяются. 25/X 1936 г. — итало-германское соглашение («ось Берлин — Рим»); 25/XI 1936 г. — «Антикоминтерновский пакт»; Германия — Япония — Италия (6/XI 1937 г.)

23/VIII 1939 г. — СССР пошел на подписание договора о ненападении с Германией (пакт Молотова и Риббентропа)

Вторая мировая война

Показатель	Дни	2194
Число стран-участниц	Среднее	62
Число стран-участниц	Полностью	11
Число стран-участниц	Частично	40
Число стран-участниц	Население стран-участниц войны	1700 млн. человек (80% населения Земли)
Число стран-участниц	Мобилизованы в войну	110 млн. человек
Число стран-участниц	Больше 60 млн. человек	

Соғыстың басталуы

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 ж. 1 қыркүйекте Германияның Польшаға шабуылымен бастады.



Екінші дүниежүзілік соғыс

- Соғысқа 61 мемлекет қатысты
- Барлығы 70 млн адам қаза тапты
- КСРО жағынан 26 млн, Германия 12 млн адам қаза тапты
- АҚШ-тың 405 мың, Ұлыбританияның 375 мың адамы қаза тапты

3- тапсырма. «Жеке тапсырма». «Жауапқа сұрақ» әдісі. Мәтінді пайдаланып, жауаптары төмендегі сөздер болатын, А,В,С нұсқадағы тест тапсырмасын құрастырыңдар;
Жауаптары: «тіршілік аймағы», «тыныштандыру саясаты», аншлюс, Мюнхен келісімі, Риббентроп-Молотов пактісі.

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда 9-сынып білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Функционалдық сауаттылық – білім алушының мектеп қабырғасында алған білімін іс жүзінде қолдануға, өмірлік мәселелерді шешуге пайдалануға негізделген шынайы білім деңгейі. Қоғамдық пәндерді оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды функционалдық сауаттылықпен қатар дамытқан жөн. Оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауы, ол ақпаратқа сын тұрғысынан баға

беруі, өзіндік көзқарастары мен болжамдарын ұсынуы, өз ойын дәлелдеп, негіздей білуі - тұлғааралық және әлеуметтік қатынастарда туындаған мәселелерді дұрыс шешуге бағдар береді Оқытудағы ұсынылатын әдіс-тәсілдер сабақ барысында білім алушының тақырып бойынша тарихи оқиғалар туралы ой қорытып, өзіндік көзқарастары мен қағидаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бөлім	XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы
Тақырып	XX ғасырдың екінші жартысында отарсыздандыру процесі неліктен күшейді?
Оқыту мақсаты	9.3.1.3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 9.3.2.1 отаршылдық жүйе күйреуінің себептері мен салдарын талдау
Әдіс-тәсілдер	«Қос жазба күнделігі», картамен жұмыс,
Тарихи концептілер	Себеп-салдар, интерпретация

1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Қос жазба күнделігі» Оқушылар берілген сұрақтарға жазбаша түсінік береді.

«Қос жазба күнделігі»

Мәтіннен үзінді	түсіндірме
Жапонияның тізе бүгуі Үндіқытай, Бирма, Малайзия, Индонезия халықтарын азаттық күресін өршітті...	
Метрополиялар отарларын жоғалтуға жол бермеуге тырысқанмен, өз иеліктерін сақтап қала алмады...	
Отарсыздану үдерісі бірнеше онжылдық бойы жалғасып, бір-бірінен ерекшеленетін кезеңдерден тұрды...	

2-тапсырма. Картамен жұмыс. Картаны пайдаланып, отарсызданудың кезеңдеріндегі тәуелсіздік алған елдерді контур картада белгілеңдер және белгілеген елдердің отарсызданудың қай кезеңдеріне жататындығын анықтаңдар;
Тарихи анықтама: Отарсыздандыру үдерісі 4 кезеңнен тұрды:

- 1.1943-1956 жылдар:Азия, Солтүстік Африка елдері.
2. XX ғасырдың 50-60 жылдары:Африканың отарсыздануы.
- 3.XX ғасырдың 70-шы жылдары:Португалия империясы құлатылды.
4. XX ғасырдың 80-90 жылдары: Отарлық империялар дәуірінің аяқталуы.





3-тапсырма. Топтық жұмыс.Отарлық жүйенің ыдырау себеп-салдарын «DEAL» әдісі бойынша талдаңдар;

1-топ. Отарлық жүйенің ыдырауының экономикалық факторлары

2-топ. Отарлық жүйенің ыдырауының саяси факторлары

3-топ. Отарлық жүйенің ыдырауының идеологиялық факторлары

«DEAL» әдісі. Мақсаты: талдау, болжау, байланыстыру, қорытынды жасау.

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу)	E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).	A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).	L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).



Бөлім	XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы
Тақырып	Әлемнің екі полюсті жүйесі қалай қалыптасты?
Оқыту мақсаттары	9.3.2.2 «қырғи қабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдау; 9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау;
Әдіс-тәсілдер	«Талдау картасы», «Ортақ портрет», «SWOT» талдауы
Тарихи концептілер	Дәлел, интерпретация
1 тапсырма. «Талдау картасы». «Қырғиқабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдау картасына салып, 3 факт, 1 дәлел арқылы түсіндіріңдер; «Талдау картасы»	
екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдай 3/1 У.Черчилльдің Фултондағы сөзі 3/1 Қырғиқабақ соғыстың басталуы 3/1	

Тарихи анықтама Қырғи қабақ соғыс - бұл XX ғасырдағы ең үлкен әскери, экономикалық, мәдени және әлеуметтік қақтығыстардың бірі болды. Дүниежүзілік үстемдік үшін идеологиялық тұрғыдан сол кездегі екі алпауыт мемлекеттер- Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) мен Америка Құрама Штаттары арасындағы (АҚШ) арасындағы текетірес.
2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Білімдерінді пайдаланып «Ортақ портрет» сызбасында Трумэн доктринасы мен Маршалл жоспарының ортақ мақсаттарын сипаттаңдар; <pre> graph TD A[Трумэн доктринасы] --> C[Ортақ мақсаттары] B[Маршалл жоспары] --> C </pre> 3- тапсырма. Топтық жұмыс.Оқулық мәтінін және қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және БШҰ-ның қайшылықтарын «SWOT» талдауы арқылы сипаттаңдар; 1 топ. НАТО әскери-саяси одағы 2 топ. Варшава Шартты Ұйымы «SWOT» талдауы. Әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, оның мүмкіндіктері бағаланып, орын алатын қатерлері туралы жазылады. S - Жағымды жақтары (Strengths) _____ W - Жағымсыз жақтары (Weaknesses) _____ O- Мүмкіндіктері (Opportunities) _____ T - Қатерлері (Threats) _____ Әдебиеттер тізімі Дүниежүзі тарихы (1945-2018) Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. 2-бөлім/ Н.Алдабек, К.Мақашева, Қ.Байзақова.-Алматы: Мектеп, 2019.kk.wvpt4learning.org

Бөлім	Аумақтық мәселелерді шешудегі халықаралық ұйымдар	
Тақырып	БҰҰ Таяу Шығыстағы дағдарысты шешудің қандай бейбіт жолдарын ұсынады?	
Оқыту мақсаттары	9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын тұжырымдау; 9.3.2.6 халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметін бағалау	
Әдіс-тәсілдер	«Ішкі-сыртқы факторларды талдау», «маңыздылық» кестелері	
Тарихи концептілер	Себеп-салдар, маңыздылық	
1-тапсырма. Кесте. Таяу Шығыс елдеріндегі жиі шиеленістерге себеп болатын ішкі және сыртқы факторларды анықтаңдар;		
Шиеленістерді тудыратын ішкі факторлар		Шиеленістерді тудыратын сыртқы факторлар
1.		1.
2.		2.

3	3.	
2- тапсырма. « Маңыздылық » кестесі. Мәтінді және өз біліміңді қолданып, халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметінің маңыздылығын бағалаңдар және өз тұжырымдарыңды дәлелдендер;		
Оқиға, оның мазмұны	Маңыздылық деңгейі	
БҰҰ-ның Бас хатшысы мен оның өкілдері өткір аймақтық қақтығыстарды шешуге үлес қосты.	1.өте маңызды/дәлел 2.айтарлықтай маңызды емес/дәлел 3.маңызды емес/дәлел	
Ұйым бейбітшілік орнатуға, оны сақтауға, күрделі операциялар мен гуманитарлық көмек көрсетуге байланысты жұмыстар жүргізді.	1.өте маңызды/дәлел 2.айтарлықтай маңызды емес/дәлел 3.маңызды емес/дәлел	
Бітімгершілік пен бейбітшілік операцияларын жүргізуші	1.өте маңызды/дәлел 2.айтарлықтай маңызды емес/дәлел 3.маңызды емес/дәлел	
3-тапсырма. «ПТМТ формуласы». Төмендегі сұраққа ПТМТ талдауы арқылы жауап беріңдер;		
Сұрақ: Кейбір қақтығыстарды шешу кезінде БҰҰ сәтсіздіктерінің себебі неде?		
Позиция - менің ойымша....		
Түсіндіру – себебі ...		
Мысалы – мынандай мысал келтіре аламын ...		
Түйіндей келе,...		

Бөлім	Аумақтық мәселелерді шешудегі халықаралық ұйымдар
Тақырып	«Араб көктемінің» себептері мен салдары қандай?
Оқыту мақсаты	9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын тұжырымдау;
Әдіс-тәсілдер	Мәтінмен жұмыс, «Кроссенс» әдісі, «еркін ой»
Тарихи концептілер	Себеп-салдар, маңыздылық
1-тапсырма. Оқулықтағы мәтінмен танысып, «Араб көктемінің» алғышарттарын анықтаңдар; «Араб көктемінің» әлеуметтік алғышарттары (3 себеп) «Араб көктемінің» экономикалық алғышарттары (3 себеп) Тұжырым Араб елдері тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде де экономикалық өрлеу болмады. Себебі неде деп ойлайсыңдар?	
2 -тапсырма. « Кроссенс » әдісі. «Араб көктемінің» себептерін хронологиялық реттілік бойынша баяндап, салдарына тұжырым жасаңдар; <i>Әдістемелік анықтама</i> «Кроссенс» танымдық бастаманы, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту әдісі ретінде. Бұл іс жүзінде тәуелсіз шығармашылық ізденіске жағдай жасауға мүмкіндік беретін әдіс. Балалар оқиғалар мен құбылыстар арасындағы байланысты тауып қана қоймайды, олар өз білімдерін тереңдетеді, үйреншікті нәрселерді түсінудің жаңа қырларын ашады және кроссенстерді құрастырады және шешеді. osh2-egin-akm.edu.kz	

Шығыс пен Солтүстік Африкадағы наразылық шерулері	2010 жыл, қазан. Батыс Сахара	2010 жыл, 18 желтоқсан. Тунис	
			
8. «30 маусым революциясы»	 салдары	2011 жыл 31 қаңтар	
 7. 2012 жыл, мамыр революциясы	6. 2011 жылдың аяғы-2012 жылдың басы	2011 жыл ақпан	
			
3-тапсырма. « Еркін ой » шығармашылық тапсырма «Араб көктемі» мақсатына жетті ме? (шағын мәтін, эссе, сурет, инфографика құрастыру т.б.) тапсырма оқушы таңдауы бойынша жасалынады			
Әдебиеттер тізімі Дүниежүзі тарихы (1945-2018) Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. 2-бөлім/ Н.Алдабек, К.Мақашева, Қ.Байзақова.-Алматы: Мектеп, 2019.osh2-egin-akm.edu.kz			

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда 10 сынып білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

I-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері

1-тарау. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері. Өркениеттердің жіктелуі.

Тақырып: Өркениеттердің жіктелуі. Қазіргі өркениеттердің дамуына ақпараттық технологиялардың әсері

Оқыту мақсаттары: 10.1.2.5 ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау

1-тапсырма. Ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін зерттей отырып, «Астана-болашақтың қаласы» атты жобаны жариялау және қазіргі өркениетке әсерін, анықтау.

Функционалды сауаттылық: Ғылыми ақпарат көздерін ғаламтордан алып, төменде берілген төрт мәселе бойынша ғылыми ақпарат әзірлеу.

1. Астана энергиясы;
2. Астана инфрақұрылымы;
3. Астана туризмі;
4. Астана медицинасы.



Жоба құрылымы:

I. Ғылыми ақпарат іздеу;

II. Табылған ақпараттармен виртуалды симпозиумда талдау ұйымдастыру;

III. Симпозиумдағы анықталған ақпараттарды форумда талқылау;

IV. Ғаламторда нәтижесін жариялау;

V. Жоба дайындаушыларын марапаттау.

Дескриптор:

1. Ғылыми ақпаратты көздерін ғаламтордан іздейді;

2. Алынған ақпараттар негізінде жоба жазады;

3. Жобаны қорғайды.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 8-12 беттер

2-тарау. Әлем өркениеттерінің тарихы.

Тақырып: Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары

Оқыту мақсаттары: 10.1.3.9 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау;

1-тапсырма. Әлемдегі негізгі діндердің таралу ерекшеліктерін анықтау және діндердің даму тенденцияларын белгілеу.

Функционалды сауаттылық: Төменде берілген кестеге әлемдегі діндердің таралу ерекшеліктеріне талдау жасау.

Діндер таралу ерекшеліктеріне қарай әлемдік, ұлттық және дәстүрлі болып бөлінеді:		
Әлемдік	Ұлттық	Дәстүрлі

Өркениеттердің өзара әрекеттесуі

Тақырып: Мәдениеттер диалогі

Оқыту мақсаттары: 10.1.4.8 әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау;

10.1.4.9 жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау

1-тапсырма. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің этникалық, ұлттық, өркениеттік деңгейі туралы қосымша ақпараттарды қолдана отырып зерттеу. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің үш деңгейін қосымша ақпараттар арқылы анықтау.




Функционалдық сауаттылық: мәдениеттердің жаһандық ақпараттық-технологиялық ағымға түсетінін дәлелдеу.

2-тапсырма. Мәдениеттердің жаһандық ақпараттық-технологиялық ағымға түсетінін дәлелдеу.

Басқа мәдениетпен араласқан адам	Өзінің этномәдени (түпкі) бірегейлігін сақтаған адам

Білім алушылар: басқа мәдениетпен араласқан адам мен өзінің этномәдени (түпкі) бірегейлігін сақтаған адамды салыстырады. Мәдениеттің өзара әрекеттесуіне қатты әсер ететін ақпараттық-коммуникативтік жүйелерді жіктейді.



Дескриптор:

1. Ақпараттық-коммуникативтік жүйелерді жіктейді;
2. АКЖ-ның мәдениетке әсерін анықтайды;
3. Этномәдени бірегейлікке 2-3 мысал келтіреді.

3-тапсырма. Жаһанданудың мәдениеттегі жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау.

Жағымды жақтары	Жағымсыз жақтары	Рухани дамуға әсері

--	--	--

Дескриптор:

1. Жаһанданудың бірнеше жағымды жақтарын атайды;
2. Жаһанданудың бірнеше жағымсыз жақтарын айтады;
3. Жаһанданудың рухани дамуға әсеріне 2-3 аргументтер келтіреді.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп» , 2019 ж. 8-12 беттер [6]

4-тарау. Антропогенез және этногенез

Тақырып: Этникалық және ұлттық бірегейлік

Оқыту мақсаты: 10.2.1.7 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу

1-тапсырма. Суреттегі сұраққа жауап беру үшін 150-200 сөзден тұратын эссе жазу.

Дескриптор:

1. 150-200 сөзден тұратын эссе жазады;
2. Эсседегі басты мәселені анықтайды;

2-тапсырма. Этникалық және этникалық бірегейлікті салыстыру және айырмашылығын тауып, Қазақстаннан мысалдар келтіру.

Дескриптор:

1. Этникалық бірегейлікті салыстырады;
2. Этникалық бірегейліктің айырмашылығын атайды;
3. Этникалық бірегейлікті сақтауға бірнеше мысалдар келтіреді.

3-тапсырма. Әртүрлі әлеуметтік топтарға жататын топтарға рөлдерді қосып, адамның бірегейлігі қалай өзгертетінін талдау.

Студент	
Бизнесмен	
Спортшы	
Дипломат	
Жұмысшы	
Миллионер	
Дәрігер	
Оқытушы	

Дескриптор:

1. адамның бірегейлігінің өзгеруін сипаттайды;
2. бірегейліктің өзгеруіне әкелетін факторларды атайды;
3. бірегейліктің маңызын талдайды.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп» , 2019 ж. 8-12 беттер [7]

5-тарау. Әлем тарихындағы этникааралық қатынастар

Тақырып: Этностардың бейбіт қарым-қатынастарының тәсілдері (халықаралық интеграция)

Оқыту мақсаты: 10.2.2.6 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт мүмкіндігін дәлелдеу.

1-тапсырма. Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі екенін дәлелдеу.

Дескриптор:

1. ҚХА қоғамдағы орнын анықтайды;
2. ҚХА-ның ұлтаралық келісімді сақтаудағы рөлін көрсетеді;
3. ҚХА-ның ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі екенін дәлелдейді.

6-тарау. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары

Тақырып: Қоғамның әлеуметтік құрылымдарының тарихи формалары

Оқыту мақсаты: 10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру;

10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу

1-тапсырма. Берілген суреттер бойынша бірнеше деңгейлі жұмыстарды жасау.

А) Қазақстанда жоғарғы, орта, төменгіге кімдер жатады?

Ә) Стратификация неліктен ашық және жабық болып бөлінеді?

Б) Әлеуметтік мобильділік құрылымы неліктен осылай көрінеді?



В) Әлеуметтік мобильділік каналдары неліктен түрліше болады?



Г) Қазақстандағы өмір сүру минимумы қандай? Ғаламтор материалын пайдалана отырып көрсету.

Дескриптор:

1. Қазақстандағы жоғарғы, орта, төменгіге кімдер жататынын атайды;
2. стратификацияның түрлерін анықтайды;
3. әлеуметтік мобильділік құрылымын көрсетеді;
4. әлеуметтік мобильділік каналдарын сипаттайды;
5. ҚР өмір сүру минимумына 2-3 аргумент келтіреді.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 235-236 беттер

Бөлім: Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

Тақырып: Саяси режим түрлері

Оқыту мақсаты: 10.3.1.5 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру;

10.3.1.6 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау

1-тапсырма. Кестеде көрсетілген саяси тәртіптерді салыстыра отырып, картадан саяси режимдерді анықтау.


Өлшемдер	Саяси тәртіптер		
	Демократиялық	Авторитарлы	Тоталитарлы
Мемлекет басшысының өкілеттілігі	Заңмен шектелген	Нақты шектелмеген	Іс жүзінде шектелмеген
Билік бөлінісі	Тәжірибеде жүзеге асырылады	Атқарушы билік заң шығарушы және сот билігінен үстем	Мойындалады (жасанды)
Партиялар	Көппартиялық	Биліктегі партия мемлекеттендірілген	Бір ғана партия
Идеология	Саяси плюрализм	Бір идеологияның үстемдігі	Бір ғана ресми идеология
Құқықтар мен бостандықтар	Заңмен тыйым салынбағанның барлығына рұқсат	Саясатқа қатысы жоқтың барлығына рұқсат	Бұйрық етілгендер ғана рұқсат
Оппозиция	Заңды қызмет етеді	Тыйым салынады немесе жалған оппозиция қалыптасады	Терістеледі
Жазалаушы органдар	Заңмен қатаң реттелген	Жасырын саяси тінту жүзеге асырылады	Саяси қуғын-сүргін жаппай

Дескриптор:

1. Саяси тәртіптерді салыстырады;
2. Картадан саяси режимдерді анықтайды;
3. Саяси режимдердің орнын көрсетеді.

2-тапсырма. Картамен жұмыс. Картаның шартты белгісінде көрсетілген авторитарлы және демократиялы режимдерде отырған елдердің атын жазып, талдау.

Бриикерхоф Д, Уейтс Р., Ортега С. «Әлеуметтану негіздері» оқулығындағы қазіргі кездегі демократиялы және авторитарлы елдер картасы



Дескриптор:

1. карта бойынша авторитарлы режимдегі елдерді атайды;
2. карта бойынша демократиялы режимдегі елдерді анықтайды;
3. екі режимнің айырмашылығын көрсетеді.

3-тапсырма. Неліктен, басқарудың демократиялық режимін таңдар еді?

Демократияны таңдар едім., өйткені...	Демократия тиімді болады, өйткені...	Демократияның да минус жағы бар, өйткені...

Дескриптор:

1. Демократиялық режимнің басқа режимдерден айырмашылығын көрсетеді;

2. Демократияның тиімділігін сипаттайды;

3. демократияның минус жағына 2-3 мысал келтіреді.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 23-25 беттер [10]

Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар

№8. Тақырып: дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі

Оқыту мақсаты: 10.3.2.14 дүниежүзілік соғыстар кезеңінде халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын талдау

1-тапсырма. Екі дүниежүзілік соғыстарды салыстыра отырып, адамзат үшін ауыртпалығын көрсету.

Соғыстар	Бірінші дүниежүзілік соғыс	Екінші дүниежүзілік соғыс
Болған уақыты		
Алғышарты		
Себептері		
Қатысқан елдер		
Соғыстың барысы		
Соғыстың басты шайқастары		
Соғыстың ерекшеліктері		
Соғыстың нәтижесі		
Соғыстың шығыны		

Дескриптор:

1. екі дүниежүзілік соғыстарды салыстырады;

2. екі соғыстың адамзат үшін ауыртпалығын көрсетеді;

3. екі соғыстың нәтижесін талдайды.

2-тапсырма. Тарихта болған екі дүниежүзілік соғыстардың мәселесі шешкен конференциялар мен шарттар және олардың маңызы

Версаль-Вашингтон жүйесі	
--------------------------	--

Париж бітім конференциясы	
Ұлттар Лигасы	
Ялта-Потсдам жүйесі	
Ядролық мәселелер	
Биполярлы жүйенің орнауы	

Дескриптор:

1. Соғыс мәселелерін шешкен конференцияларды атайды;
2. Соғыс мәселелерін шешкен шарттарды сипаттайды;
3. Конференциялар мен шарттардың маңызын талдайды.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 82-84 беттер [11]

9-тарау. Революциялар қоғам өзгеруінің факторы ретінде

№9. Тақырып: Қазіргі заманғы революциялар

Оқыту мақсаты: 10.3.3.7 Шығыс Еуропадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау;

10.3.3.8 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау;

10.3.3.9 қоғамдық мәселелерді шешудің тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасау

1-тапсырма. Оқулық пен ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, революциялардың алғышарттарын, себептерін, барысын және ерекшеліктерін көрсету.

Барқыт революциясы	Араб көктемі	Түрлі түсті революциялар
Шығыс Еуропада	Араб елдерінде	Посткеңестік елдерде

Дескриптор:

1. революциялардың алғышарттарын көрсетеді;
2. революциялардың себептерін атайды;
3. революциялардың барысын сипаттайды;
4. революциялардың ерекшеліктерін талайды.

2-тапсырма. Қоғам мәселелерін шешуде революциялық тәсілдерді қолданудың зардаптарын талдауда «+» және «-» жақтарын көрсету.

IV бөлім. Мәдениеттің дамуы.

10-тарау. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау жолдары

Тақырып: Мұражай ісі. Мұражайлардың дүниежүзі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу мен сақтаудағы рөлі.

Оқыту мақсаты: 10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру;

1-тапсырма. Қазақстандағы мұражай ісінің қысқаша тарихын құрастыру.

Қазақстанда тұңғыш музейдің қашан құрылғаны жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында, энциклопедияларда және кітаптарда, ғылыми еңбектердің барлығында дерлік алғашқы музей Орынбор қаласында XIX ғасырдың отызыншы жылдарында, кейбіреулерінде 1831 жылы құрылған деп жазылып жүр. Бірен-саран жарияланымдарда ғана 1830 жылы делініп қалады,

бірақ айы-күнін айта алмайды. Қазақ совет энциклопедиясының 1975 жылы жарық көрген 6-шы томында Қазақстанның тұңғыш музейі (Қазіргі Қазақстанның орталық мемлекеттік музейі) 1831 жылы Орынбор қаласында академик В.И.Дальдің басқаруымен құрылғандығы жазылған.



Орынбордағы тұңғыш мұражай

Дескриптор:

1. Қазақстандағы мұражай ісін сипаттайды;
2. Қазақстандағы мұражай ісінің қысқаша тарихын баяндайды.
3. Мұражай ісінің мәдени өмірдегі орнын бағалайды.

2-тапсырма. Қазақстандағы ең үздік тоғыз мұражайлары туралы салыстырмалы кесте жасау және талдау.

1. Ұлттық мұражай	2. Орталық мұражай	3. Тұңғыш Президент мұражайы
4. Музыкалық аспаптар мұражайы	5. Археология мұражайы	6. Алматы мұражайы
7. Қастеев атындағы өнер мұражайы	8. Ғылым академиясы мұражайы	9. Геологиялық мұражай

Дескриптор:

1. Қазақстандағы мұражайларды салыстырады;
2. Қазақстандағы мұражайларды сипаттайды;
3. Қазақстандағы мұражайларды бағалайды.

3-тапсырма. Өзің тұратын қалаңда (облыста) қандай мұражайлар бар? Өздерің қандай мұражайларда болдыңдар? Қандай мұражай ерекше ұнады және неліктен? Заманауи мұражай қандай болуы қажет деп ойлайсыңдар?

Дескриптор:

1. Өзі тұратын жерде қандай мұражайлар бар екенін анықтайды;
2. Өз өлкесіндегі ерекше мұражайды сипаттайды;
3. Заманауи мұражайға қойылатын талаптардың 2-3-уін атайды.

Дүниежүзі тарихы, 10 сынып Алматы «Мектеп» , 2019 ж. 143-148 беттер
11-тарау. Өнер-қоғам дамуының бейнесі

Тақырып: Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі кездегі қоғамдағы әсері

Оқыту мақсаты: 10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп,
оның қазіргі қоғамға әсерін талдау

1-тапсырма. Ғаламтордың бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралы да,
жаппай әсер ету құралы да, техникалық коммуникация құралы да болып
табылуын талдау және оның бұқаралық мәдениетке әсерін бағалау.

Дескриптор:

1. БАҚ құралдарын талдайды;
2. БАҚ құралдарының қоғамдық өмірдегі орнын анықтайды;
3. БАҚ құралдарына баға береді.

2-тапсырма. Неліктен насихат пен жарнаманы халық сынайды? Оны
сынсыз қабылдау неге апарып соқтыруы мүмкін?

Дескриптор:

1. Насихат пен жарнаманың сынға ұшырау себептерін атайды;
2. Насихат пен жарнамаға сын көзбен қараудың себептерін көрсетеді;
3. Сын айтудың маңызын талдайды.

3-тапсырма. Қазіргі әйгілі қазақстандық кинокомедияларды атау және
бағалау.

Дескриптор:

1. қазақстандық кинокомедияларды атайды;
2. қазақстандық кинокомедиялар көтеретін мәселелерді анықтайды;
3. қазақстандық кинокомедияларға баға береді.

12-тарау. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары

Тақырып: Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік
құндылықтарының трансформациялық мәселелері

Оқыту мақсаттары: 10.4.3.4 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің
жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру;

10.4.3.5 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау;

10.4.3.6 болашақтағы адамның моральдық бейнесін отырып, адамзаттың
рухани-адамгершілік дамуының ықтимал жолдарын болжау

1-тапсырма. Қайсы этникалық, ал қайсы дәстүрлі құндылықтарға
жататынын анықтау.



Дескриптор:

1. этникалық құндылықтарды атайды;
2. дәстүрлі құндылықтарды сипаттайды;
3. этникалық және дәстүрлі құндылықтардың айырмашылығын көрсетеді.

2-тапсырма. Қазіргі замандағы адамдардың көзқарастарын сипаттау.

Көзқарастар	Сипаттама
Тұтынушы адам	
Прагматик адам	
Нигилист адам	
Діни фанат	
жаһанданушы	
Жаһандануға қарсы адам	
исламофобия	
Келісімшіл адам	
Ұлтшыл адам	
Жеке адам	

Дескриптор:

- 1.Қазіргі заманғы адамдардың көзқарастарын анықтайды;
2. Қазіргі заманғы адамдардың көзқарасын сипаттайды;
3. Қазіргі заманғы адамдардың көзқарастарын бағалайды.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда 11-сыныпта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

I-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері

1-тарау. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық

№1.Тақырып: Экономиканың аралас түрі

1-тапсырма. «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму бағдарламаларының экономикалық бағыттарын анықтау.

«Қазақстан-2030»	«Қазақстан-2050»
1.Мемлекеттің белсенді рөлін сақтай отырып, оның экономикаға араласуын шектеу; 2.Макроэкономиканы орнықтыру; 3.Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету; 4.экономиканың нақты секторын сауықтыру; 5.Күшті әлеуметтік саясат жүргізу; 6.Қатаң қазыналық және монетарлық шектеулер жағдайында бағаны ырықтандыру; 7. Ашық экономика мен еркін сауда қатынасын орнату; 8.Энергетикалық және табиғи қорды өндіруді одан әрі жалғастыру;	1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм; 2.Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау

9.Шетелдік инвестицияларды қорғау.	
Қандай өзгерістер болды?	Қалай жүзеге асырылып жатыр?

Дескриптор:

1. Екі стратегиялық даму бағдарламаларының басты бағыттарын анықтайды;
2. Бағдарламалар бойынша өзгерістерді атайды;
3. Бағдарламалардың жүзеге асырылып жатқанына 2-3 аргументтер келтіреді.

2-тапсырма. Кестені дәптерге толтырып, ерекшеліктерін сипаттау.

Модель атаулары	Ерекшеліктері
Либералды (америкалық)	
Жапондық	
Шведтік	
Қазақстандық	

Дескриптор:

1. Экономикалық модель атауларын біледі;
2. Экономикалық модельдердің ерекшелігін көрсетеді;
3. Қазақстандық экономикалық модельге 2-3 мысал келтіреді.

3-тапсырма. Экономикалық дамудың қазақстандық моделін «IDEA» формуласы бойынша талдау жасау.

I identify-тарихи оқиғалардың себептерін анықтау	
D describe- сәйкесінше дәлелдерді сипаттау	
E explain-осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіру	
A analyze- осы себептердің маңыздылығына талдау жасау	

Дескриптор:

1. Экономикалық қазақстандық модельді формуламен сипаттайды;
2. Модельді талдайды.

2-тарау. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері

№2.Тақырып: Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары

1-тапсырма. Қазақстан Республикасы бойынша табиғи-географиялық ресурстарға SWOT- талдау жасау.

S	W
O	T

Дескриптор:

1. Мықты жағын көрсетеді;
2. Әлсіз жағын көрсетеді;


3. Мүмкіндіктерін атайды;
4. Қауіп-қатерлерге 2-3 мысал келтіреді.

Дүниежүзі тарихы, 11 сынып Алматы «Мектеп» , 2019 ж. 39-42 беттер [2]

3-тарау. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі

№3.Тақырып: Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық арттақалушылыққа төтеп беру жолдары

1-тапсырма. Кедейшілікке төтеп беру мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының әлеуметтік іс-шараларын талдау.



Дескриптор:

1. Кедейшілік мәселесін анықтайды;
2. Кедейшілікке әкелетін факторларды сипаттайды;
3. Кедейшілікті төмендететін шараларды атайды;
4. Кедейшілікті төмендететін мемлекеттік іс-шараларға 2-3 мысал келтіреді.

2-тапсырма. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңның өз аймақтарында орындалуы туралы шағын хабарлама жазу.

Дескриптор:

1. МӘК-нің аймақтарда орындалуын сипаттайды;
2. МӘК-тің мөлшері мен кімге тағайындалатынын талдайды.

II-бөлім. Саяси-құқықтық процестер

4-тарау. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам

№4.Тақырып: Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденциялары

1-тапсырма. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар қызметі туралы хабарлама дайындау.

Қазақстандағы мемлекеттік емес ұйымдар

Аты	Мақсаты мен міндеті	Қызметінің негізгі нәтижелері
Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы /ДДСҰ		
БҰҰ балалар қоры /ЮНИСЕФ		
Халықаралық полиция/Интерпол		
ЖИТС/СПИД,туберкулез және маляриямен күрестің дүниежүзілік қоры		
«Аралды құтқару Халықаралық Қоры»/ IFAS		
Фридрих Эберт қоры/Германия ФЭҚ/FES		
Түрік мәдениеті мен өнері мәселелері бойынша біріккен комитет (Түрксой)		

Дескриптор:

1. Қазақстандағы Үкіметтік емес ұйымдардың қызметін сипаттайды;
2. Қазақстандағы танымал ҰЕҰ атайды;
3. Қазақстандағы ҰЕҰ-дың қызметін бағалайды.

2-тапсырма. «Гринпис» қоғамының қызметіне талдау жүргізіп, жағымды және жағымсыз жақтарын анықтап, қорытынды жасау.



Дескриптор:

1. Гринпис қызметін сипаттайды;
2. Гринпис қызметінің жағымды жақтарын атайды;
3. Гринпис қызметінің жағымсыз жақтарына 2-3 мысал келтіреді.

3-тапсырма. Ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, Аралды құтқару Халықаралық Қорының қызметіне талдау жүргізу:

Арал теңізінің тартылу себептерін анықтау:	Табиғи және антропогенді себептер:
Фактілер	Салдарлар
Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметін бағалау	Қызметіндегі қателіктер мен жаңсақтықтарды анықтау
Арал теңізін құтқару бойынша заманауи жағдаятқа баға беру	Ең тиімді шешімді таңдау

Дескриптор:

1. Аралды құтқару Халықаралық Қордың қызметін сипаттайды;
2. Аралды құтқару Халықаралық Қордың қызметіне бірнеше фактілерді келтіреді;
3. Аралды құтқару Халықаралық Қордың қызметін талдайды.

5-тарау. Әлемнің қазіргі жүйесі

Тақырып: қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденциялары

1-тапсырма. Халықаралық қатынастар дамуындағы қазіргі заманғы тенденциялар

Атауы	Мазмұны

Дескриптор:

1. Халықаралық қатынастар дамуындағы қазіргі заманғы тенденцияларды анықтайды;
2. Тенденцияларды сипаттайды;
3. Тенденцияларды талдайды.

2-тапсырма. Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен байланысын және олардың қызметі туралы «**GREAT**» формуласы бойынша талдау

«**GREAT**» формуласы бойынша тарихи маңызына талдау жасау.

G-groundbreaking-елеулі-бетбұрысты

R-remembered-барлығының есінде сақталған

E-events-кең таралған оқиға

A-affected-болашаққа әсер еткен

T-terrifying-қорқынышты

Дескриптор:

1. ҚР халықаралық ұйымдармен байланысын анықтайды;
2. Әйгілі ұйымдарды сипаттайды;

3. Атақты ұйымдардың қатысуымен өткен оқиғаларды атайды;
4. Халықаралық ұйымдардың келешекке әсерін көрсетеді;
5. Халықаралық ұйымдардың маңызына 2-3 мысал келтіреді.

6-тарау. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі
№6. Тақырып: бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің

бірлескен әрекеттері

1-тапсырма. Берілген құжаттар бойынша мемлекеттердің құқығы мен міндеттерін анықтау.

ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы: «Қауіпсіздік қоғамдастығы жолында» 3 желтоқсан, 2010 жыл	
Мемлекеттердің құқығы	Мемлекеттердің міндеттері

Дескриптор:

1. Астана декларациясының мазмұнын анықтайды;
2. Астана декларациясын мойындайтын мемлекеттердің құқықтарын көрсетеді;
3. Астана декларациясына қол қойған елдердің міндеттерін талдайды.

2-тапсырма. Қазақстан мүше ұйымдардың мақсаты мен міндеттерін көрсете отырып, олардың қызметіне баға беру.



Дескриптор:

1. Қазақстан мүше ұйымдардың мақсатын көрсетеді;
2. Қазақстан мүше ұйымдардың міндеттерін анықтайды;
3. Қазақстан мүше ұйымдардың қызметін бағалайды.

3-тапсырма. ШЫҰ-ның хартиясындағы 2-ші және 3-ші баптарды оқып, халықаралық қауіпсіздікті сақтаудағы орнын анықтау.

2-бап.						
ШЫҰ-ға	мүше	мемлекеттер	мынадай	принциптерді	ұстанады:	
мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және мемлекеттік						

шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, халықаралық қатынастарда күш қолданбау немесе қауіп төндіре күш жұмсамау, шектес аудандарда біржақты әскери басымдықтан бас тарту; барлық мүше мемлекеттердің тең құқылығы, өзара түсіністік және олардың әрқайсысының пікірлерін құрметтеу негізінде бірлескен көзқарастарды іздестіру; ортақ мүдделер саласында бірлескен іс-қимылдарды кезең-кезеңмен жүзеге асыру; мүше мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу; ШЫҰ-ның басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталмаушылығы;

ШЫҰ мүдделеріне қарсы бағытталған кез келген заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу; осы Хартиядан және ШЫҰ аясында қабылданған басқа да құжаттардан туындайтын міндеттемелерді адал ниетпен орындау.

3-бап.

ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналар болып табылады: аймақта бейбітшілікті сақтау және қауіпсіздік пен сенім білдіруді нығайту; ортақ мүдде саналатын сыртқы саяси мәселелер бойынша, соның ішінде халықаралық ұйымдарда және халықаралық форумдарда ортақ көзқарас іздестіру; терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге, есірткілердің және қару-жарақтың заңсыз айналымына, трансұлттық қылмыстық әрекеттердің өзге де түрлеріне, сондай-ақ, заңсыз көші-қонға бірлесіп қарсы тұру жөніндегі іс-шараларды талдап жасау және іске асыру;

қарусыздану және қару-жараққа бақылау жасау мәселелері бойынша күш-жігерді үйлестіру;

түрлі нысандағы аймақтық экономикалық ынтымақтастықты қолдау және ынталандыру, тауарлардың, капиталдардың, қызметтер мен технологиялардың еркін қозғалысын біртіндеп жүзеге асыру мақсатында сауда мен инвестициялар үшін қолайлы жағдай туғызуға жәрдемдесу;

көлік және коммуникациялар саласында бар инфрақұрылымды тиімді пайдалану, мүше мемлекеттердің транзиттік әлеуетін жетілдіру, энергетика жүйелерін дамыту; аймақта су ресурстарын пайдалануды қоса алғанда табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, бірлескен арнаулы табиғат қорғау бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуда және олардың салдарын жоюда өзара көмек көрсету; ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықты дамыту мүддесі жолында құқықтық ақпарат алмасу;

ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және туризм саласындағы өзара ықпалдастықты кеңейту;

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер өзара келісім бойынша ынтымақтасу салаларын кеңейте алады.

Дескриптор:


1. ШЫҰ хартиясының мақсатын көрсетеді;
2. ШЫҰ хартиясының міндеттерін анықтайды;
3. ШЫҰ хартиясының маңызын талдайды.

III-бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы

7-тарау. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы.

№7. Тақырып: Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық-саяси ойдың дамуының негізі

1-тапсырма. XIX-XX ғасырлардың қоғамдық-саяси ой-пікірдің негізгі бағыттарын талдау.




Дескриптор:

1. Қоғамдық- саяси ой-пікір бағыттарын атайды;
2. Қоғамдық-саяси ой-пікірдің өкілдерін анықтайды;
3. Қоғамдық-саяси ой-пікірдің мазмұнын көрсетеді.

Дүниежүзі тарихы, 11 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 124-128 беттер [7]

8-тарау. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер

№8. Тақырып: Берілген көрнекті бостандық пен әділеттілік үшін күресушілердің идеяларын салыстыра отырып, ПТМС формуласына салып талдау.



(Махатма Ганди

Мартин Лютер Кинг

Нельсон Мандела)

Позиция (мен солай ойлаймын,...)

Түсіндіру (... себебі,...)

Мысал (мен мұны мынандай мысалдар арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын...)

Дескриптор:

1. Күресшілердің идеяларын формулаға салып көрсетеді;
2. Күресшілерге қатысты позициясын анықтайды;
3. Күресшілердің саяси қызметіне 2-3 мысал келтіреді;
4. Күресшілер идеяларының салдарын сипаттайды.

Дүниежүзі тарихы, 11 сынып Алматы «Мектеп», 2019 ж. 24-28 беттер [8]

9-тарау. XX ғасыр мен XXI ғасырдың бас кезіндегі көрнекті саясаткер-реформаторлар

№9. Тақырып: XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар

1-тапсырма.

Реформаторлар	Ұстанымы	Идеялары	Реформалары	Нәтижелері
М.К.Ататүрік				

Ф.Д.Рузвельт				
Шарль де Голль				
Дэн Сяопин				
Ли Куан Ю				
М.Мохамед				

Дескриптор:

1. Көрнекті реформаторлардың ұстанымын көрсетеді;
2. Көрнекті реформаторлардың идеяларын сипаттайды;
3. Көрнекті реформаторлардың реформаларын талдайды;
4. Көрнекті реформаторлардың нәтижелеріне баға береді.

Дүниежүзі тарихы, 11 сынып Алматы «Мектеп» , 2019 ж. 24-28 беттер [9]

IV-бөлім. Білім мен ғылымның дамуы

10-тарау. Білім алу бүкіладамзаттық құндылық ретінде

№10.Тақырып: Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні

1-тапсырма. Әлемнің жетекші университеттерінің қазіргі кездегі дамуы туралы ғаламтордан хабарлама дайындау және әңгіме құрастыру.

Кім?

Неге?

Қашан?

Қайда?

Қалай?

"Тәуелсіз ShanghaiRanking Consultancy ұйымы әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингін (The Academic Ranking of World Universities – 2016 (ARWU)) жариялады. Оған ондаған елдің университеттері мен институттары кірген. Біз соның ішінен ең үздік 10 оқу орнын атап көрсетпекпіз", - дейді BAQ.kz тілшісі.

Рейтинг жасалған кезде түрлі пәндер бойынша оқыту сапасы, профессорлық-оқытушылық құрам мен оқу орнын бітірген студенттердің жетістігі (Нобель және Филдс сыйлығының лауреаттары), білікті зерттеушілердің, Science және Nature ғылыми журналдарында мақалалардың болуы маңызды.

1. Гарвард университеті

1636 жылы негізі қаланған. Әлемдегі әйгілі оқу орны. Рейтингіте абсолютті көшбастаушы. Әлемдегі 62 миллиардердің, 150 Нобель лауреатының, 18 Филдс лауреатының, 13 Тьюринг сыйлығы иегерінің, сондай-ақ АҚШ-тың 8 президентінің осы университетке қатысы бар.

2. Стэнфорд университеті

Бұл оқу орны Гарвард университетінің 250 жылдан кейін ашылған. Оған әлемдегі 30 миллиардердің, 17 ғарышкердің, 60 Нобель сыйлығы лауреатының, 20 Тьюринг сыйлығы иегерінің және 7 Филдс медалі иегерінің қатысы бар.

3. Калифорниядағы Беркли университеті

Әлемдегі үздік ЖОО тізімінде бір жылда бір позицияға жоғарылаған. Оның түлектері, зерттеушілері мен қызметкерлері 72 Нобель сыйлығын, 13 Филдс медалін, 22 Тьюринг

сыйлығын, 14 Пулитцер сыйлығын және Олимпиадалардың 105 алтын медалін алған.

4. Кембридж университеті

Әлемдегі ең ескі жоғары оқу орындарының бірі. 1209 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оған 92 Нобель сыйлығы мен 10 Фелдс сыйлығы иегерлерінің қатысы бар. Бұл университетті биолог Чарльз Дарвин, Ұлыбритания королі Георг VI, Дания патшайымы Маргретте II және жүздеген танымал адамдар тәмамдаған.

5. Массачусетс технологиялық институты

Технологиялық институтқа 85 Нобель сыйлығы мен 6 Филдс медалі иегерлерінің, 34 ғарышкердің, 19 Тьюринг сыйлығы лауреатының қатысы бар. 2016 жылғы рейтингте институт үшінші орыннан түсіп қалған.

6. Принстон университеті

Мұнда Нобель сыйлығының 41, Филдс медалінің 14 лауреаты, Тьюринг сыйлығының 10 иегері оқыған. АҚШ-та беделі жағынан бесінші орында.

7. Оксфорд университеті

Әлем бойынша Болоннан кейінгі ең ескі екінші оқу орны. 1096 жылы мұнда сабақ жүргізілген. Ескі музейі мен жеке баспасы бар. Нобель сыйлығының 27 лауреаты мен Ұлыбританияның 27 премьер-министрінің есімдері осы оқу орнымен байланысты. Ұлттық рейтингте екінші орында болса, әлемдік рейтингте бір жыл ішінде үш орынға көтерілген.

8. Калифорния технологиялық институты

Байқасаңыз, бір штаттан екі бірдей оқу орны үздік ондыққа кірген. Бұл институт жетінші орыннан сегізінші орынға түскен. Десе де, Нобель сыйлығының 34, Филдс медалінің 1 лауреатының және Тьюринг сыйлығын алған 6 адамның осы институтқа қатысы бар.

9. Колумбия университеті

АҚШ-тағы белгілі оқу орындарының бірі. Әлемдегі 20 миллиард мен 104 Нобель сыйлығы лауреаты осында оқыған. Бұл тізімге АҚШ-тың үш президенті мен Жоғарғы соттың тоғыз төрағасын қосуға болады.

10. Чикаго университеті

Мұнда Нобель сыйлығын алған 89, Филдс медалін алған 9 адам және 13 миллиард, АҚШ Конгресінің ондаған мүшесі оқыған.

Дескриптор:

1. Әлемдегі танымал университеттердің дамуын сипаттайды;
2. Әлем университетінің қазіргі кездегі дамуына баға береді.

2-тапсырма. «Болон процесі Қазақстан Республикасында» атты хабарлама дайындау және Болон процесі туралы талдау.

2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47- мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болды. Болон процесіне қосылған соң Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды.

1. Қазақстандық жоғары оқу орындарының қазіргі таңда әлемнің 650 университеті қол қойған **Университеттердің Ұлы Хартиясына** қосылуы орын алды. Бұл отандық білім беруді еуропа стандарттарына жақындатуға мүмкіндік береді. Ұлы Хартияға 60-тан аса қазақстандық университеттер қол қойды.

2. Болон декларациясының принциптеріне негізделген, мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылды: **бакалавр – магистр – PhD доктор.**

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндаманың мәліметтері бойынша магистранттарды дайындау еліміздің 118 университетінде жүргізіледі, онда 32 527 адам білім алады, оның ішінде 16 220-ы

мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Бітіру кезінде магистранттардың 92%- ы қорғап шығады.

Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікте 16 жоғары оқу орнында PhD докторларын дайындау жүргізіледі. 2014 жылғы докторанттар саны 2063 адамды құрады. 3. Жоғары оқу орындарының оқу процесіне озық технологиялар мен оқыту жүйелері енгізілді: барлық жоғары оқу орындарына оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді, 38-інде қос дипломды білім беру, 42-інде қашықтықтан оқыту жүзеге асырылады. Дублин декрипторларына сәйкес модульдік білім беру бағдарламаларын, силлабустарды әзірлеу жүзеге асырылуда, Ұлттық біліктілік шеңбері құрылды.

4. Студенттердің академиялық ұтқырлығы аясында сынақтық бірліктерді қайта есептеу негізіне ECTS (European Credit Transfer System) қабылданды, ECTS бойынша жаңа нұсқаулық (2015 жылғы 14-15 мамырда Ереван конференциясында білім министрлерімен бекітілген) енгізілуде.

5. ҚР БҒМ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің **академиялық мобильділігіне** қаражат бөледі, сондай-ақ жоғары оқу орындары тарапынан да **академиялық мобильділікке** қаражат бөлінеді.

Болон процесі және академиялық ұтқырлығы орталығының 2014 жылғы ресми мәліметтеріне сәйкес 52 жоғары оқу орны 1726 шетел ғалымдарын шақырған (2013 жылы – 1 533 адам, 2012 жылы – 1 349 адам, 2011 жылы – 1 717 адам, 2010 жылы – 418 адам, 2009 жылы – 389 адам).

Еуропа мемлекеттерінен – 785 ғалым, Шығыс Азиядан – 85 ғалым, Оңтүстік Шығыс Азиядан – 32 ғалым, АҚШ-тан – 140 ғалым, Ресей Федерациясынан – 498 ғалым, Беларусь Республикасынан – 28 ғалым, басқа мемлекеттерден – 158 ғалым шақырылған. Шетелдік оқытушылар мен кеңес берушілерді шақыру мемлекеттік тапсырыс аясында және жоғары оқу орнының бюджеттік емес қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2009 жылдан 2014 жылдар аралығында барлығы 6927 шетелдік ғалымдар мен кеңес берушілер шақырылған.

Академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында 2014 жылы жоғары оқу орындары шетелге 1 семестрден кем емес мерзімге 805 студентті жіберді. Оның ішінде 740 адам Еуропаға, АҚШ-қа – 52, Шығыс Азияға – 12, Ресей Федерациясына – 1 адам барды. Мемлекеттік бюджет есебінен 2014 жылы шетелде 616 бакалавр және 189 магистрант білім алды.

Тұтастай алғанда, әр түрлі мамандықтар бойынша 2011 жылдан бастап академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырылған кезеңде бакалавриаттың 1520 студенті және 1042 магистрант шетелде білім алған.

6. Салыстырмалы критерийлер мен әдіснаманы әзірлеу мақсатында сапаны қамтамасыз етудегі еуропалық ынтымақтастыққа көмектесу үшін ҚР БҒМ **Аккредиттеу агенттіктерінің ұлттық тізімін** құрды, оның ішіне Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігінен (IQAA) басқа тағы бір ұлттық және 8 шетелдік агенттік енді. 2009-2015 жылдар аралығында БСҚА 50 жоғары оқу орнын институционалдық аккредиттеуден және 1100 бағдарламаны аккредиттеуден өткізді, әлемнің 25 мемлекетінен 153 шетелдік сарапшы, 1100-ға жуық отандық сарапшы, оның ішінде 190 студент пен 200-ден аса жұмыс берушілер шақырылды. Агенттікте Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтарды аккредиттеу стандарттарымен үйлестіру жұмыстары жүргізілуде.

2014 жылғы Ұлттық баяндама мәліметтері бойынша, жалпы 115 жоғары оқу орнының 66-сы (57%) ұлттық институционалдық аккредиттеуден өтті.

Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 139 мамандығы бойынша 22 қазақстандық оқу орны (19%) өтті.

Институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу стандарттарына сәйкес сапаны қамтамасыз етудің ЖОО-ішілік жүйесін ендіру және ЖОО-ның қызметін сыртқы

бағалауға студенттер мен жұмыс берушілерді тарту жүзеге асырылып, жұмыс берушілер мен студенттер қатарынан сарапшылардың кеңейтілген базасы құрылуда.


Дескриптор:

1. Болон процесін сипаттайды;
2. Болон процесінің мәнін ашады;
3. Болон процесінің маңызын көрсетеді.

11-тарау. Ғылыми-техникалық прогресс

№11. Тақырып: Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары

1-тапсырма. Ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешу жолдарын талдау.



Заманауи экономикалық және әлеуметтік процестердегі ҒТП рөлі

- Илон Маск
- Жаңа технологиялар

ҒТП қазіргі замандағы жаһандық проблемалардың пайда болуына ықпалы және оның проблемаларды шешудегі рөлі

- жаһандық проблемалар
- шешу жолдары

маңызды жаһандық мәселелер

- ядролық қаруды қолданудағы дүниежүзілік соғыс қатері
- экологиялық проблема
- демографиялық проблема
- азық-түлік проблемасы
- шикізат және энергетика проблемалары

Шешудің төрт жолын көрсету:

1.

- 2.
- 3.
- 4.

Дескриптор:

1. Ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешу жолдарын анықтайды;
2. Ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешу жолдарын талдайды;
3. Ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешу жолдарының маңызын көрсетеді.

12-тарау. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар

№12.Тақырып: Қазіргі ғылымның перспективті салалары

1-тапсырма. Қазіргі ғылымның перспективті салаларын көрсете отырып, ғаламтор материалдарын қолданып, ғылым салаларының бағыттары мен жетістіктерін талдау.



Дескриптор:

1. Ғылым салаларының бағыттарын анықтайды;
 2. Ғылым салаларының жетістіктерін талдайды;
- 2-тапсырма. «PEST» талдау әдісін қолдана отырып, Қазақстан Республикасы бойынша перспективті ғылым салаларының даму болашағын болжауда мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың орны қандай екендігін анықтау.

P- political-саяси

E- economical-экономикалық

S- social-әлеуметтік

T- technical-техникалық

Дескриптор:

1. Ғылым салаларының даму болашағын анықтайды;

2. Ғылым салаларының дамуына үлес қосқан стратегиялар мен бағдарламаларды сипаттайды;

3. . Ғылым салаларының дамуына үлес қосқан стратегиялар мен бағдарламалардың орнын көрсетеді.

3-тапсырма. «GROW» формуласы бойынша Қазақстандағы перспективті ғылым салаларының негізі мен маңызына талдау жасау.

G-Goal-мақсаты

R-reality-іске асырылуы

O-options-мүмкіндіктері

W-Way forward-алға қарай әрекет ету

Дескриптор:

1. Қазақстандағы перспективті ғылым салаларын анықтайды;

2. Қазақстандағы перспективті ғылым салаларының даму бағыттарын сипаттайды;

3. Қазақстандағы перспективті ғылым салаларын талдайды.

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқытуда 9-11-сыныптарда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі әлемдегі жаһандық өзгерістер біздің өміріміздің барлық салаларын, сонымен бірге білім беру саласын да қамтып отыр. Бүгінгі таңда қоғам мен мектептің алдында тұрған мақсат-еркін, өмірде белсенді, шығармашыл жаңа тұлғаны тәрбиелеу. Бүгінгі мектеп бітіруші түлек мектепте алған білімін білім, білік, дағды ретінде адам өмірінің барлық саласында белгілі бір мәселелерді шешуде қолданумен қатар, функционалды сауатты болуы тиіс.

Функционалдық сауаттылық-жаһандық құзіреттілік пен жеке тұлғаның креативті қабілеттерін аша білетін тұтас бір жиынтық. Оның ішінде білім алушының оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларынан басқа, табиғи-ғылыми, құқықтық сауатты және т.б. қабілеттерін қамтиды.

Функционалды сауаттылық деген не? Кімді функционалды сауатты деп санаймыз? Функционалды сауаттылық бүгін пайда болған жоқ, оның бастауы 1957 жылы ЮНЕСКО-ның ендіруімен белгіленеді. Сонымен, функционалды сауаттылық білім алушының мектепте алған білім, білік, дағдысын, шынайы өмірде кеңінен қолдана алу.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін білім алушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден - бір жолы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Білім беруді жаңарту білім алушы білімін ғана

емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады

Функционалдық сауаттылық – мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс әрекеттердің әр түрлі салаларында сондай-ақ тұлға аралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

«Құқық негіздері» пәні бойынша функционалды дағдыларды қалыптастыру:

– Кесте, сызбалар мен диаграммаларды талдау, құқықтық-нормативтік актілер туралы мәліметтер мен жұмыс жасауға арналған тапсырмаларды орындау барысында білім алушы ойша анализге, синтезге негізделген біршама ой операцияларын жүзеге асыра алады.

– Нормативті құқықтық актілер құқықтық құбылыстардың динамикасын ашатын болса, кесте, сызба, диаграммалар субъекті және объектілердің (құқық аясы, қоғамда құқықтық қатынастарға түсетін субъектілерде болатын өзгерістерді көрсетеді).

– Құқық негіздері пәнінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі-логикалық сипаттағы жағдаяттар мен оларды шешу.

Құқықтық деректер базасымен жұмысқа арналған оқу мақсаттары:

– Мәтіндік деректерді оқып білу.
– Тақырып бойынша жоспар жасау.
– Құқықтық нормативтік актілерге сүйену.
– Нормативті құқықтық актілерді топтастырып кесте түрінде көрсету.
– Тақырыптық мәселелерді сипаттайтын қосымша элементтерді құрастыру: сызба, диаграмма, график, кесте.

– Құқықтық нормалардың белгілері мен оларды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдана отырып, тақырыптық тапсырмаларды құру.

– Маңызды құқықтық құжаттардың үлгілерін, үдерістер мен құбылыстарды жағдаяттарды көрсету барысында сипаттау.

– Құқықтық зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру.

– Қоғамдық өмірде технологияларды қолдану маңыздылығын сипаттау.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 9.1 Құқық түсінігі

Тақырып: Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны

Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?

Оқыту мақсаттары.

Білім алушылар тиісті: 9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен рөлін түсіндіру

Әдіс-тәсілдер:

«Ой талқы» әдісі бойынша құқық деген не сұрағына білім алушылардан: олар ереже, норма, мемлекет жазатын, мемлекет кепіл беретін, мінез-құлық ережелері деген жауаптар алуға болады.

Кесте сызба: Әлеуметтік норма түрлерін сипаттау.

Салт-дәстүр	Тәртіп ережелері
Әдет-ғұрыптар	Этикалық ережелер
Мораль ережелері	Корпоративтік ережелер
Діни ережелер	Саяси ережелер
Құқық нормалары	Эстетикалық ережелер

Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар сілтемесі:

Құқық ұғымына анықтама беру үшін тірек сөздерді қолдану (мемлекет, қорғау, жалпыға бірдей, қоғамдық қатынас, тәртіп, ереже, жиынтық). Құқықтың белгілерін мысал арқылы көрсету. Мысалы, А деген азаматтың өмірінен мысал келтіру ұсынылады.

Құқықтық норма әлеуметтік нормалардың бір түрі, бірақ өзіне ғана тән белгілері бар:

1. Құқықтық норма тек жеке тұлғаларға емес, сонымен қатар, ұйымдарға да міндетті.

2. Формальді анықтылығы – ресми құжаттарда жазбаша нысанда тиісті атауы болады.

3. Мемлекетпен байланысы – мемлекеттік органдармен не қоғамдық ұйымдармен белгіленеді және мемлекеттік күштеу, ынталандыру, жазалау шараларымен қамтамасыз етіледі.

4. Микрожүйелігі – біртүрімен байланысты гипотеза, диспозиция және санкция сияқты элементтерден тұратынын білдіреді.

Құқықты әлеуметтік нормалармен кесте-сызба арқылы салыстыру.



Сызбадағы тапсырмаларды орындату үшін төменде берілген ғаламтор материалындағы әлеуметтік нормалар туралы берілген мәліметті мұқият оқу.

Әлеуметтік нормалар – бұл адамдардың мінез – құлқын, және олардың ара – қатынасындағы ұйымның қызметін реттейтін ережелер.

Оның белгілері:

1. Әлеуметтік нормалар адамдардың мінез – құлқы ережелері болып табылады. Олар белгілі бір адамдардың ұжымы, мысалы, пікірі бойынша адамдардың мінез – құлқы қандай болатындығын көрсетеді. Бұл үлгілер оған сәйкес адамдар өз әрекеттерін қалыптастырады.

2. Әлеуметтік нормалар – бұл жалпы сипаттағы мінез – құлық ережелері. Оның жалпы сипаты бір адамға емес, барлығына арналған.

3. Әлеуметтік нормалар – бұл қоғамдағы міндетті мінез – құлық ережелері. Құқықтық норма ғана сонымен қатар, басқа да әлеуметтік нормалар, оларды қолданатындарға міндетті. Қажетті жағдайларда әлеуметтік нормалардың міндеттілігі мәжбүрлеумен қамтамасыз етіледі. Осы белгілерге сәйкес, әлеуметтік нормалар елеулі қоғамдық қатынастарды реттеуші болып, адамдардың мінез – құлқына белсенді әсер етеді. Әлеуметтік нормалардың әр алуандығына байланысты, олар келесіде топтастырылады:

1. Құқықтық нормалары – бұл мемлекет бекітетін және қорғайтын мінез – құлық ережелері.

2. Мораль нормалары – бұл қоғамдағы адамдардың жақсылық пен зұлымдылық, әділеттілік пен әділетсіздік, қадір қасиет, ар – аждан туралы моральдік түсініктеріне сәйкес қалыптасқан және қоғамдық пікір, немесе ішкі сенім негізінде қорғалатын мінез – құлық ережелері.

3. Қоғамдық ұйымның нормалары – бұл қоғамдық ұйымдардың өздері бекітетін және бұл ұйымның жарғысымен көзделген қоғамдық әсер ету шаралары көмегімен қорғалатын мінез – құлық ережелері.

4. Әдет нормалары – бұл адамдардың бірнеше рет қайталаудың нәтижесінде адамдардың әдетіне айналған белгілі бір қоғамда қалыптасқан мінез – құлық ережелері.

5. Салт – дәстүр нормалары – адамның өмір сүруінің белгілі бір саласында уақытқа сәйкес прогрессивті ережелерді қолдаумен пайда болған тұрақты мінез – құлық ережелері.

6. Ритуал нормалары - әр түрлі саяттарды (отряд) жасаған кезде адамдардың мінез – құлық ережелерін анықтайтын және моральдік әсер ету шараларымен қорғалатын нормалар. Олар ұлттық мейрамдарды некені қиған кезде қолданады.

7. Діни, саяси, отбасылық, іскерлік нормалар.

8. Техникалық нормалар - бұл табиғат заттары, еңбек құралдары, әр түрлі техникалық құралдар мен адамдардың қарым – қатынасын реттейтін мінез – құлық ережелері.

Техникалық нормалардың мақсаты: табиғат, техника күштерін дұрыс пайдалану. Техникалық нормаларға құрылыс жұмыстарын орындау ережелері, машина мен механизмдерді пайдалану нұсқаулары ишкізатты, электроэнергияны, жанар майды жұмсау нормалары жатады.

Құқық көптеген адамдар мен жағдайларға таралатын, ұзақ уақыт бойы әрекет ететін құқықтық нормалардың, мінез – құлық ережелерінің күрделі әрі, әр алуан жүйесі. (Ғаламтор материалдары)

ҰМЖ. 9.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары

Тақырып: Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?

Оқыту мақсаты: 9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау

Оқыту әдісі: «GREAT» формуласы бойынша адам құқығының тарихи маңызына талдау жасау.

«GREAT» формуласы:

G-groundbreaking-елеулі-бетбұрысты

R-remembered-барлығының есінде сақталған


E-events-кең таралған оқиға

A-affected-болашаққа әсер еткен

T-terrifying-қорқынышты

Жеке/азаматтық құқық	Саяси құқықтар	Экономикалық құқық	Әлеуметтік құқық	Мәдени құқық
Азаматтық құқықты сөз еткенде оны азаматтардың құқығымен араластырмаған жөн. Азаматтардың құқығына мемлекеттің қол астындағы азаматтардың барлық құқықтарының жиынтығы жатады. Азаматтық құқыққа табиғи, адамнан ажырамайтын, негізінен, негативтік құқыққа жататын адамдардың құқықтары кіреді. Оған өмір сүруге, еркіндікке, жеке адамның дербес	Саяси құқықтар азаматтардың мемлекетті басқаруға және қоғам өміріне белсенді қатысуын белгілейді. Оған сайлауға және сайлануға құқықтық; одақтар мен ассоциацияларға, демонстарциялар мен шерулерге, жиналыстар мен жиындарға, митингілер мен пикеттерге еркіндік; ақпарат хабарлар құқы, сөз, пікір, оның ішінде баспасөз, радио, теледидар арқылы айтылатын сөз, дінге сену	Экономикалық құқыққа жеке адамның тұтыну заттарын, жеке меншігін, жұмыс күшін, іскерлігін, еркін пайдалана алуы жатады. Бұрынғы Одақ кезінде жеке меншікке тыйым салынып, оған капиталистік системаның, буржуазиялық жолмен баюдың, қанаудың белгісі деп қарап, дамуына жол берілмегені мәлім. Бұл адамдардың жұмысқа деген ынтасын, ықыласын түсірді, жауапсыздықты туғызды, материалдық	Әлеуметтік құқық әрбір адамға лайықты өмір деңгейін және әлеуметтік қорғануды қамтамасыз етуді білдіреді. Мұнда пәтер-үйге, дем алуға, денсаулықты қорғауға, қоршаған ортаның жайлы болуына, азаматтарды қартайғанына, сондай-ақ ауырып-сырқағанда және еңбек ету қабілетін айрылған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етілу құқықтары жатады. Ол мемлекеттің әрбір мұқтаж адамды күнелтуге керек қаржымен, адамшылық абыройын қорғауға	Мәдени құқық адамның рухани дамуын өрбітіп, өрістетуге бағытталады. Оған білім алуға, мәдени қазыналарды көруге рұқсат, өнер мен техникалық жасампаздыққа, қоғамның мәдени өміріне еркін араласуға құқығы және т.б. жатады.

құқылығы, ар-намысты және ізгілікті аты мен атағын, қадір-қасиетін сақтауға, айыпталушыны қорғауға бағытталған әділ, тәуелсіз және ашық сотқа жазылған хат және телефон арқылы сөйлескен сөздің құпиялылығына, бір жерден екінші жерге еркін барып келуіне, тұрақты қоныс таңдауына, оның ішінде қандай мемлекеттен болмасын біржолата кетуіне немесе келгің келгенде қайтып оралу бостандығы және т.б. құқықтар жатады.	бостандығы және т.б. жатады. Ең алдымен, конституциялық заңдылықты, қоғамдық тәртіпті сақтау керек. Елдің прогресті дамуы, жалпыхалықтық гуманистік тұрғыдан әрекет жасау керек.	байлық жетіспеді, Әрине, жеке меншікті қалай болса дамытып қоя беруге және болмайды. Демократиялық жолмен дамып келе жатқан елдерде жеке меншік мемлекеттің бақылауына алынады. Мысалы, Германия, Франция, Италия, Швеция және т.б. елдердің заңдарында жеке меншік жалпы қоғамның, халықтың мүддесіне сәйкес пайдалануы керектігі көрсетіле келіп, оны қаншалықты дамытуға болатындығы, яғни шегі белгіленеді. Жеке меншікті, іскерлікті дамытудың маңызы өте зор.	тиіс, қарапайым қажеттілігін қанағаттандыратын әлеуметтік қамсыздандыру құқығын анықтайды.	
---	---	--	---	--



Адам құқықтарының іске асырылып, орындалуын талдау.

Бұл мәселеге адамдар өте ертеде-ақ назар аударған болатын. Ежелгі грек

фәлсафашылары (философтары) барлық адам дүниеге келгенде тең болып туады. Сондықтан олардың бәрінің де тең табиғи құқығы бар деген ойды өрістетті. Аристотель болса саяси құқықты табиғи және шартты құқық етіп екіге бөлді. Ол табиғи құқықты мемлекет орнатқан құқықтан жоғары қойды. Табиғи құқық шартты құқыққа үлгі болуға тиіс деп санады. Себебі, шартты құқық жиірек өзгеріп отырады және олар өкімет жұмысы мен адамдар арасындағы келісімнің нәтижесінде пайда болады.

Бірақ феодализм дәуірінде адам құқығы жөнінде мүлдем басқаша ұғым пайда болады. Адам туғанынан тең деп үйрететін табиғи құқық жоққа шығарылды. Ал құқықтың өзін хан, патшалардың қол астындағы адамдарға жасап отырған рақымы деп түсіндірілді. әр сословиенің өзіне тән құқығы болады.

Тақырып: Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялады?

9.2.1.1 Конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру

Рөлдік ойын. Рөлде: 1.9 сынып білім алушысы; 2.Шетелдік жасөспірім.

Жұппен жұмыс.

А) «9 сынып білім алушысының шетелден келген жасөспірімге Қазақстан Республикасы Конституциясы құрылымын тірек сигналдар арқылы түсіндіреді» атты рөлдік ойын өткізу.

Рөлде:

1.9 сынып білім алушысы

1.Шетелдік жасөспірім.

Ә) Мектептегі білім алушының құқықтары мен міндеттері туралы жұппен жұмыста тізім құрастыру. <https://youtu.be/nuFxFnJUWGc> [4]

<https://youtu.be/Id9J0pMDoyo> [5]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 21-22 беттер

Бөлім 9.1 Азаматтық құқық түсінігі

№4. Тақырып: Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді

9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру

«INSERT» кестесіне салу.

«V» білемін	«+» жаңа мәлімет	«-» білмеймін	«?» сұрақ қою

«Мен, азаматтық құқық бойынша қандай қатынастарға қатыса аламын?».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-13 баптарының мазмұнын ашу;

ҚР Азаматтық кодексінің 33-38 баптары бойынша *кесте* жасау.

ҚР Азаматтық кодексінің баптары					
33	34	35	36	37	38

<https://youtu.be/YruGkqZdcsA> [6]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 53-54 беттер

Тақырып: 9.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі

Заңнамада отбасы қалай қорғалған?

9.5.1.1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру

«ПТМС» формуласы арқылы баға беру. Жағдаятты шешу.

ПТМС формуласы:

Позиция (мен солай ойлаймын,...)

Түсіндіру (... себебі,...)

Мысал (мен мұны мынандай мысалдар арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын...)

«Абай жолы» романындағы Абайдың отбасына, қазақ қоғамындағы отбасы қатынастарына баға беру. Ойларын жазу.

Өз отбасы туралы әңгімелеу.

Жағдаятты шешу:

«Алматы қаласындағы АХАЖ бөлімдерінің біріне осы қаланың тұрғыны О. Қостанай қаласында тұратын азамат Т-пен некесін тіркеу жөнінде өтініш береді. Арызда Т.- тың қызмет бабына байланысты Алматыға келе алмайтыны, осыған қосымша ретінде оның жұмыс орны растаған құжаттарды тапсырды. Алайда АХАЖ бөлімінің меңгерушісі О-ның арызын қабылдаудан бас тартты»

Сұрақ:

1. Меңгерушінің әрекетінде заңсыздық бар ма?

2. Олардың өтінішінің орындалмау себебі неде?

3. Некеге тұруға өтініш беру қалай жүзеге асады?

[https://youtu.be/](https://youtu.be/47XxQW5Yi98)

47XxQW5Yi98 [7]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 91-92 беттер

Тақырып: 9.1 Әкімшілік құқық түсінігі

Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?

9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру

Казустарды шешу

Әкімшілік құқықтың негізгі қайнар көздерін дәптерге түсіру.

ФС: Әкімшілік құқық қатынастарына негіз болатын әрекеттер мен оқиғаларға мысалдар келтіру

1.Аудандық сот 14 жасар А-ны 10 тәулік қамауға алу түрінде әкімшілік жауапқа тарту жөнінде қаулы шығарады. А-ға берілген жаза заңды ма?

2.2002 ж. 2 шілдедегі соттың шешімімен Қ. сот отырысына келмегені үшін 15 күндік қамауға алынып. Сотта жауапқа тартылады. Пошта бөлімінің анықтамасы бойынша сотқа келу жөніндегі соттың шақыру қағазы мерзімінен кеш тапсырылған. Қ-ның іс-әрекетінің субъективті белгілерінің маңызы қандай?

3.17 жасар 11 сынып оқушысы А-ны полицейлер қоғамдық жерде мас күйінде тоқтатады. Полицейлердің ескертуіне А балағаттап жауап береді. Осындай әрекеті үшін А-ны жауапкершіліктің қай түріне тартуға болады?

4.Ә-нің. өз бетінше тұрғызған құрылысты анықтаған полиция оны үш күн ішінде бұзуға бұйрық береді. Полицияның әрекеті заңды ма? Мұндай құрылысты бұзуға мәжбүр ететін шешімді қандай орган қабылдауға тиіс?

<https://youtu.be/87UGQilyjss> [8]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 108 бет

Бөлім Қылмыстық құқық

Тақырып: Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде?

9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру

Жағдаяттарды шешу.

Қылмыстық құқық қоғамдық қатынастарды реттей ме, әлде қорғай ма?

9 сынып білім алушысы А өзінің сыныптасы Ж-ның қаламсабын білдіртпей алып кетті. А-ның әрекеті қылмыс болып табыла ма? Қылмыс болса, қандай қылмыс немесе қылмыс болып табылмаса, қандай белгі жетпейді?

<https://youtu.be/wYkWw51OtPI> [9]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 131-132 беттер

Тақырып: 9.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы

Мемлекеттік органдардың қызметі қандай?

9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру.

ҚР Президенті	
ҚР Парламенті	
ҚР Үкіметі	
Сот билігі	
Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару	

Сызба арқылы көрсету.

Қазақстан Республикасы Конституциясын пайдалана отырып мемлекеттік органдарының Конституциялық жүйесін көрсету.

ҚР мемлекеттік билік органдарын атқаратын қызметімен көрсету.

Тақырып: Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?

9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау

Мысалдар келтіру

Белсенді және енжар сайлау құқығын ажыратып көрсету және оған мысалдар келтіру.

Белсенді сайлау құқығы	Енжар сайлау құқығы
Сайланбалы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатысу құқығы. Қазіргі кезде мемлекеттердің көпшілігінде жынысына, кәсібіне, әл-ауқатына, біліміне, т.б. қарамастан кәмететке толған азаматтардың барлығы сайлауға қатысу құқын иелене алады. Әйтсе де, Белсенді сайлау құқына қатысты кейбір шектеулер түрі, мысалы, жас ересектігі цензі (Грекияда - 20 жас, Малайзияда, Боливияда, т.б. елдерде - 21 жас), сауаттылық цензі (Тайланд, Кувейт, т.б. елдерде) және тұрғылықтылық цензі (Эстония, Ботсвана, т.б. елдерде) ұшырасады.	Енжар сайлау құқығы - өкілетті органдарға сайлана алу құқығы. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B [10]
ҚР конституциясына сәйкес, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, күшіне енген сот үкімі мен бас бостандығынан айыру органдарында жазасын өтеп жүрген адамдардан басқа 18 жастан асқан ер-азаматтардың барлығы Белсенді сайлау құқына ие болады. Олар ел Президентін, Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауға тепе-теңдік негізде қатысып, бір ғана дауысқа ие бола алады. Сайлануға ұсынылған үміткерлердің де белсенді сайлау құқы бар. Азаматтардың сайлауға қатысу теңдігі, сайлаушылардың тең құқы жөніндегі қағидалар арнаулы заңдарда қарастырылып, олардың Белсенді сайлау құқыларын іске асыруына кедергі келтірушілерге қылмыстық жауапкершілік белгіленген Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3	

№10.Тақырып: 9.2 Меншік құқығы

Қалай меншік иесі бола аламыз?

9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау;

9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау



Мысалдар келтіру

«Менің үйім», «менің автокөлігім», «менің заттарым» түсініктерін талдай отырып, меншік иесінің иелену, пайдалану, билік ету құқықтарын мысалдар арқылы көрсету.

<https://youtu.be/X9Igl2HIVoI> [12]

Тақырып: 9.2 Еңбек жағдайлары

Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі?

9.4.2.1 ҚР еңбек кодексінің баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау;

9.4.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.



Жағдаятты шешу

Еңбек жағдайларынан жұмыс пен демалыс уақыттарын негіздеу.

Жағдаятты шешу:

1.«Зауытта апат оқиғасы болады. Іс жүзінде барлық дерлік ұжым мерзімінен тыс жұмысқа тартылады. Кешкісін колледжде оқитын 17 жасар Н-ға ауысымнан кейін жұмыста қалуға талап қойылды. Сонымен бірге кадр бөлімінің маманы өздерінде Н-ның сабақ кестесі барын айтады. Бүгін сабақ жоқ, сондықтан ол мерзімнен тыс жұмыстан бас тартса, онікі заңсыз болады деп мәлімдеді. 17 жасар Н. туралы әкімшіліктің талабы орынды ма?»


<https://youtu.be/O2JofcxSarg> [13]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 77-78 беттер

Тақырып: 9.2 Некені қию және тоқтату жолдары

Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?

9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау



Білім алушылардың некеге тұру шарттарымен таныстыру үшін төмендегідей тапсырма берген дұрыс. Төменде сызбада көрсетілгендерді орындау.



ФС: Жағдаятты шешу

Жағдаятты шешу:

С. Алмалы аудандық сотына Т-мен арасындағы некені бұзу туралы талап қояды. Т. қылмыс жасағаны үшін 4 жылға бас бостандығынан айырылған. Сот Т-ның С-ға мүліктік талаптары болуы мүмкіндігін ескере отырып, некені бұзудан бас тартты. Егер осы істі қарау мүмкіндігі берілсе, қандай шешім шығаруға болар еді? Заңның баптарына сүйене отырып, жауапты негіздеу.

<https://youtu.be/JQSmGIkVci4> [14]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 88-89 беттер

№12. Тақырып: 9.2 Қылмыс ұғымы

Қандай әрекет қылмыс деп танылады?

9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату

Жұппен жұмыс.

Қылмыстық құқықты оқып-үйрену барысында «қылмыс деп тану» және «қылмыс деп танымау» түсініктері қолданылады. Мысалдар келтіру.

Неге кейбір қылмыстар үшін жауаптылық 14 жастан, ал басқалары үшін 16 жастан басталады?

https://youtu.be/1d_ZGaqI2MM [15]

<https://youtu.be/FFJhoLqIImM> [16]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 130-131 беттер

Тақырып: 9.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік

Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады?

9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау

Жағдаятты шешу.

ФС: *Жағдаятты шешу* арқылы азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілікті анықтау.

«Азамат Б. пәтерін жалға беретіндігі туралы газетке хабарландыру берген. Оның бір бөлмелі және екі бөлмелі пәтері болған. Хабарландыру бойынша оған азамат А. телефон шалды. Олар азамат Б. келісілген бағаға екі бөлмелі пәтерін жиһазымен беретін болып шарт жасасты. Одан кейін азамат Б-ға басқа қалада отбасымен ұзақ ыссапарда болып келген досы хабарласып, оның өтініші бойынша азамат Б. оған өзінің екі бөлмелі пәтерін береді. Оның орнына ол азамат А-ға бір бөлмелі пәтерге орналасуды ұсынған. Осы жайды заңға сай қалай шешуге болады?».

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 55-56 беттер

Тақырып: 9.3 Еңбекті қорғау

Еңбек даулары қалай шешіледі?

9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну

Ереже құрастыру

Жұмыс беруші жұмысшыға қандай еңбектің қолайлы жағдайын жасауы тиіс?

Ол үшін еңбек инспекциясы болып жұмыс беруші жұмысшыларға қандай қауіпсіз еңбек жағдайын жасаудың ережесін құрастыру.

Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?

9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау.

Кәмелетке толмағандар неше жастан бастап жұмыс істей алады?

Еңбек кодексінің 31-бабына сәйкес, еңбек келісімшарты 16 жасқа толған азаматтармен жасалады. Дегенмен еңбек келісімшартын 14-15 жастағы жасөспірімдер де жасасуға құқылы, алайда бұған қатысты бірнеше талап бар:

- негізгі орта және жалпы орта білім алып жатқан 15 жастағы жасөспірімдер оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін, оқу процесін бұзбайтын жерлерде жұмыс істей алады;
- 14 жасқа толған оқушылар кинематография ұйымдары, театр, концерт ұйымдары, циркте денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмейтін болса, жұмыс істей алады.

– 14-15 жастағы жасөспірімдер жұмысқа тұрған кезде еңбек шартына өзімен бірге заңды өкілінің біреуі қол қоюы тиіс.

Жасөспірімдер аптасына неше сағат жұмыс істей алады?

Еңбек кодексінің 69-бабына сәйкес:

- 14-15 жастағы азаматтар аптасына 24 сағат;
- 16-17 жастағы азаматтар аптасына 36 сағат жұмыс істей алады.

Мұнымен қатар, Еңбек кодексінің 26-бабының 2-тармағының бесінші тармақшасына сәйкес 18 жасқа толмаған жұмыскерлерді еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға орналастыруға жол берілмейді.

Жасөспірімдер зейнетақы қорына қалай жарна аударады?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының 24-бабының 6-тармағына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін табысқа салымшының жасына және мәртебесіне қарамастан ақшалай мәнде еңбекақы төлеудің барлық түрлері және өзге де кірістер енгізіледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарнасы аталған заңның 25-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, жарнаны есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыстың 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарнасын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Қандай жұмыстарды істеуге тыйым салынған?

18 жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығымен бекітілген.

Аталған тізімде денсаулыққа зиян және адам өмірі үшін аса қауіпті салалар мен жұмыстардың тізімі жазылған.

Мысалы, жасөспірімдерге атом электр станциялары, коксхимия өндірісі, цемент өндірісі, электр энергетикасы салаларында және сүңгуір, газшы, жанар-жағармай құюшы, құтқарушы болып жұмыс істеуге болмайды.

Жасөспірімдер қоғамдық жұмыстарды қалай істейді?

Қазір жастарды жұмыспен қамту үшін 2021-2025 жылдарға бағытталған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы жүзеге асып жатыр.

«ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңының 22-бабына сәйкес, студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары (16-18 жастағы) денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу

процесін бұзбайтын жұмыстарға оқудан бос уақытта қоғамдық жұмыстарға қатыса алады. Ұлттық жоба шеңберінде ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстар алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуді талап етпейді, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты және жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша олардың қаражаты шегінде қаржыландырылады», делінген министрлік жауабында.

Жалпы білім беретін мектептің 16-18 жастағы оқушысы немесе студент қоғамдық жұмыстарға қатысу үшін:

- өтініш;
- ата-анасы немесе заңды өкілдерінің бірінің жазбаша келісімін;
- білім беру ұйымының оқу процесінен тыс қоғамдық жұмыстарға қатысуға жазбаша келісімін өткізуі керек.

Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері жасөспірімдер өз бетінше жұмыс іздеу және жұмысқа орналасу үшін бос жұмыс орнына орналасуға конкурс жариялаған жұмыс берушіге тікелей жүгіне алатыны, сондай-ақ www.enbek.kz электрондық еңбек биржасында ұйымдар мен мекемелердің ұсынған бос лауазымдарын іздей алатынын еске салды.

<https://egemen.kz/article/334204-kameletke-tolmaghan-dqasospirimder-ganday-dqumys-istey-alady>

Ереже құрастыру.

[Кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдалану ережелерін құрастыру.](https://fb.watch/rQlNNnu9GT/)
[https://fb.watch/](https://fb.watch/rQlNNnu9GT/)

rQlNNnu9GT/ [17]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 75-76 беттер

Тақырып: 9.3 Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері

Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?

9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау

Презентация жасау

«Менің отбасымдағы құқықтарым мен міндеттерім» атты презентация жасау және оны қорғау.

Бала құқығы қалай қорғалады?

9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйеніп қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау

«Дөңгелек үстел» өткізу



Қазақстан Республикасының балалардың құқығын қорғау омбудсмені болып, «Бала құқығы-басты назарда» атты дөңгелек үстел ұйымдастыру. Төменде берілген сілтемелерге өтіп, Қазақстандағы балалардың құқығы және оны қалай қорғайтыны туралы мәліметтерді оқи отырып, балалардың басты құқықтарын талдау.

<https://bala-ombudsman.kz/kz/ombudsman/convention/>

<https://youtu.be/DaaluuBV-7I>

DaaluuBV-7I [18]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 97-98 беттер

Тақырып: 9.3 Әкімшілік жауапкершілік

Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?

9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау;

9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру

«Үш қадамнан тұратын сұхбат»

1. Сұрақ қояды;

2. Жауап береді;

3. Жауабын жазып, анализ береді.

Әкімшілік жауаптылықтың қандай нормативтік құқықтық актімен реттелетінін және негізі неден пайда болатынын зерттеу.

1. түсінік беру;

2. белгілерін атау;

3. дәптерге жазу.

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 117-118 беттер

Тақырып: 9.3 Қылмыстық жауапкершілік

Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?

9.7.3.1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау

Блум таксономиясы бойынша талдау



Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және оларға қолданылатын шаралардың бесеуін анықтау және сипаттау.
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37798209

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 141-142 беттер

Тақырып: Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектілері болып табылады
9.7.3.2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау

НҚА талдау



Сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін талдау.

«Жемқорлыққа жол жоқ!» онымен күресудің жолдарын ұсыну.

<https://youtu.be/U00-OsYsg20> [19]

<https://youtu.be/Sft1FVqB-1E> [20]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 145-146 беттер

Тақырып: 9.4 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам

Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде?

9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау

«Ойлан. Бірік. Бөліс»

Қазақтың ортағасыр мен жаңа замандағы атақты тұлғаларының «Құқықтық мемлекеттің» басты идеяларына жақын айтқан ойларын талдау.

Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?

9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын анықтау

Акция ұйымдастыру.

«Мен, болашақта үкіметтік емес ұйым немесе қоғамдық бірлестік» құру арқылы өз елімнің азаматтық қоғамына өз үлесімді қосамын» атты акция ұйымдастыру.

<https://youtu.be/50HQLoosKo8> [21]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 12-14 беттер

Тақырып: 9.4 Тұтынушылар құқығын қорғау

Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?

9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну
Талап арыз жазу. (Интернеттен талап арыз үлгісін алу)

Соттың атауы: _____

Талап қоюшы: Т.А.Ә., туған жылы _____, ЖСН _____
Тұрғылықты жері: _____ қаласы, _____ көшесі, ____үй, ____пәтер
ұялы байланыс нөмірі: _____
электрондық мекенжайы: _____

Жауапкер: Т.А.Ә., туған жылы _____, ЖСН _____
Тұрғылықты жері: _____ қаласы, _____ көшесі, ____үй, ____пәтер
ұялы байланыс нөмірі: _____
электрондық мекенжайы: _____
(талап қоюшыға жауапкердің ЖСН, ұялы байланысының абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы белгілі болған жағдайда)

Сатып алынған тауардың жарамсыздығы туралы
ТАЛАП ҚОЮ

3. Дау алдындағы фактілерді қысқаша, анық және түсінікті жазу:
_____ сәйкес

(«АаУ» МК» КЕАҚ мәліметтері бойынша)

_____ негізінде _____
(сатып алу-сату)

_____ мекенжайында орналасқан ...
(дүкеннің орналасқан жерін көрсету)

Дүкен иесі _____ болып табылады.
(Т.А.Ә.)

Қолы _____
Т.А.Ә. _____

Күні _____

Осы үлгіге қарай отырып, тұтынушы құқығының бұзылғаны туралы талап арыз құрастыру.

Рөлдік ойын ұйымдастыру.

Базарда, дүкенде және дәріханада сатып алу-сату көрінісін дайындау және ойнап шығу. Тұтынушылардың негізгі құқықтарын көрсету.

Талап арыз жазу.

<https://youtu.be/3HyuDzJMNuE> [22]

https://youtu.be/YXDe_8gfjmE [23]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 63-64 беттер

№21. Тақырып: 9.4 Еңбек шарты

Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады?

9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу

Еңбек шартының үлгісін қолдана отырып, құрастыру.

Еңбек шартының үлгісін құрастыру және оны талдау.

Еңбек шартының үлгісі

№ _____ Еңбек шарты

_____ қаласы

" ____ " _____ 20 ____ жыл

Осы еңбек шарты бір жағынан (*бұдан әрі – Шарт*) бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын _____ (*күні, айы, жылы*) _____ (*кім*) тіркеген, тіркеу нөмірі _____, мына мекен жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, _____ қ., БСН _____

" _____ " ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор _____ (*директордың Т.А.Ә.*) мен бұдан әрі "Жұмыскер" деп аталатын ЖСН _____, жеке куәлігінің № _____ жылғы " ____ "

_____, _____ берген, осы еңбек шартын жасау кезінде мына мекен жайда: _____ тұратын Қазақстан Республикасының азаматы _____ (*жұмыскердің Т.А.Ә.*) арасында жасалады, олар бірге айтылғанда «Тараптар» деп аталады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы шарт бойынша жұмыскер _____ лауазымы (*штаттық кестеге сәйкес лауазымның атауы*) бойынша сыйақы үшін жұмыстар атқарады және еңбек тәртіптемесін сақтайды, ал жұмыс беруші еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді және жұмыскерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек шартына сәйкес жалақыны дер кезінде және толық көлемде төлейді және өзге де төлемдерді жүзеге асырады.

1.2. Жұмыстың орындалатын жері мына мекен жайда _____ орналасқан « _____ » ЖШС-нің өндірістік аумағы (кеңсесі) болып табылады. Осы шарт бойынша жұмыскердің жұмыс орындауына байланысты Жұмыс беруші Жұмыскерді Жұмыс берушінің өндірістік және қызметтік тапсырмаларын орындауға қажетті уақытқа іссапарға жіберуге құқылы.

1.3. Жұмыскерді жұмысқа қабылдау осы Шарттың негізінде шығарылған Жұмыс беруші бұйрығымен ресімделеді.

1.4. Осы Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және _____ (*Шарт жасалатын мерзім көрсетіледі*) мерзім ішінде қолданыста болады.

1.5. Еңбек міндеттерін жүзеге асыру _____ (*күні, айы, жылы*) басталады.

1.6. Жұмыскерге ұзақтығы _____ ай болатын сынақ мерзімі белгіленеді

1.7. Осы шарт бойынша жұмыстың орындалуы қалыпты (зиянды, ерекше зиянды, қауіпті) еңбек жағдайларында жүзеге асырылады (*қажеттісі сызылады*)

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 79-80 беттер

Тақырып: 9.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы

Отбасының әлеуметтік мәні неде?

9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау

Жоба жасау

Отбасының қоғамдағы маңызын талдау

«Мінсіз отбасы» әлеуметтік жобасын жасау.


Жобаны жасау үшін, мына сілтемеге өтіп, мінсіз отбасының 10 ережесін құрастыру. <https://ernur.kz/psikhologiya/bakytty-otbasynyn-10-erezhesi>
<https://youtu.be/-9KgMmWUG3g> [25]

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 93-94 беттер

Тақырып: 9.4 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу

Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі мен маңызы неде?

9.6.3.1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру



Блум бойынша талдау.

Мен, әкімшілік құқықтық нормалар туралы білдім

Түсіндім

Қолдана аламын

Талдадым

Анализ жасай аламын

Баға бере аламын

Әкімшілік құқықтық нормалар не үшін қажет екенін көрсетеді.

Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу дегеннің не екенін талдайды.

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 124-126 беттер

Тақырып: 9.4 Жазалау мен гуманизм мәселесі

Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?

9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

«БББ» кестесін қолдану

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Қазақстанда рудың әдет-ғұрпын бұзған адамға қолданылған «*Қара найза*» жазасының қазіргі қолданыстағы жазадан айырмашылығын таба отырып, жаза түрлерінен гуманизм қағидасын анықтау.

Құқық негіздері, 9 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 152-154 беттер

10 сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Мемлекет және құқық. Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар

№1. Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны: Құқықтың негізгі белгілері мен функциясы

Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:

10.1.1.1 - құқық белгілерін қорытындылай отырып ұғымын түсіндіру;

10.1.1.2 - құқықтың функционалдық маңызын нақты мысалдар арқылы ашу.

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

«*ABC*» *әдісі* арқылы өткізу

«А»- сұрақ қояды;

«В»-жауап береді;

«С»-жауаптың дұрыстығын атап, анализ жасайды.

Функционалдық сауаттылықты негізделген тапсырмалар құру бойынша ұсынымдар, қолданылатын ресурстар сілтемесі.

Құқықтың белгілерін анықтау үшін жоғарыдағы кестені қолдана отырып, талдау.

Құқықтың функционалдық маңызын нақты мысалдар арқылы ашу (реттеушілік, қорғаушылық).

<https://www.google.com/url?sa=i&url=https%3A%2F%2Fdarystan.kz%2F%2F7031-quqyq-degenimiz-ne-dgane-ol-qoghamdyq-qatynastargha-qalay-aser-etedi&psig=AOvVaw2LWOxRXGfGI2dwbHC0Tx9z&ust=1708317250587000&source=images&cd=vfe&opi=89978449&ved=0CBQQjhxqFwoTCOCeuuqHtIQDFQAAAAAdAAAAABAE> [1]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 6-11 беттер

Тақырып: Құқық жүйесі. Мемлекет құқықтың ерекше субъектісі ретінде

10.1.1.3 - құқық жүйесі және оның негізгі элементтерін түсіндіру (құқық нормалары, сала, ішкі сала, құқықтық институт);

10.1.1.4 - мемлекетті құқық және құқықтық қатынастың негізгі субъектісі ретінде анықтау.

Сызба арқылы көрсету

Рулық қауым	Қазіргі мемлекет

--	--

Мемлекеттің рулық қауымнан өзгешелігін анықтау. Мемлекет белгілерін кесте арқылы көрсету. <https://on.kz/interested/memlekettin-basty-belgileri-qandai-39422/> [2]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 38-40 беттер

Бөлім Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам

Тақырып: Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері

10.1.2.1 - құқықтық мемлекеттің принциптерін айқындау;

10.1.2.2 - әлемдік тәжірибедегі құқықтық мемлекеттің мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету

Блум таксономиясы бойынша талдау



Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын талдау.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетті құру үшін жүріп өткен жолын көрсетіп, ол үшін БАҚ құралдарының материалдарын қолдану.

<https://egemen.kz/article/297862-quyqytyq-memlekettinh-basty-qaghidasyn-%E2%80%93-zanhgha-baghynu> [3]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 35-41 беттер

Тақырып: Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары

10.1.2.3 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату;

10.1.2.4 - азаматтық қоғамның мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету

Жіктеу жасау.

Партия	
Кәсіподақтар	
Қоғамдық бірлестіктер	
ҮЕҰ	
Мәдени бірлестіктер	

Азаматтық қоғам институттарын жіктеу және оның қоғамдағы рөлін көрсету (саяси партия, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, БАҚ, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйым, ұлттық мәдени бірлестіктер және т.б.).

<https://youtu.be/Chb-IwnWVUI>

Chb-IwnWVUI [4]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 41-44 беттер

ҰМЖ. Адам құқықтары түсінігі

Тақырып: Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері

10.1.3.1 - тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы ұғымдарын түсіндіру;

10.1.3.2 - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени);

10.1.3.3 - адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың маңыздылығын бағалау (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт).

БЛУМ бойынша талдау



Адам және азаматтың құқықтарын жіктеу.



Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы және тағы басқа маңызды халықаралық құжаттарды саралау. <https://erkindikqanaty.com/kz-human-rights> https://kk.wikipedia.org/wiki/Адам_құқықтары_мен_бостандықтары[5] Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 52-53 беттер

ҰМЖ. Сот төрелігінің принциптері. Құқық қорғау органдары

Тақырып: Сот төрелігінің принциптері

10.1.4.1 - сот төрелігінің принциптерін нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру

Мысалдар келтіру.

Бейнематериалды қолдана отырып, сот төрелігінің қалай жүзеге асырылатынына нақты мысалдар келтіру. <https://youtu.be/V5RaFFaZyCA> [6]

<https://youtu.be/T-DTiOsu250> .

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 56-58 беттер

Тақырып: Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары

10.1.4.2 - Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау.

Жіктеу мен сипаттау.

ҚР құқық қорғау органдарын жіктеу және олардың қызметін қысқаша сипаттау.



Жобалық-зерттеу жұмысы. Жоба әдісі. Мемлекет және құқық формаларының эволюциясы.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B%D2%9B%D0%BE%D1%80%D2%93%D0%B0%D1%83%D0%BE%D1%80%D0%B3%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%80%D1%8B>

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 59-61 беттер

Бөлім Жария құқық. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі

Тақырып: Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институттары

10.2.1.1 - Конституциялық құқық институт тарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру;

10.2.1.2 - Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар).

Берілген мысалдардың қай әдіс-тәсілге жататынын анықтау.

1. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу міндеті;

2. Республика азаматын Қазақстаннан тысқары жерлерге қуғындауға жол берілмейді;

3. Әркім өзінің ана тілін, мәдениетін пайдалануға, қолдануға құқығы бар;

4. ҚР Конституцияға сәйкес адамдардың құқықтары мен еркіндіктері танылады және оған кепілдік беріледі.

Конституциялық құқық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістер мен тәсілдер арқылы реттейді:

Міндеттеу әдісі/МӘ

Тыйым салу әдісі/ТСӘ

Тану әдісі/ТӨ

Рұқсат беру әдісі/РБӨ

Әкімшілік құқық жүйесі

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 72-76 беттер

Тақырып: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуі

10.2.2.1 - мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелу ерекшеліктерін графикалық сызба құру арқылы түсіндіру.

1-тапсырма. Қажетті сөздерді орнына қойып орындау:

Қажетті сөздер: мәселелерімен, мемлекеттік басқару, мемлекеттік органдар, құқықтың, тәртіп, атқарушы,

Әкімшілік құқық-ҚР құқық жүйесіндегі _____ іргелі салаларының бірі. Әкімшілік құқық _____ саласы мен қоғамдық _____ саласын реттеп отырады. Әкімшілік құқық _____ биліктің қызметімен және ұйымдастыру _____ тығыз байланысты. Атқарушы билік арнайы _____ арқылы жүзеге асады.


2-тапсырма. Сәйкесін табу. Атқарушы биліктің функциялары. Мемлекеттік басқару

1.Мемлекеттік басқару	А	Мемлекет атынан көпшілік жаза тағайындап, соттан тыс таластарды шешеді
2.Ереже шығару қызметі	В	Жоспарлау, болжау, ұйымдастыру, реттеу, орындау, есепке алу, бақылау
3.Қоғамдық қауіпсіздік	С	Қоғамдық тәртіпті қорғау
4. Юрисдикциялық функция	Д	Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді
5. Құқық қорғау функциясы	Е	Белгілі бір мінез-құлық ережелерін, заңғаи сәйкес актілер қабылдау

3-тапсырма. Сызбаны талдау.



Графикалық сызба әдісі
Мемлекеттік басқарудың екі түрін көрсету:



Білім алушы өзі тұратын жердегі әкімшіліктің қызметін сипаттап береді. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдарды сипаттайды. Өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша сұрақтар құрастырады. [9]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 96-98 беттер

Бөлім. Экологиялық құқық негіздері

Тақырып: Экологиялық құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны

10.2.3.1 - экологиялық құқықтың құқықтық реттеу ұғымын және нысанын түсіндіру;

10.2.3.2 - экологиялық кодекс негізінде өзекті экологиялық проблемаларды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну.

«Экологиялық десант»

Өзен, көлдер, бұлақтар немесе жақын жердегі орман аумағын тазарту жөнінде өткізу.

«Ең таза жер телімі», «Ең үлкен қоқыс жиынтығы», «Ең белсенді...», «Көгілдір аймақ» тақырыбына номинация немесе марапаттау ұйымдастыру.

Қоқыс салатын қапшықтар әзірлеу.

Жергілікті билік органдарымен қоқысты төгетін көлік мәселесімен келісу. Бұл шара өткізілген жерде кім жұмыс істеді және қандай мақсат көздегені туралы плакат немесе флипчарт жазып қалдыру.

«Экологиялық десант» <http://sc0004.atbasar.aqmoedu.kz/news/open/id-4465179> [10]

Өзен, көлдер, бұлақтар немесе жақын жердегі орман аумағын тазарту жөнінде өткізу.

«Ең таза жер телімі», «Ең үлкен қоқыс жиынтығы», «Ең белсенді...», «Көгілдір аймақ» тақырыбына номинация немесе марапаттау ұйымдастыру.

Қоқыс салатын қапшықтар әзірлеу.



Жергілікті билік органдарымен қоқысты төгетін көлік мәселесімен келісу. Бұл шара өткізілген жерде кім жұмыс істеді және қандай мақсат көздегені туралы плакат немесе флипчарт жазып қалдыру. <https://egemen.kz/article/200454-qoqys-dginau-qashan-retteledi> [11]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 101-104 беттер

ҰМЖ. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі

Тақырып: Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер.

10.2.5.1 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық-саяси және құқықтық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру;

10.2.5.2 - нақты жағдаяттарды талдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның негізгі ережелерін пайдалану.

Блум бойынша талдау



ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің қызметін анықтау.

<https://youtu.be/2l9bkbzWJys>

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің баламалы жолдарын талдау.

https://youtu.be/Mu2H_bg0eBU

Бөлім. Жеке құқық. Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары

Тақырып: Азаматтық құқықтың принциптері мен субъектілері

10.3.1.1 - Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының қайнар көздерін түсіндіру (Азаматтық кодексі, заңдар, заңға тәуелді актілер, Азаматтық кодексін толықтыратын және нақтылайтын ережелер);

10.3.1.2 - азаматтық құқық принциптерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру;

10.3.1.3 - азаматтық құқық субъектілерін анықтау.

Азаматтық құқықтың қайнар көздерін нақтылау.



Талдау ұсынылады.

Азаматтық құқықтық қатынас субъектілерін анықтау:

Азамат-азамат;

Азамат-мемлекет;

Заңды тұлғалар-заңды тұлғалар;

Заңды тұлғалар- азаматтар <https://www.youtube.com/watch?v=7YAlacnT190>

Тақырып: Азаматтық құқықтың объектілері

10.3.1.4 - азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажырата білу;

10.3.1.5 - нақты мысал негізінде жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктерін анықтау

Топпен жұмыс.

Мүліктік қатынастарды түсіндіру.

Жеке мүліктік емес қатынастарды сипаттау.

Өмірден мысалдар келтіру. Топпен жұмыс.

Мүліктік қатынастарды түсіндіру.

Жеке мүліктік емес қатынастарды сипаттау.

Өмірден мысалдар келтіру.

Нормативтік құқықтық акт бойынша білім алушы өзінің фамилиясын, әкесінің атын, өз есімін қалай алатынын түсіндіреді.

Адамдар атын, әкесінің атын және тегін қалауына қарай ауыстыра беруіне болмайды. Ауыстыруға негіз болатын себептер "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодекстің 257-бабымен айқындалған. Олар:

Атының, әкесінің атының, тегінің оғаш естілуі;

Атының, әкесінің атының, тегінің айтуға қиындық келтіруі;

Егер некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тектерінде қалса, жұбайымен ортақ текте болғысы келген жұбайдың тілегі;

Егер неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезде бұл туралы мәлімделмесе, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;

Бұрынғы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған балаларымен ортақ текте болғысы келуі;

Жұбайы қайтыс болған жағдайда некеге дейінгі тегін алғысы келуі;

Жұбайы қайтыс болған жағдайда өтініш беруші некеге дейінгі тегінде болғанда, балаларымен ортақ текте болғысы келуі;

Өтініш беруші таңдаған ата-аналарының бірінің ұлтына (ата-аналарының ұлты әртүрлі болған кезде) сәйкес келетін атты және (немесе) текті алғысы келуі;

Құжаттардағы атынан өзгеше, өмірде нақты қалыптасқан атын алғысы келуі;

Егер некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде жұбайының тегі қабылданса, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;

Ұлттық дәстүрлерге байланысты әкесінің немесе атасының аты бойынша текте болғысы келуі;

Өтініш берушіні іс жүзінде тәрбиелеген адамның тегі мен аты бойынша текті және (немесе) әкесінің атын алғысы келуі;

Жынысын хирургиялық жолмен өзгерткен кезде таңдаған жынысқа сәйкес келетін атты, әкесінің атын, текті алғысы келуі кезінде жүргізіледі.

<https://informburo.kz/kaz/tek-auystyrudy-trtb-anday.html>

Азамат қалай фамилиясын ауыстыра алады?

Фамилиясын өзгертуге ниеттенген адам тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына барып өтініш жаза алады. Өтінішпен бірге өткізетін құжаттар тізімі төмендегідей:

Туу туралы куәлік;

Неке туралы куәлік (егер өтініш беруші некеде тұрса);

Баланың туу туралы куәліктері (егер өтініш берушінің кәмелетке толмаған балалары болса);

Бала асырап алу туралы куәлік не әке болуды анықтау туралы куәлік (егер оларды тіркеуші органдар тіркеген болса);

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік (егер өтініш беруші некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуда байланысты өзіне некеге дейінгі тегін беру туралы өтініш жасаса);

3x4 екі сурет;

Мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат (баж сомасы - 2 АЕК);

Қызметті алушы атын, әкесінің атын және тегін ауыстыруының себебін растайтын қосымша құжат.

<https://informburo.kz/kaz/tek-auystyrudy-trtb-anday.html>

Фамилия ауыстырудың тәртібі қандай?

Өтініш қабылданған уақыттан бастап 1 ай мерзім ішінде қаралады. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексіне сәйкес, қазақстандықтар тегін бірнеше мәрте ауыстыра алады. Ал есімін тек бір рет қана өзгерту құқығына ие.

Тек ауысқан соң барлық құжатты ауыстыру міндеттелмейді. Мәселен, диплом, аттестат секілді білім туралы құжаттармен қатар тек, есім, әкесінің аты ауысқаны туралы куәлікті немесе неке туралы куәлікті көрсету жеткілікті. Дегенмен, міндетті түрде ауыстыру қажет құжаттар да бар. Олар:

Жеке куәлік;

Паспорт;

Жүргізуші куәлігі;

Зейнетақы келісімшарты.

Бұл құжаттар тек ауысқан соң 30 күн ішінде өзгертілуі керек. Бұл мерзім ішінде жасалмаған жағдайда азаматтар 5 АЕК көлемінде айыппұл төлейді.

<https://informburo.kz/kaz/tek-auystyrudy-trtb-anday.html>

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 150-161 беттер

Тақырып: Мәміле түсінігі және оның түрлері

10.3.1.6 - құқықтық жағдаят мысалында мәміле ұғымын және оның түрлерін түсіндіру



Мысалдар келтіру. <https://aqmeshit-aptalygy.kz/quqyg/maemileni-zharamsyz-dep-tanw-zhaene-onyng-saldary-31297/> [18]

1. Мәміле-әрекет...

2. Мәмілені жасау...

3. Мәміле-заң фактісі...

4. Мәміле-арнайы нәтиже...

Көп нүктелердің орнына тиісті мысалдарын келтіру.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%BC%D1%96%D0%B%D0%B5> [19]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 161-162 беттер

Тақырып: Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы

10.3.1.7 - мысалдар келтіре отырып, меншік құқығы ұғымын және оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру;

10.3.1.8 - құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, меншік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру

Жағдаятты шешу:

О-ның фермерлік қожалығына бір сиыр қосылып кетеді. Сиырды асырай алмаған соң, фермер оны сойып алып, етін базарға сатып, терісін тері зауытында тері бұйымдарына ауыстырып алады. Екі айдан соң сиырдың иесі табылды. Мал иесі кімге және қандай талаптар қоя алады?

Қазақтың әдет-ғұрып заңында жерге жеке меншік құқығы болған жоқ. Жеке меншікте тек мал мен мүлік болды. Меншік құқығын бекіту үшін малдың құлағына ен салатын. Ойды негіздеу.

Қазақтың өткен тарихында заттық құқықтар болған, соларды тауып талдандар.

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 176-180 беттер

Тақырып: Міндеттемелік құқық

10.3.1.9 - заң терминдерін пайдаланып, міндеттемелік құқықтың мәнін ашу;

10.3.1.10 - міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін құқықтық жағдаятты талдай отырып анықтау

Блум бойынша талдау



Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 506, 508, 511-баптарының негізінде жағдаяттар құрастыру.

<https://youtu.be/Gi8OKQGk8Uc>

[20]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 185-187 беттер

Тұтынушылар құқығы туралы заңнама

Тақырып: Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарының заңды түрде бекітілуі

10.3.2.1 - Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау;

10.3.2.2 - заң терминдерін пайдалана отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын нақты жағдаяттық мысалдармен (казустармен) түсіндіру

Казус шешу.

Л.18 жасқа толған күні әкесі қымбат телефонға ақша береді. Л.үйдің қасындағы телефон сататын дүкеннен, бағасы қолайлы болғасын, нұсқау қытай тілінде болса да, үйде қараймын деп телефонды сатып алады. Бірақ кепілдік талонына мөр бастыруды ұмытып кетеді. Үйде телефонның жұмыс істемейтіндігін, тіпті қақпағына сызат түскенін көрді. Л. келесі күні телефонды ауыстыруға барса, дүкенде сатылған тауарлар ауыстыруға жатпайды деп, ал сонымен бірге кепілдік талоны да жоқ екенін айтады.

Л. Қандай қателіктер жасады. Қандай кеңес беруге болады? Сатушы қандай заң бұзушылықтарын жасады? Сатып алушы не істеуі керек?

Талап арыз үлгісін қолдана отырып, казусты шешу.

Талап арыз үлгісін пайдалана отырып, өз арызын құрастыру.

[https://youtu.be/](https://youtu.be/UrbRpcEwdTw)

UrbRpcEwdTw [21]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 180-181 беттер

Отбасы құқығы жүйесі

Тақырып: Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі

10.3.3.2 - Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру;

10.3.3.3 - әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу

Отбасында кездесетін ажырасудың құқықтық салдарын талдау.

«ПТМС» формуласы бойынша талдау

ПТМС формуласы:

Позиция (мен солай ойлаймын,...)

Түсіндіру (... себебі,...)

Мысал (мен мұны мынандай мысалдар арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын...)

Қазақ халқында отбасын сақтап қалуға қатысты қандай дәстүрлер бар, соны талдау.

АХАТ органдары арқылы некені тоқтату қандай жағдайларда жүзеге асады?

[https://fb.watch/](https://fb.watch/pQRs655bXk/)

pQRs655bXk/ [22]

Құқық негіздері, 10 сынып, А, «Мектеп», 2019 ж. 204-206 беттер

4-тоқсан

ҰМЖ.Іс жүргізу құқығының негіздері. Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту олардың білім алуында және қазіргі өмірге дайындығында шешуші рөл атқарады. Бүгінгі оқыту ортасы нақты білімді меңгеруді ғана емес, сонымен қатар тез өзгертін жағдайларға сәтті бейімделу үшін қажет талдау, сыни ойлау, дәлелдеу және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуды талап етеді.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың әдістемелік тәсілі оқу қызметін жандандыруға және өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған оқытудың әртүрлі стратегиялары мен әдістерін пайдалануды көздейді. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша білім алушыларға өткені мен бүгіні туралы білім беріп қана қоймай, болашаққа табысты бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуы маңызды болып табылады.

Қазіргі білім берудің мақсаты қоғамда жайлы оқыту мен табысты бейімделуді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың бейімделу әлеуетін арттыру болып табылады. Білім беру стратегияларын жаңартудың негізгі бағыттары педагогикалық дүниетанымды жаһандық қайта құруды және білім алушыларда өзгермелі шындыққа сәтті бейімделу үшін қажетті функционалдық дағдыларды белсенді қалыптастыруды қамтиды.

Тарих және құқық сияқты оқу пәндерінің контекстінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ерекше маңызды. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын табысты қалыптастыру үшін ақпаратты табу, алу, мәтін мазмұнын түсіну және бағалау, сондай-ақ ақпаратты интеграциялау және түсіндіру сияқты негізгі ойлау процестері шеңберінде оқу қызметін жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыру қажет. Осылайша, функционалдық сауаттылықты дамыту білім алушыларды қазіргі ақпараттық қоғамда табысты бейімделуге дайындауды және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы білім берудің негізгі аспектісі болып табылады.

Әдістемелік ұсыныстарды әзірлеудің мақсаты білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін әзірлеу болып табылады. Бұл тұрғыда мұғалімдерге білім алушылармен тиімді жұмыс істеу үшін құралдар мен ресурстарды, соның ішінде тапсырмаларды, әдістемелік материалдарды әзірлеуді және оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды қамтамасыз ету маңызды.

Әдістемелік ұсыныс заманауи білім беру қағидаттарына негізделген және пән мұғалімдеріне оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қойылған білім беру мақсаттарына қол жеткізуге көмектесуге арналған. Білім беру мазмұны қазіргі қоғамның динамикалық сұраныстарына бейімделіп, академиялық және практикалық бағыт арасында теңдестірілген болуы керек. Сондай-ақ білім берудің әртүрлі деңгейлері арасындағы білім беру процесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын

қамтамасыз ету маңызды. Бұл әдістемелік ұсыныс қазіргі әлемде табысты өмір сүруге және өмір жағдайына бейім дайын функционалдық сауатты тұлғаларды қалыптастыруға ықпал ете отырып, оқу пәндері оқу, жобалау және зерттеу қызметімен кіріктірілетін оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың бірыңғай жүйесін құруға бағытталған.

Әзірленген сабақтардың ұсынылған үлгілері білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жандандырудың, проблемаларды креативті шешу қабілетін қалыптастырудың, белгілі бір мәселеде нәтижелерге қол жеткізудің ең тиімді жолдарын анықтау қабілеттерін қалыптастырудың әртүрлі әдістерін қамтиды. Тарих пәндері мен құқық негіздерін оқыту кезінде білім алушылардың мұғалімнің білікті педагогикалық басшылығымен бағдарламалық материалды өз бетінше меңгеруде, зерттелетін объекті (оқиғаның, елдің және т.б.) бойынша жүйелі көзқарасын қалыптастыру мақсатында әртүрлі пәндер бойынша бағдарламалық материалды интеграциялау процесі басым болуы тиіс. Білім алушының зерделенген оқу материалын сауатты түрде жеткізе білу қабілеті де маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда пән мұғалімдеріне тілдік пәндер мұғалімдерімен монологиялық сөйлеуді дамыту әдістерін, сөйлеуде шешілетін мәселенің негізгі идеяларын өзектендіру әдістерін және логикаға, сөйлеудің мәнерлілігін және т. б. қолдану бойынша белсенді ынтымақтастық жасау ұсынылады.

Функционалдық сауаттылық критериалды жүйе бойынша бағалануы керек. Осы мақсатта мұғалімдерге бағалаудың бірінші деңгейі репродуктивті және өнімді пәндік дағдыларды қамтитын қарапайымнан күрделіге дейінгі принципті жүзеге асыру маңызды. Соның негізінде (мысалы, сөйлеудің мазмұнын да, сөйлеудің дұрыстығы мен мәнерлілігін де ескеретін тарихи тұлға ретінде көпшілік алдында шешен сөйлеу түрінде); ғалым-тарихшыдан ағылшын тілінде сөйлеуді талап ететін халықаралық конференциядағы ғылыми сөзі түрінде) метапәндік қабілеттерді интеграцияланған бағалау ұсынылады.

Функционалдық сауаттылық оқытудағы жеке көзқарасты да қамтиды. Мұғалім білім алушылардың белгілі бір бейімділігін анықтай отырып, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында бір немесе басқа компонентке баса назар аудара алады (коммуникативті қабілет, математикалық есептеулерге қабілеттілік, күрделі оқу мәтінін өңдеу және слайдтарда ұсыну қабілеті, белгілі бір бағдарламалау әдістерінің көмегімен әртүрлі тақырыптардың типтік материалдарын жүйелеу мүмкіндігі, дизайн өнеріне бейімділік және т. б.). Жалпы, әр түрлі пәндер бойынша барлық сабақтарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі өмірдің кез-келген қиындықтарына дайын болатын сұхбаттасушының қалыптасқан тұлғасында көрінеді.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарындағы тарих және құқық пәні мұғалімдері үшін, сондай-ақ білім басқармалары мен әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері үшін құнды ресурс болып табылады. Олар сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және білім алушыларды алған білімді өмірде қолдана білуге дайындауға бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. //3-бап. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199, 31.10.2023 № 328 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
4. Методика профессионального ориентирования школьников в условиях информатизации образования [Текст] : монография / О. З. Имангожина ; Рос. акад. естествознания, Издат. дом Акад. естествознания ; Нац. акад. образования им. И. Алтынсарина... – Москва : Изд. дом Академии естествознания, 2015. 5-стр.
5. Перминова Л. М. Минимальное поле функциональной грамотности // Педагогика. 1999. № 2. С. 26-29.
6. Педагогика здравого смысла: сб. материалов / под науч. ред. А. А. Леонтьева. М.: Баласс: Изд. дом РАО, 2003, 368 с. 4, с. 35).
7. Street, B. V. (2009). Literacy in theory and practice. Cambridge: Cambridge University Press.
8. Гореев А.М. Психологические аспекты формирования функциональной: что должен знать учитель? // Наука и школа. 2021. № 3. с. 132-133. URL: грамотности <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-aspekty-formirovaniya-funktsionalnoy-gramotnosti-chto-dolzhen-znat-uchitel> (дата обращения: 15.02.2024).
9. Нурмуратова К.А. Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности в современных условиях. Научный журнал «Педагогическая наука и практика» – Филиал акционерного общества «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Костанайской области», 2019.
10. Ермоленко, В. А. Развитие функциональной грамотности обучающегося: теоретический аспект /В. А. Ермоленко // Пространство и Время : альманах. - 2015. - Том 8. - Выпуск 1. 10-стр. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-funktsionalnoy-gramotnosti-obuchayuschegosya-teoreticheskiy-aspekt/viewer> (дата обращения: 19.02.2024)
11. Technical report by the Bureau of the United Nations Statistical Commission (UNSC) on the process of the development of an indicator framework for the goals and targets of the post-2015 development agenda (Working draft). 19 Mar.

2015.

URL:

<https://sustainabledevelopment.un.org/index.php?page=view&type=111&nr=6754&menu=35> (дата обращения: 25.01.2024).].

12. Борщевская А. Функциональная грамотность в контексте современного этапа развития образования // Наука и школа. 2021. № 1. С. 205. DOI: 10.31862/1819-463X- 2021-1-199-208

13. Новые направления в системе оценки качества образования / Г. С. Ковалева. М., 2016. URL: <http://rusacademedu.ru/wp-content/uploads/2016/11/kovaleva.pdf> (дата обращения: 26.02. 2024).

14. Педагогика здравого смысла: сб. материалов / под науч. ред. А. А. Леонтьева. М.: Баласс: Изд. дом РАО, 2003, 368 с. 4, с. 35).

15. Борисова, Е. Н. (2014). Развитие функциональной грамотности обучающихся на уроках истории. История в школе, (9), 56-60.

16. Кузнецова, Е. А. (2018). Развитие функциональной грамотности учащихся на уроках истории в процессе проектной деятельности. История в школе, (2), 57-61.\

17. Войченко Е.Д. Формирование функциональной грамотности на уроках истории // Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 12 (57) Т.1 декабрь 2022 г. <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-funktsionalnoy-gramotnosti-na-urokah-istorii/viewer> 15.02.2024 г.

18. Колесова, О. В. Развитие информационной грамотности младших школьников на уроках литературного чтения / О. В. Колесова // Нижегородское образование. - 2015. - № 1. - С. 64 68.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		3
1	«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың әдістемелік ерекшеліктері	7
2	«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар	22
	Қорытынды	198
	Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	200